бүкіл діни санасына тереңдей еніп, оның мәдениеті мен өнерін қалыптастыруда айрықша рөл атқарды. Египеттіктер табиғаттың жыл сайын жаңаратындығын аңғарған, өйткені Ніл өзені тасығанда жерлерді құнарландырады, сөйтіп төңірекке өмір мен береке туғызады, ал тартылғанда құрғақшылық келеді, бірақ бұл ажал емес, өйткені — одан кейін де жыл сайын Ніл қайтадан тасып отырады. Табиғатта болып жатқан осы сияқты құбылыстардың негізінде «өлген адам тіріледі» деген діни ілім пайда болды. Бұл ілім діни және мәдени салада ғана емес, сонымен қатар саяси, экономикалық, саяси өмірде де үлкен роль атқарады. Тереңірек ойлап қарасақ, бұл ілімнің өмірге келуі ажалға деген табанды қарсылықтан туған. Жыл сайын буырқанып таситын Ніл өзені сияқты адам жаны да денеге қайтып оралады деген діни түсінік адамдар санасында берік орнықты. Олар қабірді адамның уақытша баспанасы деп санады. Ендігі жерде мәңгілік өмірді қамтамасыз ету мәселесі тұрды. Ол үшін адамның денесін сақтап, тірлікте оған қажет болғанның бәрімен қабірде де қамтамасыз ету керек, демек денені бальзамдап, оны мумияға айналдыру, не болмаса өлген адамның денесіне ұқсас етіп, оның мүсінін жасау қажеттігі туды. Сондықтан да, ежелгі Египетте мүсіншіні «санх», ягни «өмірді жасаушы» деп атады. Мүсіншілер өлген адамның бейнесін жасауды тіршілікті қайта жандандыру деп санап, бұл кәсіптерін ерекше мақтан етті. Шындығында да, өнердің бұл саласы адамдар түсінігінде сиқырлы күшке айналды. Аруаққа табыну, суретші санасына «егер дене сақталса немесе толық бейнеленсе, өлген адамның жаны оған қайтып оралады» деген түсінікті сіңірді. Өмірдің табиғи ағысин бұзушылық болып көрінген ажалды тоқтатып, жеңіп шығуға болады деген құштарлық, өлімді жеңуге болады деген үміт оты аруаққа табынуды туғызып, ежелгі Египет өнерінің барлық салаларына өз таңбасын салды. Адамдар санасында қалыптасқан аруаққа табыну — перғауындарды «құдай» деп танумен тығыз ұштасты. Ал құдай — патшалардың (перғауындардың) құрметіне пирамидалар (мазарлар) салына бастады. Өз кезегінде Египеттің жоғары әміршісі — құдай саналған перғауын өзінің құрметіне салынған мазардың әрі асқақ, әрі берік етіп салынуына ерекше мән берді. Сәнсалтанатпен салынатын мұндай пирамидалар қыруар қаржыны гана емес, ұзаққа созылған ауыр да, азапты еңбекті қажет етті. Осы бір азапты еңбек қасіретті өмір Египет құлдарының үлесіне тиген болатын. Пирамидалар перғауындар мен ең атақты адамдар үшін ғана салындЕі. Египет абыздарының қағидаларына сүйенсек, патша лар мен вельможаларға ғана емес, кез келген адам жерлеуге байланысты бүкіл салт-жоралар толық орындалған жағдайда мәңгілік өмірлік күш-«Ка-ға» (мәңгілік өмір) ие болады. Бірақ қаржыны көп қажет ететіндіктен кедей адамдардың денелері бальзамдалмады, оларды матаға орап, көпшілік зираттарының шетіне көме салды. Демек, пирамидалардың салынуы — көне Египет қоғамындаты адамдар арасындағы шектен тыс теңсіздіктің кеңінен орын алғандығын байқатады. Біздің заманымыздан бұрынғы III—II ғ. құдай — патшаларға арналған құрылыстар — пирамидалар мен храмдар негізінен тастан жасалды.

Пирамидалар салу мемлекеттің экономикасын әлсіретіп, қазынаны тауысты, әсіресе халық тарапынан көп шығын мен жұмыс күшін қажет етті. Сондықтан да, пирамидалар салу — халық қайыршылығының басты себепкері болды. Ал егер пирамидалар салуға жұмсалған қыруар қаржы мен египет халқының табанды еңбегін халық игілігіне жұмсағанда (жолдар салғанда және тағы басқалары) Египет сөзсіз экономикасы жоғары дамыған өркениетті елге айналған болар еді деген ой еріксіз келеді. «Құдіретті құдай» — фараондардың о дүниеге барғанда жанға сая, басқа баспана болатын мәңгілік ғұмырдағы үйлері — пирамидалар көргенді де, көрмегенді де таң қалдыратын дәуір ескерткіштері, «әлемнің жеті кереметі» аталған өнер туындыларының бірінен сана лады. Ерекше атап өтетін бір жай, Египет сәулетшілері өз есімдерін өздері жасаған ескерткіштерге тасқа қашап жазған, демек олар өз еңбегінің наркын түсіне білген, сондықтан да өз даңқын шығаруға, оны болашақ ұрпаққа мұра етуге арланбаған. Дұрыс та, әділ шешім, өйткені ежелгі заманды былай қойғанда, осыдан небәрі бірнеше ғасыр бұрын ғана салынған феодалдық Еуропаның соборлары мен сарайларын, шіркеулері мен князь үйлерін және тағы да басқа тамаша ғимараттарды салған сәулетшілердің есімдері ілуде бірі болмаса, көпшілігі осы уақытқа дейін белгісіз күйінде қалды. Ал, бүгінгі ұрпақ осыдан бес мың жылдай бұрын тұрғызылған Египеттің ең көне пирамидасы — перғауын Джосердің пирамидасын жасаушының аты-жөнін білуі — осы ащы шындықтың айғағы болса керек. Оның сөулетшісі — Имхотептің ғалымдық, дәрігерлік, философиялық еңбектері өз заманында аса жоғары бағаланған. Ол сонымен қатар ұрпақтар есінде ұлы балгер, сиқыршы ретінде де қалған, өйткені ғылым дамуының сонау бастауы кезеңінде ғұмыр кешкен ғалымдардың өмірі міндетті түрде балгерлікпен астасып жатқан. Имхотеп тіптен екі рет құдай деп танылған. Арада екі жарым мың жыл өткенде гректер оған «медицинаның құдайы» ретінде табынған. Оның мүсіні, сірә, ғалымдарға орнатылған алғашқы мүсін болуы да ғажап емес. Оның мүсіндері сақталынбаған, бірақ Мемфисте Имхотептің құрметіне орнатылған ғибадатхана бар.

Джосер пирамидасы көп сатылы құрылыс, ол ұзыннан-ұзақ басқыш тәрізді аспанға өрлей береді. Бұл пирамиданың биіктігі — 60 м. болса, одан кейінгі салынған пирамидалар одан да биік, одан да аумақты. «Сонда осындай алып құрылыстарды салу неге қажет болды екен?» — деген ойға еріксіз келесің. Біздің ойымызша, жиналған байлықты қоғам өзінің билеп-төстеушілері арқылы аспан мен жер үстіндегі өктемдігін жүзеге асыру ісіне жұмсаудан басқа амал таппады. Сонымен бірге жұмыр басты пенденің ой-қиялын өзіне табындырып қою үшін тірі құдай — перғауын о дүниеден тыныш орын алмақ та болған шығар. Басқаны былай қойғавда, пирамидалардың өте биік етіп салынуы — өзін құдаймен қатар қойған тәкаппар да, мансапқор перғауынның қарапайым халықтан артықшылығын көрсету мақсатынан да туған сияқты. Әйтеуір, қалай болғанда да Египет (Мысыр) мәдениетінің бастауында салынған бұл пирамидалар өз еліндегі

ғана емес, бүкіл дүние жүзіндегі ең құдіретті ғимарат болып қала береді. Адамзат баласын таң қалдырған талай мәдени мұралар күлге айналып, гүлденген қалалар жермен-жексен болды, мейірімсіз де қатал уақытгың сынына шыдай алмаған кереметтер («Әлемнің жеті кереметі») бірінен соң бірі жоғала бастады. Ал бүгінгі күнге кереметтердің ең көнесі осы Мысыр пирамидалары ғана жетіп отыр, ендеше көне тарихтың куәгері болған бұл тамаша гимараттар әлі де талай ұрпақтардың қызықтай берер аса құнды мәдени ескерткіші ретінде қала бермек. Біздің заманымыздан бұрынғы бір мың жылдықтың басына қарай пирамидалар салынуы тоқтатылды. Пирамидалар ендігі жерде тастан емес, шикі кесектен тұрғызыла бастады, ал мұның өзі бұрынғыщай қымбатқа түспейтін болды. Перғауын бұрынғысынша құдай саналғандықтан олардың құрметіне сансыз мүсіндер орнатыла бастады, демек перғауындарға құдай есебінде табыну көне Египеттің діни наным-сенімдерінде басты орын алды. Египетте құдайлар өте көп болған, тіпті әрбір қаланың бірнеше құдайы болған. Ең құдіретті құдай, яғни құдайлардың құдайы — Күн құдайы «Ра» болды. Одан кейінгі басты орынға — өлім құдайы «Осирис» шықты. Египеттіктер өздері о дүниеге аттанғаннан кейін Оси-рис жер асты патшалығының құдайы болатындығына кәміл сенген. Құнарлы жер мен аналықтың құдайы Осиристің әрі қарындасы, әрі әйелі — Исида болды. Ай құдайы екінші жағынан жазу құдайы да болып саналса, ал Маат — шындық пен тәртіптің құдайына айналды. Көне Египетте кеңінен орын алған мұндай көп құдайға табынушылық мемлекетті орталықтандыру ісіне нұқсан келтіріп, басқарушы өкіметті одан әрі әлсірете түсті, тіпті мұндай жағдайда басып алған тайпаларды бағыныштылықта ұстаудың өзі қиындыққа соқты. Міне, осындай сындарлы кезеңде тарих сахнасына діни реформатор перғауын Аменхотеп (біздің заманымыздан бұрынғы 1419—1400 жылы аралығында билік жүргізген) шықты. Оның басты мақсаты — бір құдайға табынуды жүзеге асыру болды, сөйтіп адамзат тарихында тұңғыш рет көп құдайға табынушылықтан бір құдайға табынушылыққа көшуге маңызды қадам жасалды. Ол жаңа мемлекеттік діни наным-сенім енгізіп, жалғыз құдай «Атоя» деген ат берілген Күн шарын жариялады. Осы күннен бастап көп құдайға табынушылық жойылып, осыған байланысты олардың ғибадатханалары жабылып, олардың иелігіндегі дүниемүліктер төркіленді. Бұл шынайы тарихи төңкеріс кезеңінде перғауын IV Аменхотеп өз атын құдай атына сәйкестендіріп «Эхнатон» деп («Атан рухы» деген мағына береді) өзгертіп, Египеттің астанасын ежелгі Фивыдан өзі салдырған «Атон көкжиегі» деген мағынаны білдіретін Ахетотон қаласына көшірді. (Бұл қаланың орнында қазіргі уақытта Амарн атты шағын қыстақ тұр, сондықтан да Египет тарихының Эхнатонға байланысты барльгқ кезеңі «Амарндық» деп аталады). Эхнатонның жүргізе бастаған реформаларының абыздар тарапынан жойқын қарсылыққа ұшырап, өмірінің қысқа болуына қарамастан сол дәуірдің мәдениетінің даму барысына, оның болашағына өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Ең бастысы — өнер саласында патша бейнесін барынша дәріптеуден бас

тартушылық пен канондар мен стильден гөрі мәдени туындылардың ішкі мазмұнына мән беру құбылысының алғашқы нышандары белгілі бола бастады. Атап айтқанда, «Амарн өнері» деген атауға ие болған бұл дәуір мәдениетінде бейнелердің нанымдылығы, жеке бейнелер мен бүкіл композицияның өзара үйлесімділігі, өнер туындыларындағы лирикалық сырластық, сезімдік қасиеттердің пайда болуы — баға жетпес мәнді мәдени құбылыстар болып табылады. Ойымыз дәлелді болу үшін ата-анасының алдында жұмсақ жастыққа отырып, қаннен-қаперсіз ойынға кіріскен Эхнатонның қыздары — кіп-кішкентай жалаңаш ханшалар бейнеленген суретті алайық. Рахат та, бейғам өмірдің құшағындағы осы бір бейкүнә сәбилердің шаттық өмірін бейнелейтін бұл сурет шын мәнісінде Египеттің асқаралы өнеріндегі бұрын кездеспеген жайлар болатын. Не болмаса Эхнатонның әйелі Нефертитидің портретін көз алдыңызға елестетіңізші. Ғажайып та, сымбатты бұл бейненің даңқы бүгінгі заманға дейін жетіп отырған жоқ па? Әйелге тән нәзіктік пен сұлулық, тек әйел атаулыға тән аналық пәк сезім мен ішкі жан тебіренісі, ой тереңдігі мен табиғи тәкаппарлығы ғажайып бейнеден ап-айқын боп көрініп тұрғанын қалайша мойындамасқа! Ендеше, Нефертити портретінің барлық әйелдердің ішіндегі ең тамашасы деген атаққа ие болуы да — осы бір ерекше қасиеттердің құдіретті бейне бойынан табылуы болса керек. Бұл дәуірден кейінгі кезеңдерде де Египет өнері өз дамуында айта қаларлықтай табыстарға жетті. 1922 жылы дүние жүзін таң қалдырған тамаша жаңалық, яғни баға жетпес көркемөнер қазынасы сақталған перғауын Тутанхамонныщ мұхият жасырылынған қабірі табылды. Бұл тамаша табыс — ағылшын археологы Г. Картердің «Патшалар алқабындағы» ұзақк жылдар бойы жүргізген еңбегінің жемісі болатын. Эхнатонның мұрагері болған бұл перғауын небәрі 20 жасқа жетпей дүние салған, бірақ ол өз заманында ерекше атаққа ие бола алмаса да, осы бір сәнді дүниелері арқылы біздің заманымызда ерекше даңққа бөленді. Олай болатын себебі Египеттің бүкіл патшаларының қабірлерінің ішінде тек қана Тутанхамонныщ қабірі ғана тонаушылар қолына түспей, барлық қазынасымен сақталып қалған. Египет мәдениеті — сан-салалы мәдениет. Солардың бірі — біздің заманымызға келіп жеткен Египеттің ең көне жазу текстері. Олар — құдайларға құлшылық ету мен шаруашылықты жүргізуге байланысты жазбалар. Біздің заманымаздан бұрынғы екі мыңыншы жылдыққа жататын ең көне әдеби мұралардың кейбіреулері сақталып қалған, бірақ ғалымдардың пікірінше, бұлардан да көне әдеби мұралар болғандығы ақиқат. Өкінішке орай, олар біздің заманымызға дейін келіп жетпеген. Египеттің көркем әдебиетінің түрлі жанрлары болған. Олар: патшалар мен ұлы даналардың өз балаларына арналған нақыл сөздері, түрлі тақырыптарды қамтитын әңгімелер және тағы басқалары Көне Египет әдебиетінің тамаша туындыларының бірі — «Өмірден түңілген адамның өз жанымен сұхбаты» деп аталады. Өмірден қатты түңілген бұл адам өлімге бет бұрады. Бірақ оның жаны бұл әрекетке барынша қарсылық жасап, бұл өмірдің қызығы мен рахатын көруге кеңес беріп, оны өлімнен сақтандырады Иероглифтер — көне

Мысыр мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені бұл өлкеде салынған қай ғимаратты алсаң да,олар иероглифтерге бай болып келеді. Кейіннен, көне мысырлық иероглифтік жазу буындық жүйеге көшті (қытайлықтар болса мұндай өзгерістерге ұшырамай өз жазба дәстүрлерін сақтап қалған). Ерекше атап өтетін бір жайт, Египет жерінде салынған ғибадатханалардың алдына сфинкстер тұрғызылды. Тастан қашалып жасалған сфинкстердің денесі арыстан, ал басы адам бейнесінде болды. Оның басы перғауынды бейнеледі. Сфинкс — Египет әміршісінің құдіреті мен күшінің оның даналығы мен жұмбақтығының жаршысы болды. Ең алып сфинкс б.з.б үшінші мыңжылдықта салынған. Ол осы уақытқа дейін Хефрен пирамидасын күзетіп түр. Тұтастай алынған жартастан жасалған бұл сфинкстің басы адамның басынан отыз есе үлкен, ұзындығы 57 метрге жетеді. Ғылым саласында да көне Египет айта қаларлықтай жетістіктерге жетті. Тамаша ғимараттардың, әсіресе пирамидалардың салынуына қарап математика, геометрия сияқты ғылым салаларының қаншалықты сатыға көтерілгендігін айқын аң-ғаруға болатын сияқты. Б.з.б XXI ғ. аяғы мен XIX ғ. басында шардың жоғарғы жағы үлкен дәлдікпен есептеліп шығарылды. Адамзат тарихындағы ең көне сағаттар — су және күн сағаттарын алғаш жасаушылар да осы мысырлықтар болатын. Астрономия ғылымымен қатар, медицина ғылымы да өз дамуында тамаша табыстарға жетті. Адам организміндегі мидың атқаратын қызметі анықталды, сонымен қатар әртүрлі ауруларға бай-ланысты көз, тіс және тағы басқалары дәрігерлері пайда болды.

Біздің заманымыздан бұрынғы екінші ғасырдың аяғы бір мыңыншы жылдықтың басынан бастап Египет мәдениетіне Криттің, Сирияның, Қосөзен бойындағы құл иленуші мемлекеттердің мәдениеті өз әсерін тигізе бастады. Біздің заманымыздан бұрынғы VI ғ. Египетті парсылар жаулап, ал олардың үстемдігі біздің заманымыздан бұрынғы 405 жылы дейін созылды. Одан кейін де Египет мемлекетінің тәуелсіздігі ұзаққа созылған жоқ, біздің з.б. 332 жылы македондықтар Египетті өздеріне бағынышты етумен қатар, Александр Македонскийдің(біздің заманымыздан бұрынғы 356—323 жылы) құрметіне Александрия қаласының негізін қалады. Египет абыздары Македонскийді құшақ жая қарсы алып, оны «Құдайдың ұлы» деп жариялады. Осы бір тарихи кезінде Египет producing гректер мен египеттік құдайлардың басты қасиеттерін бойына жинақтаған жаңа Сарапис құдайының бейнесін қалыптастырды, оған халық болып табыну басталды. Ал Александрия қаласы болса

Шығыс әлемі мен грек халқының мәдени орталығына айналады, сөйтіп Египетте эллиндік мәдениет кеңінен қанат жайды. Атақты сәулетші Дейнократтың жобасы бойынша салынған Александрия қаласының ұзыннан-ұзақ көшелері, театры, кітапханасы, толып жатқан ғибадатханалары мен бақшалары, моншалары мен түрлі демалыс орындары болды. Мұнда өз дәуірінің талай ғұлама ғалымдары, ақындары, суретшілері еңбек етті. Бұл

қалада «Әлемнің жеті кереметінің» бірі — атақты Александрия шырағы салынды

## 2. Мемлекетінің жоғарғы органдары.

1. Египеттік қоғамның жоғарғы тобын абыздар,шенеуніктер мен әскери ақсүйектер құраған.абыздар Египеттегі әртүрлі діндердің санына қарай таптарға бөлінген.Әрбір топтың басында жоғарғы абыз тұрған.
2. Египеттік қоғамның артықшылықты тобына рулық- тайпалық ақсүйектердің ұрпақтарынан құралған египеттік аристократия мен мемлекеттің жоғарғы әскери және азаматтық шенеуніктері жатқан.
3. Ерекше орынды хатшылар иеленген, олардан жоғарғы шенеуніктер шыққан.
4. Еркін шаруалар- олардың кейбіреулері мемлекеттік жерде өмір сүрді, өз жерлері болды сол үшін рента-салық төлеген;кейбіреулері шенеуніктің немесе әскери тұлғаның жерінде жұмыс істеп, күндізгі тамақтарын ішіп, өте ауыр жұмыстарды орындаған.
5. Қолөнершілер - мемлекеттік қазбаларда жұмыс істеген.Ерекше басқарушылардың бақылауындағы 10 адамнан тұратын топтарға біріккен.
6.Қоғамдық баспалдақтың төменгі буынын құлдар құраған.Құлдықтың негізгі қайнар көздерін әскери тұтқындық пен борышкерлік қарыздың нәтижесіндегі құлдық табылған.

Мемлекеттік құрылым.Египеттегі мемлекет диспотия нысанында болған,мұнда тек биліктің барлығы тек бір адамға-патша-перғауынға тиесілі болған.Перғауындардың бәрі бір рудан тарайтын және бір-бірін тақты мұрагерлікпен иемдену тәртібі нәтижесінде ауыстыратын.Египеттегі диспотияның ерекше белгісі болып мемлекет басшысы- патша-перғауынның діни культы табылатын.

Лауазымды тұлғалар.

1) перғауынан кейін басты лауазымды тұлға болып уәзір,патшаның жақын көмекшісі табылды, оның өкілеттіктер ауқымы өте кең болған;емлекетті басқарған, сотта басқарушы болған,жоғарғы сот органы болып табылптын ондық кеңесті басқарған, шаруашылықты басқаруға қатысқан, әскери күштердің басында тұрған,нотариустың міндеттерін орындаған;
2) келесі лауазымды тұлға-мөрді сақтаушы немесе бас қазынашы-табиғи сыйлықтар сақталатын мемлекеттік қоймаларды меңгерген;
3) барлық патшалық жұмыстардың басшысы-еркін халыққа жүктелген міндеттердің орындалуын бақылаушы және сәулетшінің лауазымын орындаған.

Жергілікті басқару.

Египеттің бүкіл аумағы номдарға бөлінген, олардың басында перғауынға тәуелді лауазымды тұлғалар-номархтар басқарған.Номарх жоғарғы сот және әкімшілік билікті иеленген.Әкімшілік

өкілеттіктерді,сонымен қатар, шіркеулер де иеленген.Жергілікті жерде басқарудың төменгі органдары болып ауылдық общиналар табылған.

Әскер.

Алғашында әскер перғауының жеке күзетімен және мемлекет ішіндегі көтерілісті басуға міндетті топтармен ғана шектелген.Соғыс болған жағдайда рекуттың жүйе бойынша жинақталған әскер жиналатын.Жаңа патшалықта жалданбалы әскер жүйесі кеңінен дамыған.

Сот өндірісі.

Ежелгі Египеттегі сот өндірісі алқалы түрде жүзеге асырылатын.Жаңа патшалық кезеңінде 30 судьядан құралған орталық соткенбет құрылған болатын.Жергілікті жерлерде округтер мен жекеленген қалалардың кенбеттері енгізілген.

### 3. Ежелгі Мысыр құқықтың қайнар көздері.

Ежелгі Египеттегі құқық негізі әдет болды.Мемлекеттердің дамуына байланысты фараон заңдар шығарды,кодекстер құрастырды бірақ бізге жетпеді.

1.Меншік құқығы: Египетте жерге биліктің бірнеше түрі болды:мемлекет,храм жері жеке және қауымдық жерлер.Жерді сатты сыйлады мұраға қалдырды.Ежелгі патшалық тұсында қауым жері қолдан қолға өтті.

2.Қозғалатын мүлік: құл,мал,еңбек құралы жеке қолға көшті.

3.Міндеттеме: Ежелгі Египет құқы шартың бірнеше түрін білдіреді:қарыз беру,сату сатып алу,жерді жалға беру,жолдастық көмек.Жер құнды болды оны 3 актімен пайдаланды:

1)сату шарты арқылы.

2)ант беру арқылы.

3)сатып алушы жерді шарт бойынша иемденді.

4.Неке отбасы қатынастары: неке шарт арқылы жасалды.Шарт құқығы бойынша әйелі өз дүниесіне ие болды,кейде бүкіл отбасы мүлкіне ие болды.Матриархат ұзақ өмір сүрді.Кейін ер адам рөлі күшейді.Отбасында айырылуда ер мен әйел адамерікті болды.Египет құқы мұраның екі жолын көрсетті:заң бойынша және өсиет бойынша.Мұрагер балалары болды.

5.Қылмыстық іс құқығы: ен ауыр қылмыстар:мемлекет қоғамға сатқындық,қастандық,мемлекет құпиясын айтып қою болып табылды.Жазаға бүкіл отбасы жауап берді.Діни ұғымда қасиетті жануарлар:мысық,үкіні өлтірсе қатаң жаза қолданды.Әкесін өлтіргенге өте ауыр жаза қолданылды.

6.Мүлік қылмысында ұрлық,кем өлшеу қылмыс болды.Адамның ары мен намысын қорлау ,әйел зорлау,отбасы шырқын бұзу қылмыс болды.Ауыр жаза өлім болды,оған қоса қол ,мұрын,құлақ кесіп,дүре соғып,түрмеге жапты,құлға берді,ақшамен айып төледі.Қылмыстық ,азаматтық істер

жәбірленуші арызы бойынша қаралды.Дәлелдеу үшін куәгер ант берді.Іс қағазы жазба түрде болды.

Ежелгі Египеттің құқығы бір дәрежеде алғашқы қауымдық құрылымның қалдықтарын сақтап қалған болатын, сол себепті де құқықтың негізгі қайнар көзі болып әдет-ғұрып табылатын.

Менес перғауын дін мәселелері бойынша қылмыстық заңнаманы құрастырса, Бокхорис перғауын қаржы мен сауда саласындағы кодексті қабылдаған, ал амасис пайғамбар жергілікті әкімшілікті заңнамалық түрде реттеуге жүзеге асырған.

Отбасы-некелік заңнаманың ерекшелігі болып матриархаттың қалдықтарының сақталуы табылды.Әйелдер еркектермен тең құқықтарды иеленген.Неке шарт ретінде жүзеге асты,мұнда әйелдер өз атынан қатысатын.

Қылмыстық құқықта аса ауыр қылмыстар ретінде перғауынның билігіне қол сұғу мен мемлекеттік төңкеріс жасау табылатын.

Жазалар айрықша қатаңдықпен ерекшеленген.Өлім жазасы екі нысанда қолданылатын;жай түрі басты шабу және дарға асу,ерекше түрі-отқа өртеу,ағашқа керу және тірідей көму.Сонымен қатар,талион түріндегі жазалар да қолданған;бірінші түрі- кінәлінің қылмыс жасаған мүшесіне зақым келтірілетін,екінші түрі- кінәлінің жәбірленушіге зиян келтіруі өзіне қатысты жасалатын.

**Тақырып №3**
**Ежелгі Үндінің және Ежелгі Қытайдың мемлекеті мен құқығы**

**Жоспар**

1. **Ежелгі Үндінің мемлекетінің пайда болуы. Мемлекетінің дамуының негізгі кезеңдері.**
2. **Ежелгі Үндінің қоғамдық және мемлекеттік құрылым. Ежелгі Үндінің жергілікті басқару және әскер.**
3. **Ежелгі Қытайдың мемлекетінің пайда болуы. Мемлекетінің дамуының негізгі кезеңдері.**
4. **Ежелгі Қытайдың қоғамдық және мемлекеттік құрылым. Ежелгі Қытайдың жергілікті басқару, әскер және сот жүйесі.**

1. **Ежелгі Үндінің мемлекетінің пайда болуы. Мемлекетінің дамуының негізгі кезеңдері.**

Алғашқы мемлекеттер құрылымдар Үндістанда Үндістан түбегінің солтүстік бөлігінде,Үнді және Ганг өзендерінің аймағында пайда болып,ауыл шаруашылығы мен қолөнердің дамуының жоғары деңгейімен ерекшеленген. Б.э.д.2 мың жылдықтың ортасында Үндістанның аумағында арийлер көшпенді жаулап кірді,олар біртіндеп бүкіл аумақты жаулап алды да,ежелгі үндістандық өркениетті құртты.Жаулап кірген арийлерде рулық құрылым сақталған болатын,оның негізгі буыны болып қандық туыстыққа негізделген рулық одақ- ғана табылатын,кейін оның орнынына ауылдық қауымдастық-вишас келді, бұған жергілікті халықта енетін болды.

Жер өңдеудің одан әрі дамуы мен қолөнердің оқшаулануы қауымдастықтардағы еңбек бөлінісіне алып келді, ал бұл , өз кезегінде, жеке меншіктің пайда болуына және қоғамның таптарға бөлінуіне негіз болды.Осылай мемлекет пайда болды.

Ежелгі Үндістанның мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері:
1 кезең- алғашқы қауымдық құрылымның ыдырауы және құл иеленуші мемлекеттердің пайда болуы (б.э.д. 2 мыңжылдықтың екінші жартысы);
2 кезең- Үнді мен Ганг аймақтарында құл иеленуші мемлекеттердің құрылуы (б.э.д. 2 мыңжылдықтың-б.э.д. 4);
3 кезең – Маурийлердің орталықтанған мемлекетінің құрылуы және игүлденуі (б.э.д.4-2 ғ.ғ.);
4 кезең – үнділік құл иеленуші қоғамның шиеленісі және шаруашылықтың феодалдық жүйесінің бекітілуі ( б.э.д.2 ғ.).

Үндістанның халқы ұлттық жағынан алуан түрлі болатын.20 ғасырдағы ресми есеп бойынша Үндістанда 220 тіл бар екен.Үндістанның негізгі халқы аласа бойлы, қара түсті (дравиттер) деген тайпалар.Олар Үндістанның орта және оңтүстік жағына орналасқан.Тарихшылар дравиттерден де бұрын

тұрған тайпалар (мунда) деп санайды.Бұл тайпалар орталық провинцияларда, Гималай және Чото-Нагпур деген жерде тұрған.Олар Үндістанның орта және оңтүстік жағына орналасқан.

Бұл кезеңде Үндістанда дравиттердің тайпалары тұрғанын айтып өттік.Олар тауда және джунглиде тұратын қарабайыр топтарға бөлінеді.Арийлер басып алғаннан бұрын оларда өркениеттіліктің көптеген белгілері болатын:сәнді қалалар салынып, сауда дамыған еді, алыс мемлекеттермен де сауда жүргізілген.

Біздің дәуірімізге дейінгі екінші мыңжылдықта дравиттерді Гиндукуш және Памир тауларынан түскен ақ тайпалар басып алып, олар Пенджаб және Ганг өзендерінің жоғарғы бассейнінде орналасты.Осы тайпаларды арийлер деп атайды, арийлер дегеніміз ақсүйек, жақсы тұқым деп аударылады.Дравиттерді олар (дасью) деп атаған.

Осы айтқан тайпалар ғасырлар бойы көшпелі өміп сүріп, көбінесе мал бағумен айналысты.Арийлер егін шаруашылығымен де шұғылданған.Олпрдың күріш,күнжіт және арпа отырғызғаны белгілі.Мақтадан мақта тоқу, ыдыс-аяқ жасау,қоламен темірден қару соғу кәсіптерінің дамығаны анық.Егін шаруашылығының, қол өнер және мал өсірудің дамуы біпте-бірте сауданың болуына әкелді.

Арийлер басып алғаннан кейін Үндістанда ауыл қауымы болғаны белгілі, ол алдымен отбасы қауымы болды да, соңынан қоныс қауымына айналып кетті.Бұл қауымдарды (вишпатия) деген старосталар,және (сабха), (самити) деген кеңес басқарды.

Үндістан жеріндегі отбасылар патриархалдық топқа жататын.Мүлік және билік тек қана әкесінің қолында жиналған еді.Әкесінің билігі кейін үлкен баласының қолына өтетін.Жер қауымның да, жан ұясыныфң да меншігі бола алады.

## 2. Ежелгі Үндінің қоғамдық және мемлекеттік құрылым. Ежелгі Үндінің жергілікті басқару және әскер.

Ежелгі қоғамдық құрылымның өзіндік сипаты варналар (касталар) жүйесінің болуымен анықталды,олар өзінің құқықтық жағдайы бойынша тең емес әлеуметтік топтар ретінде қалыптасты. Қоғамның таптарға бөлінуінен кейін қауым төрт варнаға бөлінді: брахмандар варнасы(абыздар), кшатрилер варнасы (әскери тұлғалар), вайшилер варнасы (жер өңдеушілер), щудралар варнасы (қаналушы батырақтар).

Ежелгі Үндістанның әлдеқашаннан келе жатқан әлеметтік-таптық жүйесі касталарға, готраларға бөлінеді.Каста- португал тілінен шыққан сөз, ол тайпалық рудың тазалығын көрсетеді.Арийлер мен дравиттердің түстері әртүрлі сондықтан каста Үндістанда адамдардың түсімен де белгіленген.Касталар бір аудандағы туысқан адамдар, жалпы мамандығы да, діни әдеттері мен әлеуметтік деңгейіне де бірдей болған.

Касталарға брахмандар,кшатрилер,вайшьялар,шудралар атады. Жоғарғы үш каста екі туған,(двиджати),(движати-ариас).Жоғары касталар үстемдік жасауға және жеңілдіктерге ие болуға құқылы.

*Брахмандар.* Пурши деген алғашқы адамның аузынан жаратылған.Оқу,білім,дін ілімін,құрбандық шалу,өзіне және өзгеге садақа үлестіру және садақа алу ісін құдай брахмандарға белгілеген.Ману заңдарының 96-бабында былай делінген:Тірі нәрселердің бәрінің ішіндегі ең қасиеттісі- жандылар, ал жандылардың ішінде адам, ал адамдардың ішінде брахмандар болып саналады.

Бағыныштыларын қорғау, садақа үлестіру,құдай құрбандық шалу, дін ілімін оқып-тану істерін құдай кшатриге белгіледі.Кшатрий Пурушидің қолынан жаратылған.Тек кшатрийлер қарулануға құқығы бар.

Вайшилер. Мал бағуды, үлестіруді, құдайы құрбандық шалуды, дін ілімін оқып үйренуге, сауда мен жер өңдеуді құдай вайшийге көрсетті.Сонымен, бүкіл пайдалы жұмысты вайшийлер істейтін болды.Олар Пурушидің санынан жаратылған, олар қауымымның толық құқығы бар қарапайым мүшесі.

Ең төменгі төртінші каста-шудралар, олар бір рет туғанға жататын жатады және Пурушидің табанынан жаратылған, сондықтан тек қана жоғары үш варнаға аянбай қызмет қылуға тиісті. Шудралар ең лас жерлерде жүретін (инициация) әдетінен өтпейді, неге десек, олар қауымға қарсы шығатын бөтен адамдардан құралған, қауымның көмегімен айрылған, жерін жоғалтқан, яғни тәуелді әрә толық құқығы жоқ тайпалардың өкілдерінен тұратын.

Касталардың арасында мықты шекаралар құрылған.Тек қана өзінің кастасынан шыққан адаммен ғана некелесуі шарт.Екі рет тугандар алғашқы некеге әйелді өзінің варнасынан алады,ал екінші некеге тұрғанда төменгі кастадан (бір касиа төмен) әйел алуға болады.Брахманның баласы шудрадан әйел алса немесе шудраның әйелі одан бала тапса, брахман атағынан айырылады және оның баласы чандал болып саналады.Ману заңдарында әке – шешесін сыйлайтын,жақсы адам болатын бала тек қана екі жағы бір біріне тең некеден туылатын балалар деп айтылады.

*Кшатрийлер* бүкіл халықты қорғау үшін туған.Брахмандар мен кшатрийлер тату тұрып, бір-біріне көмектесетін болса,бақытқа жетеді.Патша негізінен кшатрилердің кастасынан шығуы тиіс.

*Құлдар.* Құлдықтың басты көздері:соғыс кезінде тұтқынға түсу,қарызын бере алмай құлдыққа түсу болып саналады.

*Чандалар.* Қоғамдық сатының ең төменгі бөлігінде чандалар жатады.Чандалардың үйлері бәріненде бөлек орналасқан, өздері көшпелі өмір сүреді.Олардың қоғамдық құдықты, басқа да жалпы жерлерді пайдалануға құқықтары болмайтын,көшеге шыға алмайтын, олпрдың бар дүниесі ит пен есек, киетіндері өлген адамдардың киімдері.Чандалар бір жерде тұрақты тұрмауы керек, жұрт ұйықтап жатқанда қалада жүрмеуі керек.

*Мемлекеттік құрылым.*

Мемлекет басында патша – раджа немесе махараджа тұрды. Маурилер дәуірінде маңызды орган ретінде патшаның билігін шектеуші және брахмандар мен құл иеленуші аритократтардан құралған паришад танылды.

Мемлекеттік аппаратта шенеуніктер екі топқа бөлінді – орталық және жергілікті басқару шенеуніктері жоғарғы шенеуніктердің арасында мыналар ерекше орынды иеленді:пурохита- патшаның басты кеңесшісі және абызы:сенапати - әскер қолбасшысы:ахармадьякша- сот істері бойынша жоғарғы шенеунік.Басқарудың орталық аппараты үш мекемеге бөлінеді:әскери,қаржылық және көпшілік істер бойынша.

Патша кшатрий кастасынан шығып отырған .Түсінік бойынша кшатрий құдайдың тұқымы,құдай оны осы жердің адамдарының бәрін сақтап қалу үшін шығарған.Патша от,жел, күн және ай,әділеттік соттың бастығы, ол ең жоғарғы адам.

*Жергілікті басқару.*

Маурья империясының жергілікті басқаруы өте күрделі болатын.Тікелей патшаның өзіне жерлердің бір бөлігі ғана бағынатын еді.Тұтас патшалық провинцияға бөлінді, олардың патшалық туысқандары басқаратын.Провинцияның басшысы салық жинады, тәртіпті қорғады және құрылыс жұмыстарын жүргізді.Провинциялар округтерге бөлініп, оларды округтердің бастығы басқарды.Ол грамика деп аталды.Қауымдағы салық жинау, тәртіп қорғау, көмек беру міндеттері соның мойында болатын. Қауымның жер суару,діни мерекелерін өткізу, тонаушылардан қорғау мәселелерін олар халық жиналысында қосымша шешетін.Ал жерді сату, жер учаскелерінің шекарасын өзгертуді ақсақалдардың кеңесі шешіп отырды.

*Сот.*

Үндістанның соты патша және қоғамдағы соттар болып екіге бөлінетін.Қауымның соттары каста бойынша құрылған.Олар қауымның арасындағы істерідің көпшілігін өздері қарайтын.Он ауылға бір сот жұмыс істейтін.Ол үш адамнан тұратын.Қалалардың әкімдері қылмыскерлерге қарсы күресті күшейтті.Оларды ұстап,іздеп түрмеге салу да олардың міндеттеріне жататын.Жоғарғы соттың патшаның өзі басқарды.Ол брахмандар мен және тәжірибелі ақылшылармен біріріктіріп (сабха) деген сот алқасын құрды.Патшаның жыл сайын кешірім жариялауға құқығы болатын.

Маурийлер мемлекетінде мыналар ерекше бөлінді: патшаның басқаруы мен бақылауындағы облыстар мен белгілі бір автономияға ие жерлер (провинциялар) ,провинциялар, өз кезегінде, округтерге, округтер аудандарға бөлінген.Ең төменгі аумақтық бірлік қауым – ғана болған.

*Әскер.*

Маурийлер дәуірінде әскерді алты алқаға бөлген 30 мүшеден құралған әскери кеңес басқарған.Олар үнділік әскердің төрт түріне жетекшілік жасаған:жаяу әскерге,атты әскерге, пілдер мен арбалы әскерге, флот пен көліктік әскерге.

*Ежелгі Үндінің құқық қайнары.*

Ежелгі Үндістанның құқығы дінмен, діни моральмен тығыз байланысты болған.Құқықтың негізгі қайнар көздері ретінде Ведалар- діни кітаптар мен дхармашастралар – діни-құқықтың,ережелердің жиынтығы саналған, олардың ішінде аса маңызды болып Манудың дхармашастралары табылған. Ману заңдары 12 тарау мен қоссөздер түрінде жазылған 2685-баптан құралған.Құқықтық материал 4,7,8 және 10 тарауларда мейлінше толыұ көрініс тапқан.

Ежелгі Үндістанда жеке меншік ерекше дамыған, оның обьектілері ретінде құлдар,мал,астық және үй жабдықтары саналған.Ал жерге жерге деген жеке меншік аса дамымаған.10-тарауда мүлікті иемденудің жеті заңды тәсілдері аталып өткен:мұрагерлік,сыйға алу немесе тауып алу, жаулап алу,саудагерлік,жұмыс орындау,қайырымдылықты қабылдау.

Міндеттемелік құқыққа (Ману заңдары бойынша) келесі шарт түрлері тән болған:сату-сатып алу,заем,сыйға беру,тасымалдау,сақтау.

Отбасы құқығында касталық қағида негізге алынған:аралас неклерге тиым салынған немесе олар шектелетін болған,шудрамен брахманың некесінен туған бала чандал деп танылған,оладан қоғам бет бұрған.

Мұрагерлік құқықта әкенің мүлкін мұраға алудың екі тәсілі аталған: не ол ұлдардың арасында теңдей бөлінеді,не оны үлкен ұл толығымен иемденіп,қалғандары сол ұлдың жанында өмір сүрген.Қыздар мұраға ие болмаған,бірақ оларға жасау берілетін.

Ману заңдарында қылмыстық-құқықтық нормалар жалпы тыйымдардың ішінен бөліп қарастырылмаған.Сонымен қатар заңдарда патшаға немесе мемлекеттік билікке бағытталған әрекеттерді жазалайтын баптар болмаған.Ал жеке меншікке, жеке тұлғаға нұқсан келтірушілік пен отбасылық ережелерге қарсы бағытталған әрекеттер өте қатаң жазаланған.Мұндай жағдайларда касталық ерекшеліктерге ерекше мән берілген.Жасалған қылмыстар үшін негізгі жазалардың қатарынан өлім жазасы,тілді кесу,қолды,аяқты кесу,таңба салу,құлдыққа салу орын алған.

*Сатып алу.* Бұл келісімнің обьектісіне сапасы, салмағы,көлемі бар нәрсе жатады.Сауда келісіміндегі негізгі шарт оның жариялылығы болып есептелген.Яғни,кез келген құпия сауда келісімі құқыққа қарсы деп табылды.Сатып алушының саудасын көргендер ғана өз куәліктері арқылы оны өзге адамның мүлігін сатып алудың қылмысты жауапкершілігінен құтқаратын.

*Қарызға алу.* Ману заңдарында қарызға алу келісімдеріне аса көп көңіл бөлінген.Өйткені мұндай келісімдер жұрт арасынан кең тараған болатын.Бұл келісім бойынша қарыз беруші өз мүлкін қарыз алушының толық иелігіне беретін.Ал қарызалушының міндеті берушіге тура сол тектес,сапасы сондай мүлікті өсімімен немесе өсімсіз қайтару.Өсімнің ең жоғары мөлшері де белгіленген.

*Сақтап қоюға беру.*Оған тек қозғалмалы мүліктер ғана обьекті бола алатын.Бұл жалдамалықпен де ұштасып жататын іс.Сақтап қоюға беру келісімі қайтарымсыз болған.Егер алушы уақытында еркімен

қайтармаса,судья арқылы тексерілетін.Оған әр түрлі себептермен сақтауға алтын беретін.Егер ол алтынды қайтарса,іс тоқтатылатын,ал қайтармаса,онда алтынды да,сақтауға берген мүлікті де күшпен қайтаратын.Кімде-кім сақтауға берілетін затты иемденіп кетсе,жазаға ұшыраған.сақтауға алушы мүлік иесі алдында егер мүлік ұрланып кетсе немесе суға ағып кетсе,жауап бермейтін.Жауап беретін тек өзі иемденіп кеткен жағдайда ғана.

*Мұрагерлік құқық.* Ежелгі Үндістанның мұрагерлік құқығына өсиет бойынша қалдыру деген жат. Мүлік марқұмның тек қана ұлдарының бөлінісіне жатады. Ұлдары арасында тең бөліске түседі, бірде біреуі одан шет қалдырылмайды. Олар яғни мұрагерлер бөлінбеуге де болады, ондай жағдайда олар бөлектенбей, әкесінің ескі шаруашылығында үлкен ағаларының басшылығымен бірге тұрулары керек. Мүлік бөлінісі жағдайында да үлкен ұлы жиырмадан бір бөлігіндей көлемде қосымша үлес алады.Қыздарға да белгілі көлемде, бірақ жасау ретінде ғана мұра тиесілі. Яғни, олар мүлік бөлінісінен түгелдей ажыратылған, ағаоары өз иеліктерінен міндетті түрде төрттен бір бөлігін берулері керек.Қарсы болар болса, ондай ұл отбасынан аластатылады (111(118-бап)

Қылмыс пен жаза.Ежелгі Үндістандағы Ману заңдарында қасқана қылмыс пен абайсызда,алғаш рет қылмыс жасау және ауыр қылмыс пен оның жеңіл түрінің айырмашылығы көрсетілген.

*Қылмыс түрлерге бөліп қарастырылған:*

1. Мемлекетке қарсы жасалған қылмыстар:
2. Жеке адамға (оның денсаулығы мен өміріне) қарсы жасалған қылмыстар:
3. Ар-ұжданға қарсы жасалған қылмыстар:
4. Меншікке (негізінен жеке меншікке) қарсы қылмыстар:
5. Отбасына қарсы қылмыстар.

### 3. **Ежелгі Қытайдың мемлекетінің пайда болуы. Мемлекетінің дамуының негізгі кезеңдері.**

Б.э.д. 3 мыңжылдықтағы Қытайдың ежелгі тұрғындары Хуанхэ өзенінің орта және төменгі ағыс тұстарын, Бохай шығанағының жанындағы жазықты, және Қытайдың басқа аумақтарының кең жазықтарын мекендеген.Бұл аумақтарда өмір сүрген тайпалар түрліше аталған: солтүстікте - (ли),шығыста - (и),батыста – (цзян) немесе (жун),оңтүстікте (мань).Ежелгі халықтар тайпаларға біріккен рулық қауымдармен өмір сүрген және ортақ шаруашылықты жүргізген.

Б.э.д. 3 мыңжылдықтың соңында өндірістік күштердің одан әрі дамуы, жеке меншіктің пайда болуы және қоғамның таптарға бөлінуі рулық құрылымның ыдырауына және оның орнына мемлекеттің пайда болуына алып келді.Шамамен б.э.д. 1600 ж. Шығыс (и) тайпалары Солтүстік

Қытайдың үлкен аумағын жаулап алып, өз қарсыластарын жеңді де, Шан (инь) мемлекетін құрды.

Ежелгі Қытайдың мемлекеті мен құқығы тарихының кезеңдері:

1 кезең – Шань Инь кезеңі (б.э.д. 18-11 ғ.ғ.) –құл иеленушілік қоғамның қалыптасуы жүзеге асады.Бұл кезеңде сонымен қатар, екі кезең көрініс табады: а)ерте Шан (б.э.д. 18-15 ғ.ғ.) – таптардың бастапқы кезеңдері ғана тән: ә)кейінгі Шан (б.э.д. 14-11ғ.ғ.) – таптық қоғам толығымен қалыптасып бітеді.

2 кезең – Чжау кезеңі (б.э.д. 11-3 ғ.ғ.)-иерархиялық әлеуметтік жүйе пайда болады:

3 кезең – Цинь кезеңі (б.э.д. 221-201 ж.ж.) және Хань кезеңі (б.э.д. 3ғ.-б.э. 3 ғ.) – жаңа, феодалдық қатынастардың негізі пайда болды.

Хуанхэ өзенінің төменгі және орта ағысының бассейнінде б.д.д. екінші мыңжылдықта ірі тайпалық құрылымдардың бірі пайда болды.Иероглиф жазуының белгілері өмірге келді.Өндіріс күштерінің өркендеуі металды қолданумен және еңбек процесін жетілдірумен тікелей байланысты.Қоғамдық функциялар жіктеліп, әскери көсемдер, абыздар, қауымдық кеңес бөлініп шығып, құлдық пайда болды.Қала айналасында этнологиялық белгілер бойынша біріккен көрші қауымдардың туыстық кшендері салынды.Қала қауымдары су тасқынына бірігіп күресу, әскери себептер сияқты шпруашылық мұқтаждыққа бола бірікті.Мүліктік жіктелу отбасын күшейтті.Екінші мыңжылдықтың аяғында барлық қауымдар ішінде Шань қауымы ерекшелене бастады.Оның басшысының төтенше әскери өкілдіктері болды және ол (Ван) деп аталды.Тонау соғыстары ванның билігін оданда күшейте түсті.Ол жасағын өзіне берілген сарбаздардан құратын.Ван лауазымы мұра бойынша ауысып отырды.

Қытайдың тарихи дәстүріне 18 ғ. Шамасында ( жаңаша 1600 ж. ) иньдар өздерінің қарсыластарын талқандап , солтүстік Қытайдың кең байтақ аумағын басып алды да, Шань (Инь) мемлекетінің негізін құрды.Тайпалардың әскери қақтығыстары алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырап, мемлекеттің пайда болу процесін күшейтуі фактор болды.Ерте Қытай мемлекеті өзінің таптық мәні бойынша құл иеленуші мемлекет ретінде қалыптасқан еді.Шань дәуірі құл иеленуші қоғамның қалыптасу кезеңі болды.Егер ертеректгі Шаньға (б.д.д. 18-15 ғ.) таптардың пайда болуының алғашқы процестері ғана тән болса, кейінеректегі Шань дәуіріне (б.э.д. 14-11 ғ.) ең төменгі сатысында құлдар тұратын таптық қоғамның қалыптасуы тән.Чжоу дәуірінде жерді өңдеу құралдары жетілдіре түседі.Б.д. дейінгі 7-6 ғ.ғ. темірді балқыту және өндеу игеріліп, онан түрлі құрал-жабдықтар жасала бастайды.Темірді қолдану қолөнердің дамып, қалалардың өркендеуіне және ақшалай-заттық қатынастардың дамуына игі әсер етті.Чжоу қоғамының әлеуметтік жіктелуі айқындала түседі.Иерархалдық әлеуметтік жүйе пайда болып, құл еңбегі темір балқытушы шеберханаларында, тұз алуда кеңінен қолданылады.

Шань белгісі ( сауда,сату) деген ұғымдарды білдіреді.Сауда әлі нашар дамыған және айырбастық сипатта болды, бірақ жалпыға бірдей төлем ақысы ретінде қабыршақ-кадри бөлініп шықты.Айналымда табиғи қабыршықтармен қатар қоладан құйылғандары да бар еді.Бұл қола құйыудың монополистері-шаньдар үшін баюдың ерекше көзі болғаны байқалады.Шань қаласын әскери одақ басқарды, оған басқада қалалық қоғамдар кіретін, олар қалаға салық төлейтін.Бұл одақтарды шаньдардың орьалық орны Чжун Шань (орталық шань ) деп аталды.Шань қалалар одағы жау тайпаларымен қоршалған еді, олармен үнемі соғыстар жүргізіп отырды, әсіресе батыстан Тибет,Бирма тайпалары қауіпті болды.

4. **Ежелгі Қытайдың қоғамдық және мемлекеттік құрылым. Ежелгі Қытайдың жергілікті басқару, әскер және сот жүйесі.**

Қоғамдық құрылысы. Кейінгі Шан кезінде халықтың жалпы санынан артықшылықты топ бөлініп шығады, оның құрамына билеуші- ван және оның туыстары, билеушіге жақын адамдар абыздар, шенеуніктер және бағыныщты тайпалардың ақсүйекиері кірген.Чжоулық Қытайда бірнеше разряд - әлеуметтік ранглер пайда болды.Ранг тұрғын үй мен жердің мөлшерін, құлдардың саны мен жалақының мөлшерін анықтаған.Цинь кезеңінде Шан янның  жүргізілген өзгертулері негізінде ақсүйектіліктің ранглері туралы жаңа ереже енгізілді, оған сәйкес ранглер ақсүйектік тегіне емес, билеуші алдындағы жетістіктері үшін берілген.Барлдығы 20 ранг енгізілді, ал б.э.д. 3 ғасырдан бастап оларды сатып алуға рұқсат етілген.Сонымен жаңа ақсүйектер пайда болды: мүліктік,әскери,қызметтік және саудагерлік.

Ең төменгі сатыда құлдар болған.Құлдықтың қайнар көздері түрліше болған:әскери қамау,қарыздық құлдық,сый ретінде алу, қылмыскерлер, шығынға ұшыраған шаруалар.

Қоғамның үстем тобы мен құлдардың арасында жер өңдеумен айналысатын еркін қауым мүшелері болған.

Мемлекеттік *құрылым.* Құл иеленушілік Қытайда оның тарихының барлық кезеңдерінде басқарудың монархиялық нысаны болған.Билеуші ванның қолында билік толығымен болған.Патша билігі құдайдың билігіне теңестірілетін Монархия мұрагерлік сипатта болған.Ежелгі Қытайда басқарудың сарайлық жүйесі болған, яғни, нақты анықталған құзыреті бар тұрақты түрде қызмет ететін мемлекеттік мекемелер болған жоқ.Олардың орнына арнайы тапсырмпларды орындайтын тұлғалар ,күндер болған.

Шан дәуірінде патшаға жақын тұлғалардың арасынан 20 жуық ресми титулдар болған, олар функциялары бойынша үш топқа бөлінген:біріншісі азаматтық лауазымды тұлғалар ,екіншісі -әскери лауазымды тұлғалар,үшіншісі әртүрлі кеңесшілер, бал ашушылар мен көріпкелдер.Чжоудың кезеңінде ванның ең жақын көмекшісі болып сян

табылған, ол барлық шенуніктерге басшылық жасап, билеушілердің әртүрлі тапсырмаларын орындаған. Сонымен қатар, үш гундер- патшаның басты кеңесшілер лауазымы болған.Цинь дәуірінде императорладың жақын көмекшілері болып екі бірінші кеңесшілер – екі ченсина табылды, олар аппарат жұмысын басқарды,тайвэй-империяның қарулы күштерін басқарды және юйши дафу- барлық мемлекеттік аппаратты басқарды.Ченсяна, тэйвэй және юйши дафу аса лауазымды тұлғалар болатын және үш гун атауын иеленді.

Жергілікті басқару. Шан және Чжоу дәуірінде Қытай өз көсем-билеушілері-чжухоулар бар көптеген иелікиерідің жиынтығынан құралған болатын.Чжухоулар ванның жоғары билігіне бағынған.Цинь дәуірінде Шан Янның әкімшіліәк реформасына сәйкес патшалықтың аумағы 41 цездке бөлінді, олар валостар мен тиналарға бөлінді, ао алар, өз кеғзегінде,өз басқару оргагдары бар 10 қауымдастықтан құралды.Қауымның тұрғындары фулаоны (ақсақал) сайлаған, ал олардың арасынан староста – личжен сайланған.

Жергілікті басқару- жергілікті көсемдер чжухау деп аталатын, оларда 8 рангі болды.Чжухау ван сарайына жүйелі келіп тұруға, оның әмірлерін орындауға және алым-салық (мал,тасбақаның тас қабығы,тұтқындар) жіберіп тұруға міндетті болды.Сонымен бірге ван өз жағынан оларға шабуыл кезінде көмек мөрсетуге тиіс еді.Төтенше жағдайларда халық жиналыстары өткізілді.

*Әскер.* Шан патшалығында тұрақты әскер болған жоқ. Қажет болған жағдайда чжухоулар 3000,5000,6000 әскерлерден құралған отрядтарды ұсынған.Жиналған әскер әскербасы – қолбасшыға берілетін және жорыққа шығатын.Әскер екі бөлікке бөлінетін: жаяу әскер және арбалы әскер.Сонымен қатар, халық мал мен арбаларды да беретін.Әскрдің үш түрі болған: жаяу әскер,атты әскер және арбакештер.Цинь империясында әскерлер бестіктер мен ондықтарға бөлінген.Жоғары қолбасшы болып императодың өзі табылған.

Шаньда тұрақты әскер болған жоқ,чжухау 3000,5000,6000, сарбаздардан тұратын жасақтар қойып тұрды.Оларда қола қару-жарақтар болды, атты және жаяу әскер болып екіге бөлінетін.

Сот жүйесі. Сот функцияларын тармақтарға бөлінген мемлекеттік аппаратың көптеген өкілдері жүзеге асырған.Мемлекеттегі жоғарғы судья болып ван табылған.Жергілікті жерлерде сот істерін қараумен болыстықтың бастығы айналысқан.Жоғарғы сот ванның өзі,сот әкімшіліктен бөлінбеген, оның қарамағында чжухау қызметі болды.Орталық мемлекеттік басқару құрамына сот және жаза мәселелерімен айналысатын қызметкерлер кіретін.

Жоғарғы дәрежелі қызметкерлердің жазғыш,қазынашы,салтанат атқарушы сияқты қызметтері болды, Патша жанындағы ақсүйектер кеңесіне ру ақсүйектерінің өкілдері мен ұлы көсемдердің ұрпақтары кірді.Бал ашатын жазуларда олар ( Үлкендер кішілер кеңесі )деп аталды.Патша ұрпағы елдің жоғары қызметтеріне иелік ететін үлкен қауым еді.Патша аң аулауды басқарып, әскербасы мен шіркеу басы қызметтерін атқаратын.Патша армияға

сүйенеді.Қытай армиясы әрдайым жаяу, атты және арбалы әскерге бөлінетін, сарбаздар өте қарапайым қына, қылыш, балта сияқты қарулармен қаруланатын.Сарбаздардың саны 5000-ға,атты әскер 300-ге жетті.

*Ежелгі Қытайдың құқықтың негізгі сипаттары.*

*Құқықтың негізгі сипаттары.* Б.э.д. 5-2 ғ.ғ.-да бірқатар жинақтар жасалған,олардың ішінде ең әйгілі 6 тараудан құралған (Заң кітабы) (Фацзин). Мұнда Қытайдағы қолданыстағы қылмыстық іс жүргізушілік заңнама көрініс тапқан.

Шан мемлекетінде меншік құқығының обьектілері ретінде мал,құлдар,еңбек құралдары,құнды асыл бұйымдар және басқада мүлік табылған.Тек б.э.д. 1 мыңжылдықтың екінші жартысында ғана жерге деген меншік құқығы пайда болады.Қытайлық заңнамаға мына шарт түрлері тән болған:сату-сатып алу,заем,кепіл,несие беру, жерді жалдау.

Шан кезеңінің отбасы құқығында матриархаттың элементтері болған, туыстар арасындағы некеге рұқсат берілетін, алайда,Чжоу мемлектінде патриархатты отбасы орнығып, көп әйел алуға рұқсат етіледі.

Мұрагерлік құқықта әке мүлкін бірінші әйелдің үлкен ұлы иемденіп тәртіп орныққан.Ұлы болмаған жағдайда мұрагерлікті күйеуінің басқа туыстары иеленетін.

Қылмыстық заңнамада мемлекттік қылмыстарға ерекше мән берілген,олар үшін мынадай жазалау жүйесі қолданылған:таңба салу,мұрынды кесу,аяқты шабу, еркектердің жыныс мүшесін кесіп тастау және өлім жазасы.

Ежелгі Қытайда сот әкімшіліктен ажыратылмайтын.Алдын-ала тергеу мен сот талқысын бір тұлға жүргізе беретін.

Қытайдағы Қылмыстық кодексті аты аңызға айналған.Му патша шығарған деп есептеледі.Оның құрамына қылмыстық құқықтар жинағын құрайтын 300 қылмыстық шешім кіретін.Жазалау жүйесі жеткілікті дамыған еді. Маңызды қылмыстарға тағылатын жазалар ерекше болатын:өлім жазасы,еркектерді кестіру немесе әйелдерді қамап қою, аяқты кесіп тастау, мұрын кесу, татуировка түріндегі қорлық таңба салу.Бұл қылмыстар кездейсоқ және қасақана болып екәге бөлінеді.Жоғарғы судья өлім жазасына тартылатын қылмыстарды қарастырып, төменгі инстанция соттары қалған істерді қарайтын еді.

3 ғасырда Қытайда қайтадан күшті мемлекет,Цинь әулиетінің мемлекеті орнайды.Ұлы Қытай қорғанын салу жұмыстары да шамамен осы кезеңде басталған.Бұл дәуірдің атақты саяси қайраткерінің бірі- император Инь Хуанзи.Қытай мемлекетіне көрші көшпенді тайпалар мен тау,қыр адамдарды ылғи шабуыл жасап тұрды.Қытайда бұл дәуірде патшаны талқылайтын кітаптарды өртеу фактісі болғаны белгілі.Ши-Хуан-Ди патшаны жамандайтын кітапттарды тыққаны үшін 460 жазушыны тірідей көмуге бұйрық шығарыпты.

Империяда әкімшілік бөлу принципі қалыптасты.Жергілікті органдардың құрылысы мейлінше күрделеніп кетті.Қытай тарихында қауым

әрқашан ең төменгі аумақтық бірлік болып келген.Оның өзін-өзі басқаратын органдары болды.Бұл кезеңде Шань Янь әскер реформасын өткізіп, императордың өзі жоғары бас қолбасшысы болды.

Цинь дәуірінде аймақтық судья қызметі енгізілді.Болыс бастығы да сотқа жататын дауларды шешумен айналысатын.

Көршілік қауымның біртіндеп ажырауы еңбекшілердің кедейленуін арттырып, ірі құл иеленушілік, жер қожалығы пайда болды.Хань династиясының патшалары тұсында бай ақсүйектері өз қолдарына ірі жер иеліктерін жинақтады.Еңбекшілердің қалың көпшілігін тұрмысының нашарлауы өз балаларын құлдыққа сатуға мәжбүр ететін.Бірақ құлдықтың ең басты көзі, әрине ,адамдарды тобымен тұтқынға түсіретін соғыстар болды.Бұқара халықтың ойсырауы,көршілік қауымның біртіндеп құлдырауы, ірі жер қожалығының өсуі,құл сату осының барлығы таптық қайшылықтарды шиеленістерді де, таптық күрестің ұлғаюына алып келді.

## Тақырып №4
## Ежелгі Грекияның және Ежелгі Римнің мемлекеті мен құқығы

### Жоспар

1. **Спартаның мемлекеті және құқығы.**
2. **Ежелгі Грекияның құқықтың негізгі сипаттары.**
3. **Рим мемлекетінің құрылуы.**

### 1. Спартаның мемлекеті және құқығы.

Біздің дәуірімізге дейінгі 7-8 ғасырда Пелопонестің оңтүстігінде ежелгі Спарта мемлекеті өмір сүрді. Мемлекет Спарта деп аталғанымен,ол ел өздерін Лакония деп атады. Спарта ежелгі Грекияның тарихына үлкен із қалдырған. Спарта мемлекетінің пайда болуына алып келген себептердің ерекшеліктері болды. Олардың бірі – таптық қоғамның пайда болуына соғыс әсер етті. Жеңіп алған дорийцтер жергілікті ахей тайпаларымен бірігіп, Спарта қоғамын құрды. Олар көрші Мессенияны бірігіп жаулап алды да, өздерінің жерлерін кеңейтті.

Спартаға біз саяси демократиялық мемлекет деп мінездеме береміз.Жаулаушылар жерге, құлдарға жеке меншік құрып, оған таптық саралауды өткізді, спартиаттар үстем тапқа, жеңіліп қалған тұрғындар құлдарға және құқығы кем азаматтарға айналды. Олар илоттар деп аталды.Илоттардың жерлері ең құнарлы болатын, сондықтан олар өздерінің жерлерін спартиаттарға бермеу үшін көп уақыт олармен соғысты. Лаконияның басқа шаруалар қауымы Спартаға бағынып, өздерінің жерлерін бере салды.Олар периэктер деп аталды. Илоттарға қарағанда пэриктердің құқықтары көп болды. Өздерінің қауымында олар азаматтық құқықтарды пайдаланатын, бірақ Спартаның өзінде олар екінші сортты адам деп саналып, үкіметті басқаруға қатыса алмайтын. Сонымен Спартада 3 тап пайда болды: олар спартандықтар, илоттар және пэриктер еді.

Дорийліктер өздерін басты қаласы Спартаның атымен спартандықтармыз деп атады.

Пелопонестің аумағында, таулы жерлерде тұратын тайпалар, сондай-ақ дорийліктерге өз еркіменен бағынған ахейліктердің кейбіреулері периэктер деп аталды. Бұлар толық құқылы азаматтар болмаса да, құлдыққа түсе қоймаған халық.

Илоттардың құқығы құлдардың құқығына жақын екені белгілі. Спарта халқының негізгі таптары-сословилері: спартандар, периэктер және илоттар осылай бөлінді.

Мессен соғысынан кейін спартандар мессен жерлерін алып болғаннан кейін оларды 9000 жер учаскесіне бөлді. Сол жер учаскелері спартандарға таратылды. Учаскені бөлуге болмайтындай етіп, илоттармен бірге берілді.

Әрбір жер учаскесінде илоттардың 1-2-3 отбасылары тұратын еді. Ол жерлер илоттармен бірге сатылып отырды.

Спартандар илоттар мен периэктерді басып-жаншып тастайтын. Егер бала аурулы, әлсіз болып туылса, оны әкесіне шатқалдан лақтыруға бұйыратын. Денсаулығы дұрыс мықты баланы тірі қалдыратын да, ол жеті жасқа дейін анасының бауырында тәрбиеленетін.

7 жастан бастап бала қоғамдық мектепке барып, онда ер жеткенше, яғни, 18 жасқа дейін уақытын өткізетін. 7 жастан-12 жасқа дейін 1 кезеңі деп саналады. Плутарх былай деп жазған: Ликург заңымен балаларды ақысына жұмыс істейтін мұғалімдерге өткізуге болмайды. Балалардың 12 жасқа дейінгі оқитын жері Агела деп аталды. Агеланы ең күшті, ақылды бала басқарды.

Спарта азаматтары 30-ға жасқа толғанша өзінің құқығын толық пайдалана алмады. Оған базарға барып бірдеме сатып алуға рұқсат берілмеді, өзіне керек заттарын ол 30-ға толған туысқандарына сатып алғызады. Өте көп уақытын ол сиссияда өткізетін. 30 жасқа толған Спартаның азаматтары құқықтарын толық пайдаланатын. Осы уақыт ішінде ол шаңырақ құрып, үкіметтің үлкен қызмет орнын пайдаланды. Спарта тәрбиесінің, сондай-ақ спарталықтар өмірінің барысы елдің әскери қуатын нығайту мақсатына бағытталды. Спартандық ең алдымен жауынгер болуы керек еді. Бұл сыртан келетін жаудың жақындығынан туған қажеттілік емес, өзімен дұшпандық пиғылдағы халық илоттармен үнемі бірге өмір сүруден туған құбылыс еді.

Спартандықтар қауымының мықтылығын илоттар б.д. дейінгі 466 жылы болып өткен көтерілісті көрсетті. Адамгершілікке сыймайтын қатынастарға илоттар көтеріліс арқылы наразылық білдірді. Әсіресе б.д. дейінгі 464-455 жылдардағы көтеріліс есте қаларлықтай ірі болды. Бұл ежелгі Грекиядағы ең үлкен таптық күрестің көрінісі еді.

Спартаның сыртқы саясаты да қатар жүрді. Өзіне көрші Коринф,Сикион, Мегары деген полистарды бағындырып алды. Бірақ Спартаның нарық пен мәдениеті басқа мемлекеттерден қала бастады. Өйткені, сыртқы елдер оған қырғи-қабақипен қарап, сенімсіздік білдіріп отырды. Осындай саясат салдарынан Спарта саяси реакцияның ошағына айналды. Спартаның пұрсаты табы-спартандар тең адам қауымы дегенді құрды. Бұл рулық қоғамнан таптық қоғамға өтетін кезеңге тән әскри демократияның қалдығы еді.

Спартандар әскери іспен шұғылданды. Тек осы ғана спартандарға лайықты іс деп саналатын. Күшті де мықты жауынгерлер тәрбиелеу үшін Спартада арнаулы тәрбие жүйесі болатын. Әрбір жаңа туған баланы Спартаның жоғарғы мекемесі-герусияға, яғни, ақсақалдар кеңесіне апаратын. Мұнда арнаулы комиссия нәрестені өмір сүруге қалдыру керек пе, не оны өлтіру керек пе деген мәселені шешетін.

Илоттар. Спарта мемлекетінің ішкі саясаты илоттады бағындыруға бағытталды. Илоттардың құқығы болған жоқ. Спартандық илотты өлтіре алатын. Жылына бір рет Спартада (криптия ) күні өткізілетін. Жас

спартандықтар түнде жиналып, ешкім танымас үшін маска және ұзын жамылғыштар киіп, илоттардың селоларына аттанаиын. Кездескен илотты жабылып өлтіретін. Спартандықтар ең жас және күшті илоттарды өлтіруге тырысатын. Өлтіруді үйрену үшін жас спартандықтар илоттарға су қосылмаған арақ беретін еді. Олар мас болып, бұзық өлең айтып, жаман би билеп, бұзықтық көрсететін. Спартандықтар илоттардан жиіркену сезімінде тәрбиеленді, олар илоттарды қатты жеркенетін еді.Илоттар ең қиын да ауыр жұмыстарды істейтін. Олар Спартаның басқа тұрғындарынан ерекшелену үшін айрқша киініп, иттің терісінен тігілген құлақшын киетін.

Пэриэктер. Спартаның жер учаскелерінің көбі пэриэктерге бөлініп берілді. Пэриэктер қол өнерімен және саудамен айналысты. Олар тастан және құмнан ыдыс істеді, жүннен киім тікті және иежелгі Грекиядағы ең жақсы болатты қорытты.

Спартаның негізін қалаушы ретінде Ликург патша саналады.Спартада үстемдік құрушы класс ретінде спартиаттар-толық құқылы азаматтар саналған, олардың саны 8 мыңдай болған және тек Спартада өмір сүрген. Оларда жерге, малға және солардың жерінде жұмыс істейтін илоттарға меншік құқығы болған.

Спартиаттардың ұйымдасуы рулық сипатта болған. Барлық спартиаттар үш рулық филге бөлінген, әрбір фил-он (обаға ), әрбір оба-он триакидке бөлінген. Спартада қанаушы тапқа илоттар- жауланған аумақтардың бас иген тұрғындары мен пэриектер – жеке бостандығы бар, бірақ саяси құқықтарды иеленбейтін және Спартада төлем төлейтін тұрғындар жатқан.

Спартада мемлекеттік биліктің келесі органдары болған.

1.Халық жиналысы – апелла, ол герусияның ұсыныстарын қабылдаған немесе олардан бас тартқан.

2.Герусия – ақсақалдар кеңесі, 30 геронттан құралған, олпрдың ішіне екі патша – басиливистер ((архагеттер) енген, бұл Спартаның мемлекеттік құрылымының өзіндік ерекшелігі Архагеттер герусияға бағынған және оның келісімінсіз ешбір маңызды шешімді қабылдай алмаған.

3.Эфарат – архагеттер мен герусияны бақылау функциясын жүзеге асыратын бес адамнан құрылған комиссия.

Спартада құқықтың қайнар көзі реттралар табылған.Бұл - Ликург патша шығарған Спартаның негізгі заңдары.Олардың ішінде ең маңыздысы – ( Ликург ретрасы ).

## 2. Ежелгі Грекияның құқықтың негізгі сипаттары.

Құқықтың негізгі сипаттары. Афиныдағы құқықтың ежелгі қайнар көзі ретінде әдет-ғұрып орын алған. Заңдар б.э.д. 621 жылы пайда болған. Алғашқы заңдар – драконт заңдары әдет-ғұрып жазбасы түрінде болған және ерекше қатаңдықпен ерекшеленген (қылмыстардың басым көпшілігі үшін

өлім жазасы кесілген ). Кейінен жүріс-тұрыстың жалпы ережелері болып халық жиналысының қаулылары табылған.

Жеке меншік институты Афиныда аса дамыған болатын. Меншік мемлекетпен берілетін игілік ретінде қарастырылған.

Шарттардың мына түрлері Афиндық құқыққа тән болған сату- сатып алу, жалға алу, серіктестік, тапсырма және комиссия шарттары.

Отбасы және неке құқығында әйелдердің толық құылыққа ие емес екендігі байқалған әйел әкесінің немесе күйеуінің қамқорлығында болған және әрекет қабілетсіз деп сналған. Неке азамаииардың міндеті болып табылған, ал оның басты мақсаты ретінде бала туу саналған.

Қылмыстық құқықта құлдар мен еркін адамдарға қолданылатын жазалар ажыратылған. Құлдарға тек дене жазасы қолданылатын, ал еркін адамдарға өлім жазасы, аластау, азаматтық құқықтардан айыру, айыппұлдар мен тәркілеу қолданылатын.

Сот өндірісінде істі қозғаудың екі тәртібі болған: 1-сі – іс жүргізуді жәбірленушінің ынтасы бойынш ғана қозғау; 2-сі –кез келген азаматтың немесе лауазымды тұлғаның ынтасы бойынша қозғау.Іс бойынша шешім құпия дауыс беру арқылы шығарылатын, ал дауыстар тең болған жағдайда сотталушы ақталған деп саналатын.

Драконт заңдарының шектен тыс қаталдығы алдымен ұрлық үшін берілетін жазаға қатысты байқалды. Қандайда болсын ұрлық жасаған адам өлім жазасына тартылатын. Ұрлық үшін жазалаудың қаталдығы тек Драконт заңдарына ғана тән емес, ол жалпы ежелгі замандағы таптық қоғамның заңдарына тән нәрсе. Ол қауымдық меншіктің орнына келген жеке меншіктің қалыптасу және нығаю процесін көрсетеді. Драконт заңдары қанға қан алатын кекшілдікке шек қойды, өлген кісіні жерлеген уақытта моласында найзаны жерге қадаса, өлген кісінің балалары оған жаудан кек алатынын көрсеткені. Бірақ Драконт заңы кісі өлтірушіні азаптауға тыйым салады. Бұл заң қастықпен әдейі өлтіру және абайсыз өлтірудің айырмашылығын айқындауы қажет деп санайды.

### 3.Рим мемлекетінің құрылуы.

Рим мемлекетінің тарихи кезеңдері:

1 кезең – алғашқы қауымдық құрылымның ыдырау және құл иеленушілік мемлекетің құрылу кезеңі (б.э.д. 753 ж. Рим қаласының негізін қплпкудан б.э.д. 509 ж. Соңғы патша тәкаппар Тарквинийдің қудалауға дейінгі кезеңі );

2 кезең – республика кезеңі (б.э.д. 509-27 ж.ж.);

3 кезең – монархия кезеңі (б.э.д. 27 ж. – б.э. 476 ж.), бұл кезең өз ішінде екі кезеңге бөлінген:

а) принципиат – б.э.д. 27 ж. – б.э. 284 ж.;

б)доминат – б.э. 284 – 476 ж.ж.

Рим құқығы тарихының кзеңдері:

1 кезең – цивилдік немесе азаматтық құқықтың қалыптасуы және даму дәуірі. Ол кездегі Рим құқығының азаматтық деп аталатын себебі – бұл құқық тек римдік азаматтарға таралатын.
2 кезең – рим құқығының гүлдену кезеңі. Бұл кезде цивилдік құқықпен қатар преторлық құқық пайда болады, оның ішінен жалпы халықтық немесе халықтар құқығы бөлініп шықты, бұл құқық римдік азаматтар мен шетелдік азаматтар арасындағы сонымен қатар Рим мемлекетінің аумағында өмір сүруші шетелдіктердің өз расындағы қатынастарды реттеген.

*Рим мемлекетінің құрылуы.*

Рим мемлекеті қалалық қауымнан қалыптасқан. Римнің негізін қалаған сәттен бастап б.э. 509 жылға дейін римдіктерде рулық құрылым болған, алайда ол ыдырау кезеңінде болған. Рулық ұғымның негізі әлеуметтік бірлігі ретінде экзогамды әкелік ру табылған. Рулар отбасыларына бөлінген, оларға тән сипат болып отбасы иесінің жанұя мүшелеріне үстінен шексіз билігі табылған.

Қоғамдық құрылым. Римде жалпы алғанда 300 ру болған. Он ру әскеи және діни бірлік болып табылатын курияны құраған. Курияның басында курион тұрған. Он курия трибуды тайпаны құраған. Рим халқы үш тайпадан құралған.

Халық патрийлерге, клиенттерге және плебпийлерге бөлінген. Патрицийлар – бұл қалалық қауымның толық құқылы азаматтары, клиенттер патрицилерге жеке және мұрагерлік тәуелділікте болған, плебилердің жеке бостандығы болғанмен, саяси құқықтарға иеленбеген.

Мемлкеттік құрылым. Римдік қауымның басында патша – Рекс тұрған. Ол әскер басы, жоғарғы абыз болған және ерекше маңызды істер бойынша сотты жүзеге асырған. Рекстің лауазымы сайланбалы болған. Патшаның жанындағы кеңесуші орган сенат болған, ол үш жүз рудың ақсақалдарынан құралған. Сенат қоғамдық істерге басшылық жасаған, маңызды мәселелерді талқылаған, мұндай мәселелерге байланысты шешімдерді халық жиналысы қабылдаған. Сонымен қатар сенат патшаны сайлауға да әсер еткен. Аса маңызды органдардың бірі халық жиналысы болған, ал рим руларының толық құқылы мүшелері - әскери қызметті орындай алатын ер адамдардан құралған; ал сенаттың ұсыныстарын қабылдаған немесе олардан бас тартқан, барлық лауазымды тұлғаларды, соның ішінде патшаны да сайлаған. Римдік қауымдағы тағы бір орган – бұл абыздық алқалар олардың ішіндегі ең ежелгілері болып (авгурлар тұлғалардың әрекеттері туралы өз қортындыларын әртүрлі белгілермен жорамалдардың негізінде берген, понтификтер әдет-ғұрыптарды сақтаушы және түсіндіруші болған, фециалдар соғыс жариялау актісін жүзеге асырған.).

Римдік рулық қауымның мемлекетке айналуын үрдісінің аяқталуына Сервий Тулийдің реформалары әсер етті, олардың мәні мынада болды:

А) барлық еркек адамдар жердің мөлшерімен анықталатын мүліктік жағдайына қарай бес топқа бөлінген, бұл бөлініс плебейлер үшін де, патрийцилер үшін де ортақ боглған;

Ә) Римде жоғарғы органның жаңа түрі пайда болды – центруриаттық комициялар;

Б) плебейлер центруриаттық комциялардың құрамына енгізілді, яғни, рим халқының бөлігіне айналды және қоғамдық жердің бөлінісіне иеленетін болды;

В) Рим қаласы төрт аумақтық округтерге – трибаларға, ал қала шеті – он жеті селолық трибаға бөлінді. Трибуттық комициялар плебейлер үшін міндетті жалпы сипаттағы қаулыларды шығару құқығына иеленді.

Республика кезеңіндегі Рим.

Римдегі республика кезеңі 500 жылға созылды (б.э.д.509-27 ж.ж.). Римнің даму тарихын екі кезеңге бөлуге болады; республиканың қалыптасу және нығаю кезеңі (б.э.д. 6-4 ғ.) және римдік құл иеленушілік мемлекеттің гүлдену және құлдырау кезеңі, оның орнына монархиялық басқару нысанының келуі (б.э.д. 3-1 ғ.ғ.).

Қоғамдық құрылым. Өзінің таптық табиғаты бойынша римдік қоғам мен мемлекет құлиеленушілік болған, алайда құлдарды себепті құлдық патриархалдық сипатта болған.

Мемлекттік құрылым. Рим республикасында орталық рогандар – хплық жиналыстары болған, олар центуриаттық трибуттық және куриаттық коициялар түрінде ұйымдастырылған. Сонымен қатар, сенат пен магистратулардың да мемлекетті басқарудағы орны ерекше болған.

Центуриаттық комициялар халық жиналыстарының негізгі түрі болып табылады, олар заң жобаларын қабылдап, жоғарғы магистрат – консулдарының, преторлар мен цензорлардың сайлауын жүзеге асырды, сот билігіне ие болды. Трибуттық комициялар екі нысанда қызмет етті: патрицийлер мен плебейлер үшін жалпы жиналыс  және арнайы плебейлік жиналыстар ( орардың қаулылары плебсицит деп аталды.). Куриаттық коициялар тек рулық құрылымның қолдағы ретінде ғана сақталады және уақыт өте келе бұрынғы 30 курияның өкілдері болып табылған 30 ликтордың жиналысымен ауыстырылды.

Сенат реформалары түрде магистраттардың жанындағы кеңесуші орган ретінде саналған, алайда өте үлкен маңызға ие болған. Сенат халық жиналысы қабылданған заңдары бекітетін және қаржыларды басқарған. Сенаттың шешімдері сенатус-консульт деп аталған.

Магистратуралар ординаталық және экстраординаталық болып бөлінеді. Ординаталық магистратуралардың басында екі консул тұратын. Ординаталық магистратуралардың құрамында келесі лауазымдар болған:

Преторлар – консулдардың көмекшілері, цензорлар – Рим азаматтарын триболарға, разрядтарға және центурияларға юөлу мақсатында цензрдерді орнықтыратын, эдилдер – полициялық міндеттерді жүзеге асырған, квесторлар – консулдардың арнайы мамандануы жоқ көмекшілері, плебейлік трибуналар – плебейлердің мүдделерін қозғаушылар және төменгі магистраттар – қылмыстарды тергеумен айналысқан.

Не соғыспен, не топтық күрестің өршуімен байланысты қандайда бір төтенше қиындықтар уақытында сенат консулға алты айдан аспайтын мерзімге диктаторды тағайындау туралы тапсырма беретін. Диктатор дағайындалғаннан соң барлық ординаталық магистратуралар экстратординаталық магистратураларға айналып, диктатордың өкілеттіктері мерзімінде толығымен оған бағынатын. Бұл кездегі диктатордың билігі шексіз болатын.

Рим әскері. Әскери қызметті бес разрядқа енген барлық азаматтар өткйтін. Оған тек толық құқылы, кем дегенде 11000 асс мүліктік цензге ие азаматтар жіберілетін, әскелер өздерінің мүліктік цензіне сәйкес әскердің әртүрлі түрлеріне бөлінетін. Әскерді консулдар цензорлардың құрастырған тізімдерінің негізінде жинақтайтын. Соғыс әрекеттері аяқталған соң әскер таратылатын.

Жергілікті басқару. Римнің жаулап алған Итальядан тыс жерлері, провинциялардың барлығын Римнен тағайындалатын, бұрын консул мен претор болып табылған магистраттар басқаратын. Олардың жергілікті жерлердегі билігі шексіз болатын.

## Тақырып №5
## «Франктердің мемлекеті мен құқығы» тақырыбы бойынша

### Жоспар

1. **Феодалдық тәуелділіктің қалыптасуы және оның нысандары.**
2. **Франк мемлекетінің пайда болуы.**

### 1. Феодалдық тәуелділіктің қалыптасуы және оның нысандары.

Франктерде мемлекеттің пайда болуының ерекшеліктері. Рим империясы Еуропаның ескі мемлекеттеріне жататын, онымен қатар күшті жаңа мемлекеттер пайда болды. Жаңа халықтар бір - біріне ұқсамайды, олардың құрылысы тайпаларға ұқсайды. Олар бір-бірімен жиі соғысатын. Парсылардың және римдердің империялары ыдырап, әлсіресе, дала тайпалары күшейіп, өрлеудің жаңа кезендеріне аяқ басты. Бұл тайпалар: ғұн, аландар, дала көшпенділері Батыс Еуропаға жылжыды. Еуропада герман тайпалары: франктер, лангобардтар, вандалдар, всстготтар және остготтар туған жерлерін қалдырып, басқа жаққа қоныс ауыстыра бастады. Олар Рим империясының Рейн және Дунай өзендерінің арғы жағалауындағы жерлеріне қызығып жүретін. Герман тайпалары бұл жерлерге бұрын да шабуыл жасаған болатын. Бірақ шығыс тайпалары қыса бастағаннан кейін, олардың белсенділігі күшейді. Герман тайпалары бұрыннан Рим империясының шекарасын қорғайтын әскерлерде қызмет атқаратын, бірақ бірсыпыра уақыт өткеннен кейін Рим императорлары герман халқынан шыққан әскерлерсіз өз жерлерінің шекарасын қорғай алмайтынын түсінді. Германдардан құрылған әскерге толық сенуге болмайтын. Оларды басқарған бастықтары өздерін Рим императоры ретінде мәлімдеп, азаматтық соғыс ашатын болды. Рим азаматтары әскерге қызмст істегісі келген жоқ.

Рим халықтары герман тайпаларының бәрін "варвар" жабайы деп атайтын. Бұл сөз гректерден рим халықтарына көшті, олар римдіктерден басқаның бәрін "варвар" деп атады.

Варварлар Рим империясын солтүстік шекарасы жағынан, франктер Рейн өзені жағынан, готтар, аландар және ғұндар Дунай өзені жағынан қыспаққа алды. Бұл тайпалар бір-біріне ұқсас болмаса да, оларды біріктіретін жалпы бір ортақ нышан - бәрінің атты әскерлері болды. Туғаннан ат құлағында ойнайтын олар өмірлерінің жартысын ат үстінде өткізетін. Рим империясының әскері көбіне ауыр қаруланған лешонерлерден тұратын. Бірақ 378 жылдан бастап гот пен хұндардан жеңілгеннен кейін, өз әскерлеріне өзгеріс енгізді.Оларда да атты әскер құрылды. Рим қоғамы екіге бөлінді: бір жағынан әскери адамдар, екінші жағынан әскерге қатыспайтын азаматтар. Варварлар олай бөлінген жоқ. Олардың бүкіл ер адамдары әскерге қатысатың көсемдердің де және басқа белгілі адамдардың да жеке сарбаздары болатын.

Бастық оларды қаруландырды, асырады және басқарды. Варварлар жауынгер болды. Олар көшпелі өмірді қалады, сол үшін де жаңа табыс, жер мен жайлау іздестіруге мәжбүр еді. Ақылды көршілерінен соғыстың жаңа әдістерін жылдам ұғып үйренетін. Сондықтан олар Рим империясын жеңіп, тізе бүктірді.

Рим империясының шекаралары 410 жылдан бастап бұзыла бастады. Италияны вестготтар, Галлияны вандалдар мен аландар басып алды. Төменгі Рейн жағалауында жүз жылдан астам уақыттан бері франктер тұрып жатты.

Солтүстік Африканы вандалдар тайпалары басып алды. Сонымен Рим империясы шегірен былғарысы сияқты құсырыла берді. 455 жылы Африкалық вандалдар Рим қаласын талап, өздеріне бағындырды, Италияны олар Рим императорына қалдырды, оның әскерлері франктерден тұратын. 476 жылы Одоакргерман әскери бастығы Ромул Августул - соңғы Рим императорын тақтан қуды да, мемлекет билігін өз қолына алды. Алайда оның қолына тигені Рим империясының қаңқасы ғана болатын.

Оңдаған ғасырлар бойы Рим бүкіл дүние жүзінің біраз елдеріне билік жүргізді. Ал енді оның дәуірі аяқталды. Ескі дүниенің күндері санаулы еді. Сонымен қатар жаңа дүние туды. Олар қазіргі Еуропа мемлекеттерінің негізін қалады. Сондықтан 476 жылды тарихшылар жаңа кезеңнің, жаңа дәуірдің басы деп санайды. Ежелгі мемлекеттердің орнына орта ғасырлар мемлекеттері келе бастады. Римді басып алған тайпалар Еуропа жерінде жаңа мемлекеттердің, яғни қазіргі Еуропаның негізін құрды. Рим империясының қаңқасынан пайда болған Франк мемлекеті ертефеодалдық Европаның ең ірі мемлекеттерінің бірі деп саналды. Ол дамуының ең жоғары шегінде қазіргі Франция, Бельгия, Люксембург, Нидерланд мемлскеттерінің кейбір аудандарын, ГФР, Италия және Испанияның жерлерін біріктірді. Демек, Франк мемлекетінің 400 жылдық тарихы қазіргі Еуропа мемлекеттер көшінің басы деп санауға болады.

Франк мемлекетінің пайда болу процесінің өзіндік ерекшеліктері көп. Галлия - Римнің ең бай провинциясы. Біздің дәуірдің бас кезіндегі V ғасырда ол өте терең дағдарысқа ұшырады. Құлдар, колондар, шаруалар, қаланың кедейлері көтеріліп, өздерінің жаулары германдық тайпалармен тізе қосып, билеуші таптарға қарсы шықты. Сондықтан Галлияның көп жерлері вестготтар, франктар, бургундтердің арасында өзара бөліске түсті. Герман тайпаларының ең күштісі - салистік франктар еді. Олар небәрі жиырма жылдай ғана уақытта мемлекеттің көп жерлерін бағындырып, басып алды.

486 жьшы Суассон деген жерде франктерден Галлиядағы Римнің соңғы намсстнигі Сиагрий жеңілді. Салистік франк тайпаларын белгілі Меровинг руының өкілі, он тоғыз жасар Хлодвиг басқарды. Франктер әскери шабуылдармен өз жерлерін кеңейте берді, бесінші ғасырда бүкіл франк корольдері Меровинг руының тұқымдары болатын. Бірақ олардың қоғамдық құрылысында әскери демократияның қалдықтары өте көп сақталған еді. Христиан дініне ету үшін Хлодвиг өзінің әскерінің келісімін он жылдай күтті. 496 (497) жылы Рим католик шіркеуімен одақ құрғаннан кейін ғана

өзінің жағдайын нығайтты. Суассон жеңісінен кейін 22 жыл өтті. Енді Хлодвиг мемлскетінің шекарасы Пиренейден Жерорта теңізіне дейін созылды, Рейн өзенінің оң жағалауы да оған кірді.

Франктер Галлияны басып алғаннан кейін оларда таптық қоғамның құрылуы мен мемлекеттің пайда болу процестері жедел өтті. Франктердің әскери көсемдері Галлияға жорыққа барып келгеннен кейін қатты байыды. Олар жаңа жерлерге, малға, құлдарға ие болды. Кейін басы бос туысқандарын да өздеріне бағындыра бастады. Франк шаруалары жаңа жерде қауым құрды, ол марка деп аталды. Қауымдағы бүкіл орман. жайлау, құнарлы жерлер марканың жеке меншігінде болды. Франктердің көбі жеке бостандығы бар адамдар болғандықтан, олар ауыл шаруашылығын мемлекет басқару функциясымен қоса атқарды. Олардың құқықтары мен міндеттері мынандай болатын: әскерге қатысу, жүздіктің жиналысына бару, сот шешімдерін орындау, сот қызметкерлерін сайлау, әскери табысты бөлісу. Әрбір бос франктің үйі, жер үлесі, шетелден келген құлды, яғни, жартылай бостандығын сақтаған литті жеке меншігінде ұстады. Бұдан басқа оның ормандарды, жайлауларды, суды басқаларымен қатар пайдалануға құқығы бар болатын.

Бір ауданның адамдары қауым құратын. Қауымның адамдары бір біріне көмек беретін, өлген адамдардың жерін және бөлінбеген жерлерді бірге пайдаланатын. Ерікті франктерге франк аксүйектері қарсы тұрды, бірақ алтыншы ғасырда олар ерікті франктерді әлі езуге сала алмаған еді. Маңызды мемлекеттік қызмет орындары ақсүйектердің қолында болатын. Олардың жеке меншігін шетелдік құлдар жоне кейбір тоуслді адамдар күрайтын.

Құнарлы жерлер үлеске бөлініп, әрқайсысы жеке отбасыларға пайдалануға берілді. Уақыт өте келе жаңағы үлестер әр отбасының жеке меншігіне айналды. Жаулап алған жерлердегі бағынышты халық сезіне түсті. Бірақ Римдік ақсүйектер өздерінің байлықтарын сақтап қалған болатын. Франктердің және галлоримдердің ақсүйектері өзара аралас-құралас болып, біріге бастады. Олар халықты өздерінің үстемдігіне көндіріп, ортақ мүдделерін қорғау үшін мемлекет құрды. Рулық қоғамның орнына мемлекеттік құрылыс пайда болғаны да осы кезең.

Мемлекетті жоғары лауазым иесі-король басқарды. Оған өскер, түрме, басқа күш қолданатын органдар жәрдем жасады. Франктердің жерлері округтерге белінген еді. Олар паги деп аталды.

Франктердің бірінші королінің есімі Хлодвиг (486-511). Ол Меровингтер руынан шыққан косем. Хлодвиг осксрге басшылық еткен уақытта бүкіл Галлияның жерлерін франктер басып алған болатын. Оның ақыл-ды іс-әрекеттері аз емес. Айталық, ол христиан дінін қабылдап, Рим ка-толик шіркеуінің қанатының астына кірді. Король атағы оның ер бала-ларына мұралықпен берілетін. Сондықтан франк мемлекетінің корольдері Хлодвигтің тұқымдары болатын. Корольдің қолында маңызды мемлекеттік артықшылықтар болды. Ол халық әскерін басқарды. Ол оскерге франктер

ғана емес, галло-римдер де қатысатын. Король епис-коптармен және жоғары вельможалармен ақылдасып, бүкіл жоғары қызметкерлерді тағайындады. Оларға сыйлық ретінде жер және басқа заттар таратты. Корольдің сарайы ең жоғарғы мемлекеттік орган болды.

### 2. Франк мемлекетінің пайда болуы

Франк мемлекеті ерте-феодалдық мемлекеттер қатарына жатады. Бұл мемлекет феодалдық қарым-қатынастарға құрылған. Мұның өзі жаңа қарым-қатынастар үстемдік ететін екі топты жоғары көтерді. Олар франктер мен галлоримдер. Дегенмен олардың феодализмге келу жолы бірдей емес еді. Франктер феодализмге рулық қоғам ыдыраған соң келсе, римдер құл иеленушілік қоғамның барлық кезендерінен өтіп, құл иеленушілік дағдарысқа ұшырағаннан кейін ғана феодализм жүйесіне бет бұрды.

Франк монархиясының бірінші кезені Меровинттердің монархиясы деп аталады. Хлодвиг қайтыс болғаннан кейін оның балалары бір-бірімен тіл табыса алмай, соғыс бастады. Бұл шиеленіс жүз жылдан аса уақытқа созылды. Мемлекет бірнеше рет ұсақ тәуелсіз мемлекеттерге ыдырап кетті. Жетінші ғасырдың басында Король феодалдарды өзіне қарату үшін жерге қатысты жаңа саясатын жүргізе бастағаннан кейін ғана жағдай тынышталды. Ол феодалдардың жеке меншігіне көптеген жер үлестерін таратты. Бұл жерлер "бенефиций" деп аталатын. Жер үлесін алған феодал корольге қызмет істеуге міндетті болды. Кейін бұл жерлер аллодқа айналды. Аллод дегеніміз - толық жеке меншікке жататын жерлер. Сонымен, корольдің жасақтары мен әскерлері жерге ие болды. Меровингтср тұсында бұлар тез байып кетті. Феодалдармен қатар шіркеу де ауқаттанып, нығая түсті.

Франк шаруаларының да жағдайлары өзгерді. Олардың арасында саралау процесі басталды. Шаруалардың кебі жеке бостандығын жоғалтып, жерінен айрылып, амалсыз прекарлық қағаз /грамота/ жазуға тиісті болды.

Прекарий Шаруа өзінің экономикалық тәублсіздігін қорғай алмайтынын көріп, меншігіндегі кішкентай жер үлесін өміршіге беруге мәжбүр болды. Әмірші сол жерді оған кері қайтарып, қосымша жер кесіп берді. Бірақ ендігі жерде шаруа өзінің феодал әміршісіне қарыздар болып қалды. Оны өтеу үшін жұмыс істеп, салық төлеуіне тура келді. Прекарлық қағаздарда (шартгарда) шаруаның жеке басының міндеті туралы ештеңе айтылмады. Бірақ бұл шарт шаруаның жеке басын феодалға бағындыруға жағдай туғызды.

Бенефиций - феодалдық үстемдігінің екінші түрі. Жерді берген адам бұл шарт бойынша "сеньор, вассал" деп аталады. Ал жер алған адам "бенефициарий" делінеді. Вассал екеуінің арасындағы шарт бойынша шаруа жерді алғаны үшін әскери міндетін өтеуге тиісті. Бенефициарий керек кезінде жылына бір рет қырық күн вассалдың әскерінде соғысуға міндетті еді. Кейбір жағдайларда ол мемлекеттік аппаратта басқа да қызметтер атқаратын.

Осылайша Франк мемлекетінде біртіндеп вассалитеттік қарым-қатынастар орныға бастады. Феодалдардың жерге жеке меншігі күшейген сайын, олардың әскери, полиция, сот және қаражат биліктері де нығайды. Олар өздерінің күшейген биліктерін иммундық қағаздармен белгіледі. Феодалдардың қолында осындай иммундық қағаз болса, мемлекеттік қызметгегі адамдардың юрисдикциясына бағынбауға құқылы болатын. Сот, полиция, қаражат қызметтері феодалдың қолында жинақталды. Феодал өзінің жерлерінде тұрып жатқан адамдарға сот, әкімшілік және азаматтық билікті жүргізуге құқылы еді.

Франк ақсүйектерінің күшеюіне галлорим магнаттарының әсері тигенін айта кетуіміз керек. Біріншіден, галлоримдердің саны басым болды. Екіншіден, олар франктердің ақсүйектерімен қосылып, бір сословие құрды. Рентаның пайда болуы, ірі жеке меншік иесінің ұсақ жеке меншік иесін қанауы және байлықтың арқасында қызмет-бабымен жоғарылауы, шаруалардың тәуелсіздігін жоғалтуы - осы нышандардың бәрі феодалдандыру процесінің өркен жайғаның дәлелдейді.

Германдар мен галлоримдер қарым-қатынастарының бір-біріне тигізгені әсері этика санасынан да көрінеді. Франктер, бургуидтер, алемандар және галлоримдер ассимиляция процесіне ұшырады. Бұл процесте галлоримдердің ықпалы, олардың жоғары мәдениеті, тілі, құқығы және саяси мәдениеті мықты әсерін тигізді. Бірақ, германдардың әлеуметтік-мәдени әсері де осал емес еді. Олар да өздерін ең маңызды саналарда көрсете білді. Мемлекет франк мемлекеті деп аталып, басқа атауларда бәрі көбіне франктердің тұрмыс салтымен тығыз байланысты болды.

Мемлекеттік құрылыс Франк мемлекетінің ерте феодалдық монархиясы күрделі де, шиеленіскен жолмен орнықты. Күшті мемлекеттік аппарат құрылғаннан кейін ол өз күшін, бостандығын сақтаған франктерді үстем тапқа бағындыру үшін және көрші мемлекеттерді басып алу үшін пайдаланды.

Карл Мартеллдің реформалары. Карл Мартелл (715-741 жылдары) майордом қызметін атқарды. Оның реформаларын жер реформасы деп атауға болады. Король ретінде ол езінің ісін саяси қарсы тұрған адамдардың жерлерін тәркілеуден бастады. Бұдан кейін шіркеудің де жерінің бір белегін тартып алып, секуляризацияға ұшыратты. Ол корольдің жер қорын құрды. Бұл жер қорын ол "жаңа ақсүйектерге" бенефиций ретінде таратып берді. Бенефиций жерлерін алған феодалдар корольдің әскеріне қызмет істеуге тиісті еді. Олар әскерге өзінің қаруланған адамдарымен келуге мәжбүр болды. Бенефициарийге берілген жердегі тәуелді шаруалар. Бенефициарийлерге салық төлеуге тиісті еді. Сонымен, бенефиций шарттары өмірге вассалитет қарым-қатынастарын әкелді.

Бенефицийден басқа коммеидация, прекарий және өзін құлдыққа сату сияқты шарттар жиі кездесті.

Карл Мартеллдің реформасынан кейін Франк мемлекетінде орталық билік нығая бастады. 751 жылы Карлдің баласы Пипин феодалдар мен

шіркеу қызметкерлерінің жалпы жиналысында король болып санланды. Мемлекеттің гүлденген кезеңі ұлы Карл басқарған уақытпен тұстас (ҮШ-ғасырдың екінші жартысынан IX ғасырдың бас кезіне дейін). Ол мемлекеттің шекарасын үлкейтіп, Батыс Германияны, Солтүстік Италияны және Солтүстік Испанияны мемлекетіне қосып алды.

Ірі феодалдар мен шіркеу қызметкерлері корольдің кеңесіне кіретін. Бұл Кеңес корольдің билігін шектейтін. Көктемде феодалдар өздерінің Ұлы жиналыстарына қатысатын, бұл жиналыс "Наурыз дала" деп аталды. Феодалдар осы жиналысқа каруланып келетін және өздерінің әскери дайындығын көрсететін. Ірі феодалдар осылайша корольдің билігін шектейтін еді.

Хлодвиг әртүрлі әдіс қолданып, қарапайым әскер басшысынан жеке басшыға айналды. Жеке билік үшін Хлодвиг тайпалар көсемдерінің көзін жойды, туысқандарды да өлтірді. Неше түрлі арамдықтарды қолданудан ол тайынған жоқ.    Хлодвиг христиандардың дінін алып, мемлекетті нығайтты. Бірақ корольдің билігі күшті болғанымен, рулық қоғамның кейбір басқару органдары сақталып қала берді. Франктердің жалпы тайпалар жиналыстарының орнына "Наурыз дала" деген жиналыстар келді. Мұндай жиналыстарда Хлодвиг әскерінің сапасын талпынады .  Жетінші ғасырдан бастап Наурыз дала жиналысы ақсүйек қызметкерлердің жиналысына айналды. Король және оның тәңірегіндегілер шешімдері алдымен осы Наурыз дала жиналысында талқыға салынатын.

Корольдің өзі бейбітшілік кепілі болды, ол қауымның шығарған шешімдерін орындайтын, заң шығаратын. Король әскер, сот процесі туралы зандар шығарды. Король өз билігін мұрагерлік түрінде балаларына қалдыру құқығын иеленді. Корольдің қызметкерлері минестериалдар деп аталды.

Олардың арасындағы басты қызметкердің лауазымы - майордом болды. Бұрын майордом сарайдың шаруашылық ісіне ғана жауап беретін, келе-келе оның билігі күшейіп, ең беделді қызметкерге айналды. Ол корольдің бірінші көмекшісі және орынбасары болды. Майордомның қолындағы билікті пайдаланып, мемлекеттік төңкеріс жасаған жағдайлар да кездесті. Майордом король сарайының басшысы болғандықтан, қызметкерлердің барлығы соған бағынатын. Қызметкерлердің басым көпшілігін ол өзі тағайындайтын.

Пфальцграф-корольдің сарайындағы сотты басқаратын лауазым иесі. Тезаурарий - дәулетті сақтаушы, ол бүкіл материалдық игілікке ие болып, соның сақталуына жауап береді. Ол мемлекет қазынасының сақталуына да жауапты болды. Франк мемлекетінде корольдің және мемлекеттің қаражаты бірге сақталатын.

Маршал-корольдің атты өскерін басқаратын адам.

Архикапеллан-корольдің діни қызметкері. Сарайдағы шіркеу қызметкерлерінід ішіндегі ең жоғары дінбасы. Ол міндетті түрде король кеңесінің мүшесі болды. Камерарий-король қазынасына салықтың түсуін бақылаушы жөне сарай мүлкінің сақталуына жауапты адам. Аталған

қызметкерлердің ара-сындағы биліктердің бөлінуі әлі де зерттей түсуді қажет етеді. Ссбебі-кызметтік иерархия әлі жеткілікті анықталмаған.

Мемлекет жерлері паги деп аталып, аудандарға бөлінетін. Оларды басқаратын графтарды корольдің өзі тағайындайды. Графтың қарауында әскер паги жүздікке бөлінді. Жүздікті басқаратын адамды халық сайлайтын. Жүздік қауымға белінді, қауымда жергілікті өзін-өзі басқару принциптері сақталды.

Бірнеше округтер герцогтіктерге бірікті, оларды герцог басқарды. Герцогтср баскару қызметінен басқа шекараны қорғауға тиісті бодды. Өмірдің баска саласында оның функциясы графтың қызметіне ұқсас.

Сот. Жоғарғы сот билігі монархтың қолында болды. Ол сот қызметін аксүйектердің өкілдерімен бірлесіп атқарды. Корольдің кеңесі ең ауыр қылмыстарды қарайтын.

Бірақ сот функдиялары бұрынғысынша қауымның билігінде қала берді. Қауым өз жерінде жасалған кылмыстарға жауапты болды, сотқа қатысты, акт берген адамдарды белгіледі, келмеген адамдарды сотқа апаруға тиісті болды және вергельд деп аталатын айыппұлды туысқандарына келсуге көмектесті.

Негізгі сот органдары-жүздіктің соттары. Олар бұқара халықпен тығыз қарым-қатынас жасады, сондықтан мұндай соттың абыройы жоғары еді. Олар өз қызметінде халықтың әдет-ғұрпын сақтап, кебіне сол нормаларды қолданатын. Бірак бірте-бірте олар да монархияның құралына айналып, өзінің тәуелсіздігін жоғалта бастады.

Жүздіктің сотын тунгин басқаратын. Сот қызметкерлері соттың рахинбургтері деп аталды. Сот мүшелігіне бай әрі кұкык мәселелерін жетік білетін адамдар сайланды. Сот мәжілісіне тәуелсіз және құқығы толық ерікті адамдар қатыса алатын. Король сайлаған адамдар сот процесінің дұрыс және занды өтуін ғана қадағалайтын.

Әскер. Франк мемлекетінің халық әскері феодалдық әскерге айналды. Меровингтер кезеңінде әскердің негізін корольдің сарбаздары құрайтын. Олар жақсы каруланған және жеткілікті жалақы алатын. Сондықтан олар король тағының басты тірегі болып есептедді, шаруаларды басу үшін король өзінің сарбаздарын жұмсайтын. Кәсіпқой әскермен қатар халық әскерлері де сақталды, олар басқа мемлекеттермен соғысқан жағдайда керек еді. Бұл әскерлер бірте-бірте тек қана көмек беретін әскерге айналды. Корольдің кәсіпқой әскерлері де жерге ие болғаннан кейін корольге бұрынғыдай біржола бағынбайтын болды. Осы себептер әскерді әлсіретті де, Карл Мартелл әскерде реформа жүргізуге мәжбүр болды.

Каролингтер монархиясының ерекше нышандары сегізінші ғасырдан IX ғасырдың ортасына дейін сақталды. Сегізінші ғасырдың басында Франк мемлекетіне әскери қауіп төнді. 718 жылы арабтар Пиреней жарты аралын өздеріне толық бағындырып, Галлияға кірді. Сол жылы олар Септиманияны жаулап, Аквитания мен Бургундияға көз алартты. Ол үш мемлекеттің майордомы ретінде корольдердің орындарын әдетте босалқы ұстады. Оның ең табысты реформасы-әскери реформа еді.

Реформаның негізгі мәселесі - бенефиций. Бенефиций үшін рыцарьлер әскерге келетін болды. Олар ақы ретінде жер алушы еді. Жер үлесі бенефиций деп аталды. Бенефиций әкесінен баласына мұра ретінде берілетін. Жер берумен бірге әскерге қатысу міндеті де жүктелді. Бұл реформа әскерді күшейтті де, соғысты табысты ету үшін жаңа мүмкіншілік туғызды. Корольдің өзі әскерін өз халқына қарсы пайдаланған кездері де болды.

Король әскерге байлығы орташа адамдарды жинайтын. Олар негізінен атты әскерде кызмет етуге тиісті болды. Мықты әскер жасақтау үшін Карлге қанша уақыт керек болғаны белгісіз. Бірақ 832 жылы Пуатье деген жерде арабтарды тоқтатып, жеңгені анық. Арабтардың басшысын, Испанияның наместнигін - Абдар Рахманды өлтірген кісі. Арабтар келесі күні кейін бұрылып кетті. Карл -"Мартелл" деген ат алды, бұл сөз "балға" деп аударылады. Карл Мартелл бүкіл Еуропаға қауіпсіздік туғызған арабтардың экспансиясын тоқтатты. Арабтардан кейін Карл және оның Қысқа Пипин деген баласы (751-768) Аквитанияда, Прованс, Септимания жерлерінде корольдің билігін қалпына келтірді. Алемандар мен баварларды өздеріне бағындырып, фриз бен сакстерді салық төлейтін етті. Осы саясат Карлдың абыройын котеріп, Франк мемлекетін күшейте түскен еді. 751 жылы Пипин Қысқа Франктың королі болып таққа отырды, оны Суассон қаласында король етіп жариялады. Сонымен Меровингтер әулетінің билігі аяқталып, Карлдың атымен аталған Каролингтер әулетінің билігі басталды. 775 жылы Пипин Рим папасына көмек беріп, оның қорғауына кірді. 768 жылы Пипинның баласы Карл таққа отырды, ол лангобардтармен соғысып, 774 жылы Альпы тауларынан өтіп, Италияны жеңді. Шынында, ол енді франктердің және лангобардтардын королі болып, Римның басшысына айналған еді.

Карл шабуылын тоқтатқан жоқ. Ол солтүстік Германиядағы сакстерді өзіне бағындырып, христиандардың иелігіне айналдырды да, маврлерден Испанияның солтүстігін тартып алды. 800 жылы ол франктердің, Батыс Германияның және Солтүстік Италияның басшысы болды. Сол жылы Рим папасы Лев үшінші басына тәж кигізіп, оны Рим империясының Ұлы императоры деп атады. Енді франктердің королі Ұлы Карл қайтадан Рим империясының басшысына айналды. Император шіркеуге қол үшін беріп, тылым мен білімге жол ашқысы келді. Ол өзі жазу білмесе де, латын мен грек тілін жақсы түсінетін. Сондықтан халыққа арналған заңдар жазып шығаруға тапсырма берді.

Каролингтердің әскери реформалары тәуелсіз шаруалардың санының өсуіне әсерін тигізді. Енді үш, яғни, төрт жер үлесі бар шаруалар атты әскерге қатысуға тиісті еді. Бұл жағдай шаруаларды әскерге қатысудан босатты деп санауға болды. Шаруалар сот процесіне көбіне қатыспайтын. Сөйтіп олар белсенді рөлінен біртіндеп айырыла бастады.

Тоғызыншы ғасырдың басында Франк мемлекеті өзінің мейлінше нығайған ең жоғарғы сатысына көтерілді. Ол бүкіл Батыс Европаны бағындырды. Шекара бойында оның күшті жаулары болған жоқ. Бұл бір тұтас мемлекет құрған ұлттарды біріктірген әскермен соғыс жолы ғана еді.

Франк қоғамының экономикасы натуралдық сипат алды, яғни, аудандардың арасында мыкты байланыс болған жоқ. Франк мемлекетінің ыдырауына әкеліп соккан бүдан да басқа себептері аз емес.

843 жылы Верден қаласында құрылған шарт негізінде мемлекет үшке бөлінді. Ұлы Карлдың немерелері атасының империясы үшке бөлді: олардан болашақта Франция, Германия және Италия мемлекеттері құрылды.

## Тақырып №6
## «Франция және Англияның феодалдық мемлекеті мен құқығы»

### Жоспар

1. **Мемлекеттіліктің пайда болуы. Францияның феодалдық ыдырау кезеңі.**
2. **Франция сословиялік-өкілдік монархия және шексіз монархия кезеңі.**
3. **Ертефеодалдық ағылшын-саксондық монархия. Англияның мемлекеті мен құқығының тарихының кезеңдері.**

### 1.Мемлекеттіліктің пайда болуы. Францияның феодалдық ыдырау кезеңі.

Натуралдық шаруашылық үстемдігі, қолөнер мен сауданың нашар дамуы Ұлы карл империясының өркендеуіне мүмкіншілік туғызған жоқ.843 жылы Верден қаласында құрылған шарт бойынша империя үшке бөлінді. Қазіргі Франция, жерлері Қасқа Карлдің иелігіне тиді.

10 ғасырдың соңында Францияда Францияда 10000-дай феодалдық иеліктер болатын. Олардың жер көлемдері әртүрлі болды және сеньория деп аталды. Сеньориялардың біреулері корольдің билігінде болса, екіншілері корольге ант берумен ғана шектеліп, өзінің тәуелділігін сақтап қалды. Сол кезеңде Францияда ұлттық билік әлі пайда бола қойған жоқ еді. Француз ұлты 16-ғасырда қалыптаса бастады. Ол галдардың, римляндардың, бриттердің, франктардың ұрпақтарынан пайда болды.

Францияның ең ірі сеньориялары Нормандия, Фландрия, Бретань, Бургундия, Аквитания, Касконь иеліктеріне Инжу, Турень, Мэн, Пуату, Тулуз, Шампан, Паккардия графтіктері жататын. Франция тарихының бірінші кезеңінде көбіне ауыл шаруашылығы басым болатын. Қолөнер егін шаруашылығынан енді-енді бөліне бастаған. Шаруашылығы натуралдық болғандықтан, тауар-ақша қарым-қатынастарының дамуы өте төменгі денгейде еді.

Францияның мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері:

1. Кезең – феодалдық ыдырау кезеңі (IX-XII ғғ)
2. Кезең – сословиелідегі өкілдік монархия кезеңі(XIV-XV ғғ)
3. Кезең – шексіз монархия кезеңі (XVI-XVII ғғ)

Француз мемлекетң Каролингтер империясы құрылған соң пайда болды. Негізгі антагоникалық топтар болып феодалдар мен феодалдық-тәуелді шаруалар табылды. Өзінің таптық мәні бойынша мемлекет феодалдар диктатурасы болып табылады.

*Феодалдық ыдырау кезеңі.*

Қоғамдық құрылым. Өндірістің негізгі құралы жер үстемдік құрушы топтың монополиялық меншігіне айналады. Шаруалардың тұрақты пайдалануына, ал кейбір жағдайларда иелігінде қожайын жерінің аздаған учаскелерінің-порцел-лолар ғана болады.

Феодалдық – тәуелді шаруалардың негізгі тобы болып серволар (өз қожайынына жеке және мұрагерлік тәуелділікте болған, сол үшін бірқатар міндеттерді атқарған және салықтар мен төлемдер төленген) мен виллондар (жеке бас бостандығы бар,өз парцеллосын басқа тұлғаға сата алған, сеньорлық міндеттерден босатылған) табылған.

Мемлекеттік құрылым. Мемлекеттің басында патша тұрған, оның билігі сайланбалы болған (патшаны оның вассалдары мен шіркеудің жоғарғы иерархтары сайланған).Мемлекеттегі жағдайға әсер ететін жалғыз жалпы мемлекеттік орган ретінде патша куриясы (Ұлы кеңес) қызмет еткен, ол патшаны вассалдары мен шіркеудің жоғарғы иерархтарынан құралған.Ұлы кеңес съезд нысанында жұмыс істеген , ол патшаны төрағалық етуімен жиналып отырған.

Бұл кезеңде басқарудың арнайы органдары болған жоқ. Лауазымды тұлғалар министериалар – болып патша сарайының шаруашылығын басқаратын сарайды басқарушылар табылды. Патшаның иеліктері домен деп аталды. Бүкіл домен округтарға – превотаждарға бөлінді, олардың басында преволар тұрды. Орталықтағы минимтериалдар мен жергілікті жерлердегі преворлар патша тағайындайтын және олар патшаның өкімдерін бұлжытпай орындайтын.

Сот. Әрбір еркін адамның «теңдік соты» арқылы соттасуға құқығы болатын, нақты бір адамның соттылығы оның қоғамдағы әлеуметтік жағдайына қарай анықталатын. Жоғарғы сот болып Патша куриясы табылатын. Жергілікті жерде сенвориалдық юстиция үстемдік құрған, ал жоғарғы рангілі сенворлар үлкен сот билігін – «жоғарғы юстицияны» иеленген, бұл оның жазасы жазалатын қылмыстарды тергеуді білдіретін.

## 2. Франция сословиялік-өкілдік монархия және шексіз монархия кезеңі.

Қоғамдық құрылым. Тауар ақша қарым-қатынастарының дамуы шаруалардың құқықтық жағдайларын өзгертті. Сервтердің саны азайды да, шаруалардың көбі ерікті ценз төлеушілерге айналды. Олар өздерінің сеньорларына ценз деп аталатын ақша рентасын төлейтін болды. Рентаның бағасы біртіндеп өсе бастады. Франция мен Англияның арасындағы жүзжылдық соғыс феодалдық қанаушылықты күшейтті де, шаруалардың жағдайын нашарлатып, таптық күрестің шиеленісуіне әкеліп соқты. Соғыс уақытында көптеген феодалдардың жерлерін король тәркілеуге ұшыратып, өзін жақтайтын уақ феодалдарға алып берген болатын.

14-15 ғасырларда Францияда сословиелік құрылыс аяқталды. Соның нәтижесінде үш ірі сословие пайда болды: Бірінші сословиеге шіркеу

қызметкерлері жататын. Король Рим папаларымен күресіп, 14 ғасырда оларды жеңіп шықты. Шіркеу қызметкерлері француз ұлтының бір бөлегі деп саналды және корольдің заңдары бойыеша өмір сүретін болды.
Шіркеудің құқығы шектелді де, юрисдикциясы азайды.

Шіркеу бұрынғыдай өзінің сот иммунитетін сақтап қалды, салық ретінде өз шаруаларының табысының оннан бірін алатын. Ол мемлекет аппаратында қызмет еткден босады да, салық төлегенде белгілі бір жеңілдіктерге ие болды.

Мемлекеттің екінші қоғамдық топтары-дворияндар, ақсүйектер. Олар бұрынғыдай өзінің сот және салықтық иммунитетін сақтады. Дворияндар жабық, консервативтік сословие болатын, олар корольдің вассалдары емес, қызметшілері болып саналатын. Тек дворияндар жерді жеке меншік ретінде иеленуге құқылы еді. Рента құқықтарының бәрі мұрагерлік жолымен берілетін. Дворияндар атақ алуға, елтаңба да иеленуге құқылы болатын. Бұдан басқа олардың сот жеңілдіктері де көп еді, мемлекетке салық төлеуден де босатылған болатын. Олардың жалғыз міндеті – корольдің әскерінде қызмет атқару.

Шаруалардың арасында серварлардың (жеке тәуелді шаруалардың) орнына цензитариялар-жеке бостандығы бар шаруалар мен цензивалар-мұрагерлік жер үлесін ұстаушылар келді. Негізгі үш сословияның қалыптасуы аяқталды, олар: дін қызметкерлері, ақсүйектер және «үшінші сословия», бұл сословиеге халықтың қалған барлық бөлігі кірді және олар салықтар төлеп, әртүрлі міндеттерді атқарды.

Мемлекеттік құрылым. Саяси ыдыраушылық жойыла бастады. Мемлекет сословиелік-өкілдік монархия санының иеленді: қатысты түрде қуатты патша билігі сословиенің өкілділігі –жоғарғы кеңесуші кеңеспен-Бас шарттармен үйлеседі. Барлық үш сословие – Бас шарттарда жеке палаталар ретінде орнығады. Барлық сұрақтар палаталарда жеке-жеке қарастырылатын болды, шешім дауыстардың көпшілігімен қабылданып, шешімді бекіту барлық палалатардың бірлескен жиналысында жүзеге асты.

Мемлекеттік басқару органдарына мыналар жатты: мемлекеттік кеңес-басқарудың жекелеген салалрына жалпы жетекшілік пен бақылауды жүзеге асырды, есеп палатасы-қаржылық басқарудың жоғарғы органы және Парламент-жоғарғы сот.

Лауазымды тұлғалардың арасында ерекше маңызды мыналар иеленді: канцлер – лауазымды тұлғалардың қызметіне ағымдағы басқару мен бақылауды жүзеге асырды; коннетабль – патша әскерінің қолбасшысы; камерарий – патша қазынасын басқарды; плптиндер – патшаның ерекше тапсырмаларын орындайтын патша кеңесшілері және легистер – рим құқығы курсын меңгерген шенеуніктер.

Жергілікті басқару. Патша доменінің аумағы бірдей әкімшілік бірліктерге-бальяждарға бөлінді, олардың басында патша тағайындайтын шенеуніктер-бальялар тұрды. Бальяждар превотаждарға бөлінді, ал олар переворлар басқарды. Переворлардың қолында округтағы әскери, әкімшілік,

қаржы және сот билігі үйлескен болатын. Қалаларда қалалық өзін-өзі басқару органдары- коммундар болған.

Сот. Жоғарғы аппеляциялық сот болып Парламент табылған, ол бірнеше палаталардан тұрған: үлкен (сот), тергеу палатасы және сұраныстар палатасы.

Франция шексіз монархия кезеңі.

Қоғамдық құрылым.

Бүкіл кезеңдегі тарихтың негізгі сипаты болып феодолизмнің қойнауында капиталистік өндірістік қатынастардың туындауы табылады. Осыдан барып, негізгі қанаушы тап-феодалдардан басқа, қанаушылардың жаңа табы – буржуазия пайда болды, ол қалалық патрицаттан – бай саудагерлерден құралды.

Мемлекеттік құрылым.

Шексіз монархия заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерінің қызметін мұрагер басшысы - патшаның қолына шығарумен сипатталды. Бұл Бас шарттардың қызметінің тоқтатылуына алып келді, Парламенттің құқықтары бірден шектелді, шіркеу толығымен патшаға бағынады.

Жергілікті басқару. Патшалықтың аумағы генералитетке, губернаторлықтарға, диоциздерге, бальяждарға және интенданттықтарға бөлінді, олар қаржылық, әскери, шіркеулік, сот және әкімшілік мекемелердің аумақтық бөлімшелеріне сәйкес келеді. Жергілікті жердегі басқаруды интенданттар-патшалық үкіметінің аса өкілетті тұлғалары жүзеге асырды.

Сот. Қарастырылып отырған кезеңде бір мезетте бірнеше сот жүйелері қызмет етті: патшалық, сеньориалдық, қалалық және шіркеулік соттар, алайда олардың құдіреті нақты ажыратылмайтын.

Құқықтың негізгі сипаттары.

Феодализм таратылғанға дейін Франция біртұтас құқықтық жүйені білмеген. Құқықтың аумақтық әрекет ету қағидасы орын алған болатын, яғни, халық өзі өмір сүретін аумақта қалыптасқан құқықтың нормаларына бағынатын.

Қылмыстық құқықта қылмыстардың барлық жиынтығын үш санатқа бөлуге болады:

1. Дінге қарсы қылмыстар;
2. Мемлекетке қарсы қылмыстар;
3. Жеке тұлғаларға қатысты қылмыстар;

Жазалар келесі топтарға жинақталады:

а) Ауыр жазалар;

ә)Мүшелерге зақым келтіруші жазалар;

б)Түрмеде қамау және мерзімдік айдау жұмыстары;

в)Ар ұятқа нұқсан келтіруші жазалар және айыппұл.

Қылмыстық процесс екі кезеңге бөлінді:

Біріншісі, қылмыскерлерді құпия түрде іздеу және хаттамамен рәсімделетін оны анықтауға байланысты қажетті тергеу жұмыстарын жүргізу;

Екіншісі, жариялы және ашық сот өндірісі.Франциядағы феодалдық құқықтың негізгі нышандары.

Құқықтың қайнар көздері. Франция құқығының дамуының қайнар көздеріне көбіне әдеттер жататын. Бұл кезде жалпы құқық жүйесі Францияда әлі құрылған жоқ еді. Франция екіге бөлінетін, шекара Лаура өзенінен өтетін. Оның оңтүстік жағасында жазбаша құқық қолданылатын еді. Бұл жерлерде рим құқығының әсерлері өте күшті болатын. Рим құқығын университеттерде оқитын. Корольдердің биліктері күшейген сайын, рим құқығының әсері күшейді. Бұл құқық жалпы әдет деп аталатын. Францияның солтүстігінде бұрынан келе жатқан кутюм деген әдеттер қолданылатын.

1453 жылы Карл жетінші кутюмдерді, әдеттерді, соттың формулаларын парламентке басынан аяғына дейін жинап, бекітті. Бұл жұмысты одан кейінгілер де жалғастырды. Сонымен заң күшін алған жергілікті кутюмдер саны 300-ден асты. Абсолютизм кезінде әдеттерді жинап шығаруға тиым салынды.

Жазылған құқықтың қайнар көздеріне жарлықтар, эдиктер, ордонанстар жататын. Король билігінің актілері алдымен тек корольдің жерлеріне ғана қолданылды. 16 ғасырдан бастап корольдің актілерін Париж парламенті бекітетін тәртіп қалыптасты. Парламаент бұл актілерді бекітпесе, оның заң күші болмайтын еді.

Король актілерінің рөлі күшейе түсуі – 17-18 ғасырларда қылмыстық құқықтың бір қатар ордонанстары шықты. Бірақ жалпы құқық жүйесі Францияда қалыптасқан жоқ. Оның құқығы да, сотты да өте шиеленіскен және күрделі жағдайда болды.

Жеке меншік құқығы.

Негізгі жеке меншік құқығы жерге қатысты қолданылады. Құқықтың құрылысы иерархиялық болған, олар шектелген сипатта еді. Бұл құқықтар көбіне феодалдардың қолына жинақталды. Жердің бірнеше құқықтық жағдайлары болатын. Оған аллод, бенефиций, феод жатады.9-ғасырда бенефиций феодқа айналды. Вассал феодқа ие болу және пайдалану құқықтарын ұстаған еді, жерді пайдаланып алған өнімі оның жеке меншігін құратын, бірақ оның жермен байланысты басқару құқығы шектелген еді

Қылмыс пен жаза.

Қылмыс жеке ренжісу әкелген іс деп белгіленді. Ол жеке адамдардың мүддесіне байланысты. Әкелген зиян үшін жаза қлданылады. Бірақ11-12 ғасырларда қылмысты тек қана жеке іс емес, бейбітшілікті, феодалдық тәртіпті бұзатын іс деп түсінді. Жазалар өте қатал болды. Адамдардың жазасын дәлелдемесе де, олар жауапкершілікке тартылды. Қылмыстардың құрамы анық белгіленбеген.

Ең ауыр қылмыстар. Оны жасағандарға өлім жазасы қлданылатын. Бұндай қылмыстарға адамды өлтіру, зорлау, өртеу, ұрлық, діни қылмыстар, өтірік ақша шығару жататын.

Жеңіл қылмыстар. Оларға өлім жазасы қолданылмайды. Жаза түрлері тек қана тәркілеу мен түрмеге қамау болатын.

Қылмыстарды тағы үш түрге бөлуге болатын: дінге қарсы қылмыстар: құдайды жамандау, сиқыр жасау, құдайға сенбеу.

Мемлекетке қарсы қылмыстар:корольге және оның отбасы мүшесіне қарсы істелген қылмыстар, корольге опасыздық жасау, мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіру.

Жеке адамдарға істелген қылмыстар. Жазалар. Ауыр жазалар өлім жазасы, өмірлік жер аудару, өмірбойлық каторга жұмысына беру. Екінші түріне дене мүшесін зақымдау жазалары жатады. Жазалардың үшінші түрі түрмеге қамау және каторгаға жіберу. Бұдан кейін масқаралау жазалары, масқарасын шығарып айып төлеу, киімсіз масқаралау. Ең соңғысына айыптар жатады.

Сот процесі. Феодалдық ұсақтау кезінде процесс айыптау тұрғысында өтетін. Оған қатысатын екі жақтың да құлдары тең. Жұртшылықтың көзінше өтетін процестің белгілері бір нышанда сақталды. Негізгі дәлелдерге айыпкердің өз кінәсін мойындау, жазбаша дәлелдеу жататын. Кейбір ордалийлер сақталды: ыссы темірмен және сумен сынау. 18 ғасырда ордалийлер қолданылмайтын болды. Сот процесінде кемінде екі куәгердің көрсеткіші керек еді. Жақын туысқандарды, екі жақтың туысқандарын және оларға қарайтын адамдарды сотқа куәгер етіп шақыруға болмайтын.
Азаматтық сот процесі қылмыстық соттан бөліне бастады. Бұл жағдай таптық күрестің күшеюіне байланысты болатын.

Айыптау процесінің орнына тергеу-тексеру прпоцесі келді. Бұл процестің дамуына шіркеудің құқықтары ықплын тигізді. Жаңа процесс бойынша енді істі қозғау жәбірленуші жақтан мемлекетке көшеді, бұл органда қылмыскерді өздері іздеп, тергеу өткізеді. Қылмыстық процесс екі кезеңге бөлінеді: бірінші кезең – қылмыскерді іздеп оның тергеуін өткізу, ал екіншіге ашық сот жататын. Бірінші кезеңде жиналған материалдарға баға беріледі. Дәлелдеу процесінде формалдықтың көптеген нышандары сақталған болатын. Сотталған адам кінәсін мойындау үшін қинау әдісін жиі қолданатын. Сынаудың жай және ауыр түрлері болатын. Кінәні мойындау – ең маңызды дәлелдеуге жататын. Осы процестің бірінші кезеңі құпия түрінде өткізілетін.

Корольдің билігі күшейген сайын сеньориалдық және шіркеу соттарының қызмет бабы азайды да, король соттарының қызметтері көбейді және күшейді. Сот жүйесі өте шиеленіскен және күрделі болатын.

## 3.Ертефеодалдық ағылшын-саксондық монархия. Англияның мемлекеті мен құқығының тарихының кезеңдері.

Англиядағы ерте феодалдық мемлекеттің пайда болуы:
1. Феодалдық қатынастың гүлденуі. Генрих реформасы. Ұлы Хартия.
2. Ерекше таптық монархия.
3. Англиядағы абсалютті монархия.

1. Англия территориясында б.ғ.5ғ-да Ирлан тайпасының ағылшын , саксон тайпаларымен бірігіп орналасуы кельт тайпаларын құртып , олардың қалғанын өздеріне бағындырды. Британияға орналасқан кезде ағылшын саксон тайпаларында а.қ.қ-ң ыдыраған кезеңі еді. Король билігі орнаған кезде шаруалар жерін бірте –бірте тартып алды., өздерін кіріптар етіп , осы арқылы мемлекет ірі жер иелеріне басқару билігі мен сот билігін берді.

9-11ғғ Англияда феодалдық қатынас біржолата орнады. Барлық шаруалар феодалдық езгіге түсті. Жергілікті ерікті тұрғын халықтың өзіде түрлі мемлекеттік міндеткерліктер атқарды. Сөйтіп феодализмнің орнығуына байланысты а.қ. қ-ң қалдығы жойылды. Елдегі бүкіл билік король және оның билеушілерінің қолына жиналды. Король Кеңес ұйымдастырды ол мемлекеттің жоғарғы органы болды. Онымен келіспей король заң шығаруға мемлекеттік басқада істер істеуге құқы болмады. Облыстық және жергілікті сот әкімшілік ұйым есебінде ұзақ уақыт халықтық қауымдық болғанмен мемлекеттік жоғарғы билікке бағында. Мұндай ұйымның негізгі графтықтар және аймақтық жүздіктер болды. Графтықтың басында шириф салық жинады. Сот әкімшілік, полицияға билік орнатты. Граф жерінде жылына екі рет белгілі бай адамның жиналысы өтті. Олар сот ісін қарап, графтықты қорғау мәселесін қарады. Феодалдық процестің орнауы ағылшын саксон жүйесіне де әсер етті.

Оған:

Этельберг шындығы

Инэ шындығы

Альфред сот ережесі

Аттельсон заңы

Кнут заңы шығарылды.

2. Нормандияны жаулап алуы 1066 ж Англияны норманд герцогі Вильгельм жаулап алушы территорияны түгел жаулап алды. Қарсылық көрсеткендерді жойып жіберіп олардың жерлерін Вельгельм өз әскеріне бөліп берді. Женген жаулап алушылар жерге ие болып, король вассалына айналды. Олардың ішінде Ұлы барондар, ірі жер иелері, рыцорлар болды. Францияға қарағанды Англияда вассалға байланысты мынадый қағида болды «менің вассалымның вассалы маған да вассал»,- деген қағиданы басшылыққа алды. Бұл жағдай орталық билікті күшейтті. Оны норман жаулап алушыларына қарсылығынан байқаймыз. Бірақ жаулап алушылар халықты бағындыру үшін король үкіметін қолдауға тиісті болды. Норман билеушілерінің иелік жерлері бүкіл елдің территориясына тарап жатты. Осылай феодалдық король билігі күшейді. Король вассалдары корольға тек әскери міндет емес салық та төлеп тұрды. Король бұрынғы әдет ғұрыптарды сақтай отырып, ол мемлекеттің орталық билігін күшейтуге кірісті. 1086 ж Герман жаулап алушыларының 20 ж-дан кейін халық санағы жүрді . Онда мал , еңбек құралдары, адам саны т.б. түгел есепке алынды. Бұл « книга старшного суда» деп аталатын кітапқа жазылды. Былай аталу себебі бұл есеп кітабы 2 мақсатты көздеді: мүлік

салығын жинау үшін ,Корольға вассалдың жері, малы, мүлкі туралы есеп беру үшін.

Бұл құжат Англияның әлеуметтік құрлымы туралы дерек беріп, феодализмнің біржолата орнағанын көрсетті. Король билігі күшейді. Елдің саяси бірлігі бекіді. Англияның барлық елдерімен байланысы күшейді.

**Тақырып №7**
**«Германияның феодалдық мемлекеті мен құқығы»**

**Жоспар**

1. **Мемлекеттіліктің пайда болуы. Германия мемлекеттілігіндегі негізгі даму кезеңдері.**
2. **Сословиелік-өкілдік және шексіз монархия.**
3. **Германия феодалдық мемлекеттік құқықтың қайнар көздері.**

## 1. Мемлекеттіліктің пайда болуы. Германия мемлекеттілігіндегі негізгі даму кезеңдері

Германия жеке феодалдық мемлекет ретінде Франк империясы ыдырағаннан кейін шығыс франктардың жерлерінде құрылды. Оның территориясы 4 герцогтіктен құралған болатын. Бұл герцогтіктер: Саксония, Франкония, Швабия және Бавария. Әр герцогтікте халықтың этникалық құрамы және феодализмнің даму деңгейі әртүрлі болатын. Кейіннен Германияның құрамына Франциядан тартып алынған Лотарингия герцогтігі кіреді. IX ғасырдың II жартысы мен X ғасырдың басы тайпалық сипатын әлі толық жоғалтпаған және бір-бірімен байланысы шамалы осы герцогтіктердің өзара күресі толық болды.

X-XII ғасырлардағы біршама орталықтану кезеңінен кейін XIII ғасырда феодалдық батыраңқылық кезеңі басталады. Бұған өз себептері бар еді. Германия территориясындағы феодализмнің қалыптасуы көрші Францияға қарағанда баяу және біркелкі емес жүрді. Мемлекеттің толық бірігуіне герцогтіктер халқының этникалық айырмашылықтар және олардың күресі бөгет болды. Германияның орталықсыздануына сыртқысаяси факторлар да өз әсерін тигізді. Феодалдық Германияның сыртқы агрессиясының 2 негізгі бағыты - Италия және славяндық Шығыс бағыттары - Германия герцогтіктерінің, күшпен қосылған славян жерлерінің және Солтүстік Италияның 1 империяға бірігуіне әкеліп соқты. Бұл империя "Герман ұлтының қасиетті Рим империясы" деген атпен белгілі.

Германияның орталықтандырылуына мемлекетпен шіркеудің арасындағы ашық күрес әсерін тигізді.

Германия территориалдық батыраңқылық және княздік абсолютизм жолымен дамыды. XIII ғасырдан бастап княздіктер император билігімен формальды түрде байланысқан ұсақ мемлекеттерге айнала бастады.

Герман феодалдық мемлекетінің тарихы 2 кезеңге бөлінеді:

1. Германиядағы ертефеодалдық, біршама орталықтандырылған мемлекеттің қалыптасу және даму кезеңі /X-XII ғғ/
2. Территориалдық батыраңқылық кезеңі /XIII-XYIII ғғ/

XIII-XIY ғғ. жеке княздіктердің қалыптасуын, ірі князь-курфюсттардың олигархиясының орнатылуынан кейін Германия XIX ғ. басына дейін тұтас мемлекет болмады және сословиелік өкілдік монархияның элементтері бар сеньориалды монархия нысанын сақтап қалды. XIY-XYI ғғ. Германия княздіктерінде сословиелік-өкілдік, XYII-XYIII ғасырларда абсолюттік монархиялар орнатылады. 1806 ж. "Қасиетті Рим империясы" Наполеон шапқыншылығының нәтижесінде өмір сүруін тоқтатады.

*Қоғамдық құрылыс.*

X-XI ғғ. герман феодализмі аяқталмағандықпен сипатталады. Ұсақерікті жер иеленушілер массасы сақталып қалады. Ерікті шаруаларды тұрақты ауыл қауымы марка біріктірген. Иерархиялық лендік жүйе және феодалдық иммунитеттер әлі де толық анық сипатқа ие болмайды.

XI-XII ғғ. Германияда негізгі тап-сословиелер қалыптасты.

Феодалдар табы ру тайпалық және қызметшілік аристократиядан қалыптасты. Рулық аристократияға герцогтер жататын. 2-ші топты әкімшілік округтердегі маңызды азаматтық және діни лауазымдарды иеленген графтар құрайтын. Ірі жер иеленушілерге сот функцияларын атқарған король шенеуніктері - фогттар да айналады. Осы күштер XI-XII ғғ. үлкен одаққа бірігіп, орталықтандыру процессіне кедергі жасайды. Ірі феодалдар территориялық князьдер сословиесіне бірігеді. Осы сословиеге шіркеу князьдері де кіреді. Князьдер сословиесі толығымен XIII ғ. ортасына қарай қалыптасады.

Рыцарьлар тобы ұсақ дворяндардан және ауқатты шаруалардан қалыптасты. I Генрихтің әскери реформасы бойынша бұл сословиеге кез-келген ат үстінде соғыса алатын еріктілер қабылданатын болды. Рыцарлар қатарына көбінесе министериалдар король мен феодалдардың қатарынан шыққандар болатын.

Феодалдар 7 рангқа бөлінген. Рангқа министериалдардың арасынан шыққан рыцарьлар да енгізілді және осы топ "шеффен сословиесі" деп аталды.

XIII ғ. қарай шаруалар 2 категориядан тұратын еді: ерікті және еріксіз шаруалар. Ерікті шаруаларды чиншевиктер мен арендаторлар құрайтын. Олардың феодалдарға тәуелділігі шектеулі болды. Шаруалардың көпшілігі еріксіз болды және бұл категорияны литтар, батрақтар мен жеке тәуелділіктегі басыбайлылар құрады.

*Мемлекеттік құрылыс.*

X-XII ғғ. Германия біршама біріккен мемлекет болды. Феодализнің баяу дамуы, сыртқы қауіп және алғашқы герман корольдерінің белсенді орталықтандыру саясаты король билігінің күшеюіне және ертефеодалдық монархияның қалыптасуына оң әсерін тигізді.

Король сайланатын болғанымен, таққа олар белгілеген, король тұқымынан шыққан адамдар ғана отыра алатын. I Оттоның билік құрған кезінде /936-973 жж/ мемлекет шіркеудің көмегімен герцогтердің билігін шектейді. Бірақ, Отто реформаларының шіркеу магнаттарының тәуелсіздігінің күшеюі түріндегі теріс нәтижесі болды. Оттон 962 ж. Римді

басып алып, император титулын алады. Рим папаларын енді герман императорлары тағайындайтын болды. XI ғ. соңын рим палалары императорлардың билігіне қарсы шыға бастады. XII ғ. орталық билік папствомен күрестің және феодализнің одан әрі дамуының нәтижесінде әлсірейді.

X-XII ғғ. орталық аппарат биліктің сарайлық вотчиналық жүйесінің белгілерін сақтап қалды. Сарайдың жоғарғы сановниктері канцлер мен маршал болды. Осы лауазымдар кейіннен мұраға берілетін болды және оларды ірі феодалдар: саксония герцогы, майнц, трир архиепископтары және тағы да басқалар иеленді. XI ғ. бастап ірі феодалдар король кеңесі - гофтагқа қатысатын болды. Олар осы кеңесте императормен бірге маңызды істерді шешетін.

Жергілікті әкімшілік бірлік - округ /графтік/ деп аталды. Бұрыңғы король шенеуніктері мұрагерлікпен лендерді иеленетін ірі жер иеленушілерге айналады. Олар өздерінің билік аппаратын құрады. Осы лен иеленушілердің жерлері орталық биліктің араласуынан артықшылықтармен және иммунитеттермен қорғалатын.

Орталық және жергілікті аппараттың әрекет етуіне императорлар XII ғ. бастап шектеулі түрде ғана араласа алатын.
Италияны басқару үшін ерекше аппарат құрылды. Оны Германияның жоғарғы діни қызметкерлер мен князьдердің арасынан тағайындалатын канцлер басқаратын. Одан басқа әкімшілік және әскери өкілеттіктері бар император жаршылары, император мүлігін пфальцграфтар басқарады және қала префектері канцлерге қызмет ететін.

2. XII ғ. бастап Германия феодалдық батыраңқылық кезеңіне аяқ басты. Мемлекет көптеген князьдіктерге, графтіктерге, баронияларға ыдырайды. Осы уақытта қоғамның сословиелік топтық құрылымында өзгерістер байқалады. XIY ғ. сословиелік өкілдік жүйесі толық қалыптасады. Сословиелік құрылымның ерекшелігі мемлекет масштабында бірліктің болмауы еді. Империяда империялық сословиелер немесе шендер, князьдіктерде земстволық сословиелер қалыптасады. Бірінші топқа империялық князьдер, рыцарьлар және қалалар кіретін. Екінші топты князьдіктердің дворяндары мен дін иелері және қалалар /князьдік/ құрайтын.
Төменгі дворяндар - рыцарьлар өз маңызынан айырылады және кедейленеді. Шіркеу қызметкерлері 2 топқа: жоғарғы /епископтар, аббаттар/ және төменгі /қала және ауыл дін иелері/ болып бөлінеді. Жоғарғы топ курфюрстар сословиесіне енді.

Германия қалалары 3 топқа жіктелді. Бірінші топтағы империялық қалалар императордың вассалдары болды. Король билігі әлсіреген сайын олардың құқықтары да көбейіп отырды. Ерікті қалалардың құқықтары империялық қалалардікімен: бірдей болды, бірақ олар салықтардан және әскер беру міндетінен босатылған еді. Князьдік қалалардың өзін-өзі билеуі шектеулі болды және құқықтары аз болды.

Қала халқы да 3 топқа жіктелді. Барлық қала лауазымдары патрициаттың қолында болды. Оған оппозицияда 2 топ: бюргерлер және қалалық плебей тұрды.

Тауар-ақша қатынастарының дамуы шаруалардың негізгі бөлігінің жағдайының нашарлауына әкеліп соқты. XIY ғ. Германияда шаруалардың құқықтық жағдайы әртүрлі 3 аудан: Саксония, Оңтүстік-батыс аудан, Шығыс өңір қалыптасады.

Сословиелік топтар өзара тынымсыз күрес жүргізді және ұқсас топтардың бірігуіне провинциялардың өзара айырмашылықтары және алшақтықтары кедергі жасады.

XIII ғ. бастап Германияда саяси билік пен басқарудың жекелеген орталықтары қалыптаса бастады.

Орталық аппарат іс жүзінде курфюстардың қолында болды. XIII ғ. король билігі князьдердің үстінен бақылаудан толық айырылады. Штауфен әулеті императорларының сепаратизмді шектеуге бағытталған шаралары нәтиже бермейді. Король князьдерге қатысты "тең князьдердің арасындағы бірінші" болды.

1356 ж. император Карл IY "Алтын булланы" қабылдайды. Осы заңға сәйкес Германияны басқару 7 курфюрсттың қолында шоғырланды.

XIY-XY ғғ. Германияда 2 империялық орган - рейхстаг пен империялық сот қызмет етті. Рейхстаг жалпыимпериялық сословиелік-өкілдік орган болды. Рейхстагтың құрамында 3 коллегия: курфюрсттар коллегиясы, князьдер, графтар және еркін иелер коллегиясы, империялық қалалар өкілдерінің коллегиясы. Рейхстагта ұсақ дворяндар, бюргерлер /империялық емес қалалардың/ болған жоқ. Рейхстагтың өкілеттіктері толық реттелмеген еді.

1495 жылы Вормс рейхстагтағы империялық жоғарғы сотты құрады. Соттың 14 мүшесін курфюрсттар мен князьдар, 2 мүшесін қалалар, төрағасын император тағайындайтын. Империяны князьдар басқаратын 10 округке бөлу көзделді. Осы 10 князь сот шешімдерін жүзеге асыруға тиіс болатын. Бұл үшін князьдерге әскери контингенттер беру көзделді. Империяны басқару шығындарын өтеу үшін "жалпыимпериялық пфеннинг" салығы енгізіледі.

Германдық құқық ортақ жүйеге келтірілмеген еді. Территориялық партикуляризм құқықтың сословиелік бөлінуімен, қалалық және т.б./ толықтырылып отырды.

Германиядағы феодалдық құқықтың дамуының 3 негізгі кезеңі бар: 1/ әдет-ғұрыптық құқықтың басымдылығы кезеңі /X-XIY ғғ/; рим құқығы рецепциясы кезеңі /XIY-XYII ғғ/ және князьдіктерде жекелеген құқық жүйелерінің қалыптасу кезеңі /XYII-XYIII ғғ/. Әдеттер және сот практикасы XIII ғ. кеңінен жазылады. Ең белгілі жазбалар: Саксон айнасы және Шваб айнасы. Саксон айнасының авторы рыцарь Эйке фон Репков және оның нормалары солтүстік шығыс өңірлерде кеңінен қолданылады. Саксон әйнегі 2 бөіктен тұрады: 1-ші бөлік земстволық құқыққа, 2-ші бөлік лендік құқыққа

арналған. Кейіннен Саксон әйнегі бүкіл Германияға таралады. Шваб әйнегінде де земстволық және лендік құқық нормалары көрініс табады, бірақ оған канаоникалық құқық әсер етеді. Шваб әйнегінің Саксон әйнегінен ерекшелігі, папаның феодалдық әлемде билік ету идеясы үгіттеледі. Герман құқығының қалған қайнар көздері: заңдар, рим құқығының рецепциясы және 1532 ж. рейхстаг қабылдаған "Каролина" жинағы. Каролинада қылмыстық-процессуалдық нормалар бекітілген.

843 жылы Карл Мартеллдің немерелері ауқымды империялық үкіметті бөлісе алмай, оның орнына империяның өзін бөлуді ойлады. Верден келісімі бойынша Ұлы Карл империясы үш бөлікке, болашақта Франция, Германия және Италия болатын мемлекеттерге бөлінді. Орта кезеңдегі Германияның тарихи дамуы әр түрлі жағдайлармен байланысты болды.

Қоғамдық құрылыс. 11 ғасырға дейін Германияның негізгі тобын шаруалар құрайтын, ал 11 ғасырларда қалалар пайда болғаннан кейін, қоғамдық құрылыс өзгерді.

Үстемдік ететін топ өзінің құқығы мен байлығы жағынан бірдей болмайтын. Ақсүйектер екіге бөлінетін: мемлекеттік және шіркеу қызметкерлері. Рулық ақсүйектердің саны франк мемлекетінде аз болатын, енді олардың қатарларына герцогтер және графтар кіретін болды. Шіркеу қызметкерлері еписикоптардан, монастырлердің басшыларынан және аббаттар басшыларынан тұратын. Шіркеу қызметкерлерінің арасында жоғарғы орынды Трир, Кельн, Вормс қалаларының архиепископтері алатын. Олар князь деп аталды. Бұрынан келе жатқан қалқан ұстаушылардың иерархиясы үш дәрежесі болатын: король, князьдар, ерікті мырзалар. 10-11 ғ.ғ. оның жаңа бөлімдері пайда болды: бұрынғы ақсүйектердің ұрпақтары, төменгі феодалдардың байыған немесе жоғарылағандары, феодалдың қызметінде жүрген министериалдар, төменгі феодалдар рыцарлар. Министериалдар – ірі феодалдарда шаруашылық, сот және қаржы функцияларын атқаратын адамдар. Біраөздан кейін олар бенефиций және лен алатын болды. 11 ғасырда феодалдар өздеріне қорған, сарай салып, шаруалардан бөлек тұратын болды. Ақсүйектер орта ғасыр сарайын здерінің атымен атай бастады. Феодалдардың көбінде жерлері өте көп, өздері бай болғандықтан, олар өз тәуелдігін сақтауға тырысты.

Дербес мемлекет ретінде Германия Франк мемлекетінің ыдырауы нәтижесінде пайда болды. Алғашқыда ол Тевтон мемлекеті деп аталды, оның құрамына Швабия, Бавария,Франкония, Саксония және Лотарингия кірген (сла вяндар Тевтонида өмір сүретін халықтарды немецтер деп атаған, «немой» - славян тілдерінде сөйлей алмаушы)

Германияның мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері:

1-кезең - ертефеодалдық монархияның – герман халқының Қасиетті Рим империясының құрылуы (X-XIII ғ.ғ)

2-кезең – Германияның княздықтарындағы сословиелік-өкілдік монархияның қалыптасуы және нығаюы және курфюрсттер олигархиясының орнауы (XIV-XVI ғ.ғ.)

3-кезең – герман мемлекеттерінде князддық абсолютизмнің орнауы (XVII–XIX ғ.басы)

А) Ертефеодалық монархия.

Аумақтың көршілес халықтардың(славяндардың) көбеюі нәтижесінде Еуропаның орталығында құрамына барлық германдық герцогтықтар, полабтық славяндар мен Солтүстік Италияны ң күштеп қосылған жерлері кірген империя пайда болды, ол XIII ғасырда «герман халқының қасиетті Рим имрпериясы атауын иеленді.

Қоғамдық құрылым. Бұл кезеңде халықтың негізгі бөлігін феодалдар құрады, олар үстемдік құраушы топпен рыцарьлардан тұрды.(бұлардың екеуіне де ортақ белгі болып сюзереннен алынған ленді иелену мен сюзереннің әскеріне қызмет ету міндетті болып табылады.) Халықтың екінші бөлігі шаруалардан тұрды, олар бірнеше саннаттарға бөлінді: еркін шаруалар- өз жерлерінің иесі; чиншевиктер- бөтен жерді пайданушылар және сол үшін алым-чинхи төлеушілер; басыбайлы шаруалармен халоптар; қалалықтар- саудагерлер мен қолөнершілер, жеке бостандық пен меншікті иеленген.

Мемлекеттік құрылым. Германиядағы мемлекеттік құрылымның өзіндік ерешеліктері болған:

a) Патшалар (императорлар) сайланбалы болатын;
b) Жергілікті феодалдардың, әсіресе, кньвздардың билігі ерекше мәнге ие болғаны соншалық, олар дербес мемлекет басшыларына айналды.

Феодальды түрде герман патшасының билігі ауқымды болса, іс жүзінде ол діни және ақсүйек феодалдардың артықшылықтарының нәтежесінде шектелетін болды, сөйтіп феодалдар орталық биліктен экономикалық және саяси тәуелсіз болды. 5ғ. Басқарудың сарайлық-вотчиналық жүйесі бекітілді.Жергілікті жерлердегі патша шенеуніктері-графтар мұрагерлік ленниктерге айналды, олар өз иеліктерінің басқару аппараттарын қалыптастырды, сөйтіп орталық органдар жергілікті жерлердегі басқаруға араласа алмайтын болды.

Әскер. Бұл кезеңде Германияның қарулы күштері рыцарьлардан–императорлардан вассаларынан құрылды. Феодалдардың әскери қызметі 6 аптамен және белгілі бір аумақпеен шектелді. Қажет болған жағдайда қолына шаруалар шақырылатын.

Сот. Императорлардың сот билігі шектелген болатын. Жоғарғы юстиция ақсүйек және діни феодалдардың қолында жинақталды; сословиелік соттар пайда болып, өзімен тең тұлғалармен соттасу қағидасы бекнтңледі. Шаруаларға қатысты сот билігін феодалдар жүзеге асыратын болды.

## 2.Сословиелік-өкілдік және шексіз монархия.

Қоғамдық құрылым. Таптық құрылымдағы өзгерістер орта феодалдардың жағалауынан орта феодалдар сословиесі ретіндегі рыцарьлар

тобының құлдырауынан жіне қалалардағы қанаушы тап Өкілдеріннің санының өсуінен көрініс тапты.Діни қызметкерлер екі топқа бөлінді: жоғарғы діни қызметкерлер-ірі жер иеленушілер және төменгі діни қызметкерлер-қаланың және селонаң дін қызметшілері. Қала халқының арасынан жоғарғы топ- патрициат, орта топ-шеберлер және халықтың пиебей бөлігі- шеберлердің көмекшілері бөлініп шықты.

*Мемлекеттік құрылым.* Князьдардың экономикалық күшеюінің нәтижесі ретінде Германияның саяси ыдырауының өсуі орын алды. Бұл кезеңде мемлекетте 324 аумақтық бірлік болды, олар дербес мемлекеттер құқығын иеленді, сонымен қатар,1475 еркін рыцарьлыкиеліктер болды.14 ғасырдан бастап мемлекетті іс жүзінде жеті ірі князьдардан құралған топ басқарды, олар: маркграф Бранденбургский, герцог Саксонский, пфальцграф Рейнский, Чехия мен Богемия патшалары және 3 епископ- Кельнский, Майнцкий және Трирский. Бұлар курфюрсттар, яғни, сайлаушылардың князьдары атауын иеленді.Курфюрсттар әрбір императордың сайлау кезінде оның билігін шектеуге қатысты өздерінің шарттарын қабылдауына бар күшін салды. Бұл шарттар сайлаушылық капитуляциялар деп аталады.

XIV ғасырдан бастап, имперлық сейм-Рейхстахтың өкілдік органының ұйымы тұрақты сипатты иеленді, ол үш алқадан құралды: курфюристтер алқасы; князьздер, графтар және еркін тұлғалар алқасы және қалалар өкілдерінің алқасы. XVII ғасырдан бастап, бұл алқалар имперлік сословиелер немесе чиндер атауын иеленді. Әрбір мемлекетте өз сословиелері (чиндер) пайда болды, олар өз артықшылықтарын иеленеді және тұйық корпорацияларға айналды. Басым көпшілік мемлекеттердің бір-бірінен тәуелсіз және тұйық үш курия құрылды: дін қызметкерлерінің куриясы, рыцарьлар куриясы және қалалықтар куриясы. Бұл курияларды куриясы ландтагтар деп атады.

Қалалар өздерінің саяси мәні бойынша үш топқа бөлінді: имперлік қалалар (патшаның тікелей вассалдары болып табылады, өздерінің жоғарғы соты, әскері болды, тиын шығарды, императорға адалдық атнын білдірді, жыл сайын императорлық салық төлеп, әскерді жасақтауға жәрдемдескен), еркін қалалар ұқсас құқықтарды ( иеленген, алайда салықтар мен әскерді жасақтаудан босатылған) және князьдық немесе жергілікті қалалар ( өз кеңестері болған, алайда олардың құқықтары шектелген болатын).

1495 жылы импер соты құрылды, мұнда барлық істер Рим құқықғының негізінде қарастырылатын болды, содан кецін ғана екінші кезекте неміс құқығы қолданылатын.

Әскер. Әскери қарулы күштер рыцарлардан құрылды. Императордың вассалдары әскри қызметті алты апта бойы атқаруға міндетті болды. Олар әскерге қанша адам беретінін императордың өзі белгіледі, мысалы, Италияға қарсы ұйымдастырылған жорыққа вассалдардың бәрі шығуға тиімді болатын. Әскердің жоғарғы басшысы императордың өзі, ал контингенттерді князьдар

басқарды, оларға графтар мен жүздік бастықтары көмектесті. Мемлекетке жаулар шабуыл жасаған жағдайда әскерге шаруалар да алынатын болды.

Сот. Императордың соттық билігі шектеулі еді, жоғарғы сот жүргізу құқығы ақсүйектер мен рухани князьдардың қолында болатын. Германияда бірте-бірте сословиелік соттар дамыды. Шаруалардың соттық билігін феодалдар іске асырды. Германияның соттары мәңгілікке сайланатын және шиеленіскен болатын. Сословиелік соттар пайда болғасын, олар тек қана өздеріне тең адамдарды соттайтын болды, князьдардың, графтардың, шеффендердің, қалалардың, шіркеудің жеке соттары пайда болды.

Б) Шексіз монархия.

Германиядағы шексіз монархияның өзіндік ерешеліктері болды. Біркелкі емес экономикалық дамудың нәтижесінде мемлекет ұзақ уақыт бойы ыдыраушылық жағдайында алайда империяның құрамына кірген әрбір жеке мемлекетте XVII ғасырға қарай шексіз монархия орнады. Бұл князьдық немесе облыстық абсолютизм еді.

XVII-XVIII ғ.ғ. герман империясының қоғамдық құрылысы өзгеріссіз қалды. Император билігі құрметті атаққа айналды. Князьдар әскери міндеттен босатылып императорға салықтар төлемейтін болды. Рейхстаг өз мәнін жоғалтты. Импер сотының орнына имперлық сарайлық сот келді. Ландтагтар тек көз бояушылық үшін жиналатын болған.

В) Пруссия.

Барлық герман мемлекетінің арасында XVIII ғасырда Бранденбург маркграфствосы ерекше күшейеді, ол 1702 жылы Пруссия патшалығына айналды. Бұл полицейлік мемлекет еді, оның негізгі қағидасы болып азаматтардың кез келген жеке құқықтарынын жоққа шығару және шектен тыс бюракратизм табылды.

Пруссия мемлекетінің басшысы болып патша табылды, ол курфюрсттердің имперлік алқасына кіретін. Патшаның жанында құпия кеңес – мемлекеттік басқарудың жоғарғы органы әрекет етті. Ол үш департаментке бөлінді: шетелдік істер, ішкі істер және юстиция департаменттері. Пруссиядағы жергілікті басқұару ақсүйектік өзін-өзі басқаруға негізделген болатын. Ақсүйектер өз қатарынан ландраттарды сайлайтын, олар толығымен орталық билікке бағынған болатын Пруссиядағы басқарудығ жүйесі төменгі буындардың жоғарға буынға толығымен бағыну қағидасына шенеунікутік иерархиялық қағидасының негіздеген болатын.

## 3.Германия феодалдық мемлекеттік құқықтың қайнар көздері

Германия мемлекетінің құқығы өте шиеленіскен, күрделі жағдайда ыдырады. Германияның әрбір феодалдық ұсақ мемлекеті өзінің құқығын құратын. Жалпы жүйелеу жұмыстары 13 ғасырда ғана басталды. Германияның феодалдық құқығына парикуляризм және күштінің құқығы деген нышандар тән еді. Әсірсе, 12-13 ғасырларда әрбір феодал өзінің

шаруаларына сот билігін өз еркімен қолданатын. Бұл жағдайда шеффендердің соттары туралы айтып кеткен жөн. Шеффендер – сот қызметкерлері. Олар әрбір істі жинап, оларды қорытып, үкім шығаратын. Қолдануға қажет құқықтық нормалар болмаған жағдайларда олар өздеріне керек жаңа нормаларын шығаруға құқықты болған еді. Сонымен, Германияда сот  қызметі мен заң шығару қызметі шеффендердің қолында болатын. 13 ғасырда жазылған Саксония және Швабия мемлекеттерінің заңдарын герман құқығының прогресивттік нышандары  деп санауға болады. Бұл құқықтық мұралар рим және шіркеу құқығының көп нормаларын жүйелендірген еді.

Әдеттік құқық үшке бөлінетін: феодалдардың, шаруалардың және қалалардың құқықтары. Бұл үш жүйе шиеленісті болғаннан кейін сот қызметкерлері рим құқығын жиі қолданған болатын. Рим құқығының нормалары әдеттік құқықты бір жүйеге түсірген еді. Неміс заңгерлері рим құқығының ең үлкен және ауыр бөлімін қолданды. Пандектер деп аталатын бұл бөлімдегі 50 кітапқа римнің ең белгілі 40 заңгерінің  жазған еңбектері кірген болатын. Бұл кітап: жеке адамдар, заттар, міндеттер, неке құқығы және мұрагерлік құқығы деген бөлімдерден тұратын. Немістердің азаматтық құқықтары панкдект жүйесімен жасалған деп есептеледі. Рим құқығы 18 ғасырға дейін қолданылды. Германия империясы құрылғаннан кейін оның орнына немістердің ұлттық буржуазиялық құығы келді. Бірақ 19 ғасырдан бастап олардың буржуазиялық азаматтық құқығы кодификацияға ұшыраған кезде, немістер қайтадан белгілі панкдект жүйесін қолданып, өздерінің күшті, басқа мемлекеттерге қатты әсерін тигізген Азаматтық кодекстерін жазған. Бұл кодекс 1896 жылы жарияланды және Германияда күні бүгінге дейін қолданылады. Бұл кодекс Германияның Азаматтық жинағы деп аталады. Рим және Германия құқықтарының бір жалпы жүйеге қосылу романдық-германдық жүйе деп аталады.

Азаматтық құқық. Жеке меншік қарым-қатынастар жерге жеке меншікпен байланысты болды. Германияның жерге меншігі лен деп аталатын. Бірақ лендік қарым-қатынастардың бірталай ерекшеліктері болды. Императордың лендерге қатысты құқықтары шектеулі еді. Оның князьдардың империялық лендерін тартып алуға және иесіз қалған лендерді өзіне алуға құқығы болмаған. Ленді иелену және қорғау институттының де ерекшеліктері болатын.

Қылмыстық құқық. Бұл нормалар көбіне Каролина құжатында айтылған. Каролина феодалдық қылмыстық құжаттардың ең таңдаулыларына жатады. Қылмыстық құқықтың тұжырымдары мұнда өте анық және түсінікті айтылған еді. Каролина қастық пен қауіпсіздік, қылмысты ауырлататын және жеңілдететін жағдайлар, аяқталмаған қылмыс және аяқталған қылмыс, қылмысқа бірге қатысу тәрізді түсініктер туралы толық айтылған. Өзін қорғау кезінде басқа адамды өлтіру туралы бірнеше баптар бар.

Құқықтық негізгі сипаттары. X-XIII ғасырларда Германияда біртұтас құқықты жүйе болған: әрбір саяси бостандығы бар аумақта өз құқығы болатын, бұл кезеңдегң құқықтың қайнар көзі болып әдеп ғұрып табылатын.

XIII ғасырда әдеп ғұрыпты жазуға қатысты талпыныстар орын алды, олар жеке ситпатта болды, олардың ішіндегі аса әйгілілілері Саксондық зерцало мен Шваб зерцалосы еді.

Саксондық зерцалоның негізгі қайнар көзі болып солтүстік шығыс Германияның әдет құқығының нормалары табылды. Ол екі бөліктен тұрды :

1) жергілікті құқық – еркін тұлғалар арасындағы азаматық, қылмыстық – іс жүргізушілік және мемлекеттік – құқықтық қатынастарды реттейтін және ;

2) лендік құқық- феодлдар арасында пайда болатын вассалитет қатынастарын реттейтін.

Шваб зерцалосының қайнар көздері болып ежелгі германдық шындықтар-бавар және Аллемен шындықтары, императорлардың каппитулярийлары, римдік және канондық құқық, сонымен қатар Саксон шындығы табылды.

Құқықтың қайнар көздеріне сонымен қатар мыналар да жатты: қалалық құқық

- Магдебург және Любекс құқықтары, бұлар адамдарды еркін және тәуеді деп бөлмейтін және барлық қатынасрды реттейтін; Рим құқығы, XVI-XVII ғасырларды негізгі қайнар көзі болып табылды канондық құқық 1532 жылы рейхстах жалпы германдық және қылмыстық іс жүргшізушілік ереже қабылданды, «ол каролина» деп аталды.Бұл ереже жергілікті әдет ғұрып пен заңдардағы олқылықтардың орнын толтыруға бағытталған болатын. Каролинаға сәйкес қылмыстиардың келесі түрлері ажыратылды:

1. дінге қарсы қылмыстар-құдайдан безіну, дуалау, антынан таю.

2. Мемлекеттік қылмыстар – сатқындық билікке қарсы көтеріліс, бейбітшілікті бұзу, жалған ақша жасау, қарақшылық.

3. Меншікке қарсы қылмыстар – ұрлық, тонау, өртеу.

4. жеке тұлғаға қарсы қылмыстар – адам өлтіру, адам мүшелеріне зиян келтіру, зорлау ,қорлау, ар ұятқа нұқсан келтіру.

5. Имандылыққа қарсы қылмыстар- екі әйел алуға – некедекгі адалдықты бұзу, жақын таныстарымен жыныстық қатынасқа түсу.

6. әділ сотты жүзеге асыру тәртібіне қаитысты қылмыстар – сот алдында өтірік ант беру және жалған куә болу.

7. сауда тәртібіне қатысты қылмыстар-жеткізбей өлшеу, асыра өлшек.

Жаза түрінде өлім жазасы – дене жазалар, мемлекеттен куу және айыпұл көзделген.

## Тақырып №8
## «Ресейдің феодалдық мемлекеті мен құқығы»

### Жоспар

1. **Ресейдің феодалдық мемлекеті**
2. **Ресейдің феодалдық міндетті құқығы.**
3. **Ресейдің феодалдық қылмыстық құқығы.**

### 1. Ресейдің феодалдық мемлекеті

Ресей — сан ғасырлық тарихы бар ежелгі мемлекеттердің бірі. Орыс мемлекеті айқын ажыратылатын табиғи шегі жоқ аумақта қалыптасты. Сондықтан орыс жері талай рет сыртқы жаудың шапқыншылығына ұшырады. Бытыраңқы орыс жерлерінің Мәскеу айналасында бірігуі XIV—XV ғасырларда жүрді. XV ғасырдың 80-жылдарына қарай татар-моңғол езгісінен толығымен босаған орыс жерлері біртұтас мемлекетті құрады. Осылайша болашақтағы күшті Орыс мемлекетінің негізі қаланды. Кейінгі ғасырларда Орыс мемлекеті көршілес аумақтарды басып алып, өзінің құрамына қосу саясатын жүргізді. Солтүстік-батысындағы, шығысындағы, оңтүстік-шығысындағы аумақтарды күшпен бағындырған Ресейдің XVI ғасырда Батыс Сібір халықтарын қосып алу кезеңі басталды. Келесі ғасырда Украина мен Белоруссия жерін басып алу мақсатында көршілес елдермен, соның ішінде құдіретті Осман империясымен ұзаққа созылған соғыс жүргізуге мәжбүр болды. Нәтижесінде Киев бағындырылып, Ресей Азов теңізіне шығуға мүмкіндік алды. XVIII ғасырда шведтермен болған соғыс нәтижесінде Ресейдің географиялық шекаралары одан әрі кеңейіп, Балтық теңізіне шықты. Ең бастысы Ресей Батыс Еуропа елдерімен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік алды. I Петр патшалық еткен кезеңде «Еуропаға терезе ашылуы» және түбегейлі қайта құрулардың жүргізілуі Ресей геосаясаты бағытының Шығыстан Батысқа бет бұрғанының белгісі еді. Осы кезден бастап елдің сыртқы ғана емес, ішкі жағдайына да өзгерістер енді.

1721 жылдан бастап Орыс мемлекеті империя деп атала бастады. 1722 жылы елдің оңтүстік шекараларын нығайту мақсатында I Петр Кавказ бен Иранға жорығын бастады. Нәтижесінде Каспий теңізінің батыс және оңтүстік жағалауы Ресей құрамына енгізілді. XIX ғасырдың басында өзінің құрамына Балтық теңізінің шығыс жағалауын, польша мен Бессарабияны, Кавказ сыртын қосу арқылы өз аумағын одан әрі кеңейте түсті. Бірақ 1853— 1756 жылдары болған Қырым соғысынан соң Ресейдің геосаяси жағдайы күрт нашарлап кетті. Осы кезеңде Ресей Бессарабияның оңтүстігінен айырылып қалды және АҚШ-қа Алясканы сатуға мәжбүр болды. Ендігі жерде Ресейдің назары Орта Азияға ауды. Ресей империясының басқыншылық саясаты нәтижесінде Орта Азия мен Қазақстан жері толығымен дерлік тәуелді аумақтарға айналды.

Ресейдің, XX ғасырдағы жаңа тарихы 1917 жылы Қазан революциясмынан бастау алды. Құлаған империя орнында пайда болған Кеңестер Одағы тарихи қалыптасқан геосаяси кеңістікті қалпына келтірумен бірге, оны көршілес аумақтар есебінен кеңейте түсті. Жаңа үлгідегі аса күшті алып мемлекет әлемдік экономика мен саясатта өзіндік орын алды. Өзінің аумақтық тұтастығын сақтаумен қатар, көршілес мемлекеттердегі саяси жүйенің өзгеруін қамтамасыз еткен бұл мемлекет одақтастары есебінен Еуразиядағы ғана емес, әлемдегі саяси күштердің арасалмағын анықтаушы факторға айналды.

Ресей мәдениеті

Ресей мәдениеті адамзат баласына баға жетпес мол мәдени мұралар қалдырған дүниежүзілік мәдениеттің ажырамас бөлігі.

Ресей мәдениеті — өзіндік ерекшеліктері бар қайталанбайтын мәдениет, ендеше оның әлемдік мәдениет қазынысына қосқан үлесіне де баға жетпейді.

Орыс мәдениетінің қалыптасу ерекшеліктері негізінен төмендегі факторларға тығыз байланысты болды. Олар:

- көптеген этикалық топтар мен халықтар мекендеген орасан зор территорияны игеру; христиан дінінің ерекше тармағы — православиені руханилылықпен дәстүрлі салт-дәстүрлерге негіздей отырып орнықтыру;
- уақытша болса да ұзақ уақытқа созылған батыс-еуропалық өркениеттік процестерінен оқшау дамуға байланысты туған «тұйықтыққа» бұдан әрі жол бермеу;
- жеке адамдардың мүддесін мемлекет мүддесіне бағындыру.

Осы айтылған ойларымыз дәлелді болу үшін, орыс мәдениетінің қалыптасу кезеңдерін толығырақ қарастырып көрелік. Ақиқатына келсек, көп ғасырлық тарихы бар Ресей мәдениетінің жалпы көрінісі бұрынғыдан да айқындалып келе жатқан сияқты. Ұлттық топырақта пайда болып, өзіндік бет- бейнесімен ерекшеленсе де, мәдени өркендеудің жалпы арнасына келіп құйылатын Ресей мәдениеті, оның ішінде ұлттық бұлақтан нәр алған ежелгі Русь мәдениеті, византиялық көркем жүйемен және тағы да басқа мәдениеттермен тығыз алмасып жатады. Атап айтқанда, Ресей мәдениеті Византиямен қатар, көршілес жатқан Болгария, Сербия, Армения, Грузия сияқты елдердің мәдениетімен үндестік тапты.

Ауыл шаруашылығы

Ауыл шаурашылығы Ресейдің экономикасын дамытудағы аса маңызды буын болып саналады. Өйткені ауыл шаруашылығы материалдық өндірістің шешуші саласы, ол халықты тек азық-түлікпен қамтамасыз етумен шектелмейді, сондай-ақ өнеркәсіптің көптеген салалары үшін аса қажетті шикізат та өндіреді. Сонымен қатар өндірілген өнімдерді дер шағында сапалы өңдеп, дәл уақытында халыққа жеткізу де қажет.

Ресей ауыл шаруашылығы алдында тұрған басты міндеттердің бірі — мал шаруашылығын мүмкіндігінше өркендету.Ресейдің  мал шаруашылығындағы жетекші салаларға ірі қара өсіру,шошқа және қой шаруашылықтары жатады.

Соңғы он жыл ішінде Ресейде мал басының саны 2—3 есеге дейін кеміп кетті.

## 2. Ресейдің феодалдық міндетті құқығы.

XI-XII ғ. Орыс правдасының кеңейтілген редакциясы қоғамдық құрылым даму кезеңі, бояр тиундары, бояр қатарлары, топтары, бояр мұрагерлері туралы айтылады. Феодалды жер иелену ұлы князь және жер иеленуші қауымдастықтар есебі көбейе түсті. Киев Русінде феодалдық жер иелену заңымен реттелінді. Орыс Правдасы феодалдық өзара келіспеушіліктерді бұзғандығы үшін 12 гривен көлемінде айыппұл төледі. Орыс Правдасы феодалдық құқықтық ескерткішінде ерекше артықшылықтар бекітілген. Князь ерлерін өлтірген үшін 80 гривен өлшемінде айыппұл төлейді, қарапайым адам өлтіргені үшін осы көлемнің жартысын төлейді. Феодализмнің дамуы феодал-княздар, бояр және шіркеудің жерге меншік құқығы иеленуіне әкелді. Қоғамның топтарға бөлінуі сословиялы құрылымның қалыптасу процесіне әкелді.

1. Қысқаша Орыс Правдасы редакциясында "адамдар" ұғымына қала және ауыл тұрғындарына кеңінен атап көрсеткен. Орыс Правдасы XII ғ. "Закуп" жарлығы жарық көрді. Закуп - өз шаруашылық қызметі бойынша басшысына қарыз немесе міндетті адамдардың құқықтық жағдайы туралы анықтайды.
2. Изгой - өзінің бұрынғы жағдайынан айырылу. Изгойлар ерікті және тәуелді деп бөлінеді. X-XII тұтқын-құлдарды "илядь" деп атады, олар толық құқықсыз болды. Басқа себептермен құл атанған адамдар "холоп" деді.
3. Орыс Правдасында "челядин" деп толық құқығы жоқ, басшысының қол астындағы құлдар.
4. Ал қала тұрғындары екі негізгі топқа бөлінеді: төменгі дәрежедегі қала тұрғындары және қала аристократтары.
5. Орыс Правдасында басқару жүйесінің даму процесін анықтап, айыппұл көлемін белгілеген.
6. Мұрагерлік құқық жеке меншіктің нәтижесінде қалыптасты. Әке мұрасы кенже ұлына берілді, ал қыз балалар мұрагер ретінде танылмады.

Орыс Правдасы саудагерлер арасында заем шартының айналымын, сауда айналымындағы несие жүйесі, мәміле жасау үшін арнайы сенімхаттың болуын талап етті. Жазбаша ескерткіш құқығында қылмыс және жазаның баптары көрсетілген, онда қылмыс, мүліктік қылмыстар, моральдық, материалдық, физикалық зардап т.б. ұғымдарайқындап көрсетілген. Қылмыс объектісі - князь билігі, мүлік, қылмыстың объективті жағы- қылмысқа оқталу, аяқталмаған қылмыс. Ал қылмыс субъектісі болып құлдар танылмайды. Субъективті жағы қасақана қылмыс жасау. Ең аса ауыр қылмыс князь билігіне сұғу болып табылды. Сонымен бірге шіркеуге қарсы, тұлғаға қарсы, мүлікке, адамгершілік және жанұяға қарсы қылмыстардың түрлері болды. Жаза: айыппұл, қанға -қан,жанға-жан , компенсация , аяқ, мұрын

кесу, көзін ою сияқты жазаның түрлері болды. Өлім жазасын қолдануға рұқсат берілді. Ежелгі Орыс мемлекетінің дамуы мен қалыптасуы құқықпен тығыз байланысты. Ең басты заң шығару ескерткіші Орыс Правдасы. Киев Русі осы құқықтар арқылы жергілікті, отандық жер байлығын, қоғамдық қатынастарды, қоғамдағы тәртіпті бекітті.

### 3. Ресейдің феодалдық қылмыстық құқығы

Ресейде 16 ғ-дан бастап заң ілімі дербес пән ретінде оқытыла бастады. 1687 жылы құрылған Славян-грек-латын академиясында "рухани және дүниәуи құқық төрелігінен" дәріс беру көзделді. 1715 жылы Петр І-ге "Ресейде мемлекеттік кеңселердің пайдасы үшін саясат академиясын құру туралы жоба" табыс етілді. 1703 – 15 жылы Мәскеуде Нарышкин училищесі жұмыс істеді, онда басқа пәндермен қатар заң ілімі мен саясаттың нышандары қамтылған этика пәні оқытылды. "Бас регламентке" сәйкес 1720 жылы юнкерлер алқасы құрылды (1763 жылы таратылды), олар іс жүзінде алқалардың жанында заң ілімін оқуға тиіс болды. 1825 жылы Ресей Ғылым академиясы құрылған кезде құқықтану кафедрасын ашу көзделді, 1726 – 65 жылы академиялық университетте заң ілімі оқытылды. 1732 жылы Шляхта корпусы ашылып, оның бағдарламасына теориялық заң ілімін оқыту енгізілді. Мәскеу университетінде құқықтан дәрістер алғаш рет 1755 жылы берілді, алайда, заң факультеттерінде жүйелі дәрістер мен сабақтар 1764 жылдан беріле бастады. Заңгерлер, негізінен, 5 жыл оқытатын университеттердің және 4 жыл оқытатын институттардың заң факультеттерінде даярланды. Оқу процесі кең профильді заңгерлер даярлайтындай етіп ұйымдастырылды, мұндай заңгерлерді заң білімін талап ететін, сонымен қатар заң қызметінің белгілі бір саласы бойынша терең білімі бар заң мамандарын қажет ететін кез келген лауазымдық қызметке пайдалануға болатын еді.

Сондықтан студенттерге мемлекет пен құқықтың жалпы теориясы, мемлекет пен құқық тарихы, саяси және құқықтық ілімдердің тарихы, әкімшілік құқық, азаматтық құқық, жер құқығы, еңбек құқығы, ұжымшар құқығы, қаржы құқығы, қылмыстық құқық, криминология, сот құрылымы, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық іс жүргізу, халықаралық құқық, т.б пәндермен қатар әлеуметтік-экономиялық (саяси экономия, философия, СОКП тарихы, ғылыми Коммунизм) пәндері де оқытылды. Студенттер мемлекетті басқару және кеңестік құрылыс, халық шаруашылығындағы заң қызметі, сот-прокуратура-тергеу жұмысы профильдері бойынша маманданды. ҚҚМ үшін маман заңгерлерді ішкі істер академиясы, Қарулы Күштер үшін – Кеңес Армиясы Әскери институтының әскери-заң факультеті даярлады.

## Тақырып №9
## «Араб Халифатының мемлекеті мен құқығы»

### Жоспар

**1. Араб халифатының пайда болуы, оның даму кезеңдері, аумағының кеңеюі.**
**2. Халифаттың мемлекеттік құрылымы.**
**3. Халифаттың құқығы.**

### 1. Араб халифатының пайда болуы, оның даму кезеңдері, аумағының кеңеюі.

1. 6-7 ғ.ғ. Аравиядағы әлеуметтік қатынастар Мұхаммед нанымының қарсаңында әте күрделі жағдайда болды. Рулық қарым-қатынастардың арасында ( отбасы мүшелерімен рулық байланыс, кек алу салты, жерді иелену) ру ақсақалдарының бөлініп шығу кезеңі жүріп жатты. Сауда және өсім алушылық, ірі қалаларға тән тұрмыс сипаттары кең таралды. Исламның дамуы кезеңіндегі Аравияның қоғамдық құрылысы өзінің белгілі бір дағдарысты жағдайын бастан кешіріп жатқан еді. Мұндағы құл иеленушілік қоғам әлі жетекші билікке ие болған жоқ. Ол кезде Египет, Сирия, Месопатамия сияқты елдерді арабтың жаулап алу кезеңі ислам дінінің дамыған феодалдық қоғамда таралуына әсер етті. Аяқталған жүйе сапасында исламның пайда болуы, феодалдық қатынастың басшылығымен және бұл басшылықты тікелей қайталауы, қоғамдық қарым-қатынаста қолданатын жағдай туғызды. Бірақ, құл иеленушілік тәртіпте, тайпалардың қауымдық қатынастары да ұзақ уақыт сақталды. Айталықтай маңыздылығы, шариғаттың жалғау заңы ретінде белгіленуі, мынаған дәлел берді: ұзақ уақыт бойы мешіт діни және ақсүйектер жұмыстарын, оның ішінде сот істерін де шешетін орын ретінде қызмет етті. Орта ғасырдағы мұсылман елдерінде заң шығарушылар болып тек құдай сөзін айтатын адамдар ғана танылды. Діни нанымның кезеңінің қаншалықты ықпалды екенін араб тайпаларының орталықтану кезеңі көрсетті.

VIIғ араб тайпаларының Аравия жарты аралын мекендеген бөлігінде рулық құрлыс ыдырай бастады. Мүлік шексіздігінің күшеюімен қатар әлеуметтік жүктелуде күшейді . Тайпа көсемдері мен ақсақалдары оазис жерлерінің ең жақсы жерлерін өздері алды. Олардың иелігінде көптеген малдары, құлдары пайда болды. Қоғамдық қызметке ие болу мұрагерлік сипат алды. әсіресе, Қызыл теңіз жағалауындағы хиджаздай рулық қауым тез ыдырады. Жартылай отырықшы тайпалар егін егумен де айналасты. Бұл жерде сауда орталығы Мекке , Ясри деген қалалар арқылы үлкен сауда керуендері өтті. Қалада бай саудагерлер, өсімқорлар тұрды. Олар өз туыстары билеушы байланысын үзбеді. Қалада кедейленген бәдәуірлер

болды. Руластардың ғасырлар бойындағы әдеті бойынша көмек беруі жойылды. Рулық байланыс үзілді. Қайта ру аралық қырқыс күшейді. Үнемі өзара соғыстар кейде өліммен, мал, адам алып кетуімен аяқталды. Осылай терең әлеуметтік экономикалық дағдарыс жағдайында жаңа таптық қоғам қалыптасты. Қоғамдағы идеология діни сипат ала бастады. Жаңа ислам дінінің дамуы Мұхаммед атымен байланысты (570-632жж) Мұхамед жаңа тәртіп орнатып бұрынғы тайпа арасындағы таласты тоқтатты. Бүкіл арабтар шыққан иелігіне қарамай,  біртұтас халықты құруға тиіс болды. Оның басшысы «құдайдың жердегі өкілі» болу керек болды. Ол үшін жаңа дінді мойындап оның жағдайын орындау керек болды. Жәй адамдар арасында ислам дінің тез мойындады. Себебі көсемдерге  деген сенімі  әлдеқашан жойылған еді. Байлар алдымен қорқа қарасада,  діннің олар мүддесі үшін қажет екенін түсінді.  Одан әрі ру басшылырымен, сауда басшылары осы мұсылман билеушілерінің құрамына кірді.

VIIғ 20-30жж мұсылман діни қауымдастығының қалыптасуы аяқталды. Оны Мұхаммед басқарды. Оның құрған әскери отряды елді 1 тудың астына жинау үшін күресті. Бұл әскери діни ұйым бірте-бірте саяси сипат алды. Пайда болған жаңа мемлекет  тайпа арасындағы араздықты жойды. VIIғ ортасында  Арабияны 1 орталыққа бағындыру аяқталды.

Арабияның географиялық жағдайы, оның саудаға ежелгі уақыттан араласуы Шығыс пен Батыстағы басқа мемлекеттер мен саяси және мәдени байланыстарды дамытуға ықпал жасағаны сөзсіз. Сол сияқты араб ортасын монотеизмге тартуға икемденгені айқын. Ескіден келе жатқан библия аңыздары мен інжілдік атқару, ежелгі грек философиясы мен рим юриспруденциясы, зороастризм және буддизм, шығыс диспотизмінің өткен кезеңі мен ежелгі патшалықтардың орталықтандырылған бюрократиялық нормалары, сондай-ақ арабтарда исламның пайда болуы да белгілі бір рөл ойнады. Исламды тікелей уағыздаушылар қозғалысының шындықты іздеушілері ханафизм болды. Олар рулық дінге қарсы шықты және жалғыз рахман құдайына ғана бағынды.

632 жылы Мұхаммед пайғамбар өлген соң қауым басшысы болып Мұхаммед пайғамбардың әрі жақын досы, әрі қайын атасы Әбу-бәкір (632-634) жарияланды. Ол “Халиф” (орынбасары) деген атақ алды. Бұл өте мазасыз кезең еді. Жан-жақты Мединаның билігін мойындағысы келмеген тайпалар арасынан жалған пайғамбарлар шыға бастады. Осындай мазасыз кезеңнен кейін араб жазушылары мен тарихшыларының еңбектерінде “Ар-Рида”, яғни, “дінінен безу”, “дінінен бөліну”, деген атаққа ие болады. Ал шын мәнінде ол “діннен безгендер” деп саналған тайпалар әлі ислам дінін қабылдамағандар еді. Жалпы Мұхаммед пайғамбар өлген кезде Ислам дінін қабылдаған араб тайпаларынан ол дінді әлі қабылдап үлгермеген тайпалар көп болатын. Олардың кейбіреулері өздерінің бұрынғы нанымдарында қалғанымен, мединалық қауымның саяси билігін мойындады.

Енді біреулерінің арасында ислам дінін қабылдап, Мединаның ықпалына бағынуды жақтайтын топтары болды. Сондай-ақ ислам туралы хабары жоқ, мединалық қауымның ықпалын сезінбеген тайпалар да болды [29]. Л. Кэтани Аравия тайпаларын олардың ислам дініне қатынасы жағынан төрт категорияға бөледі:

I – категориясына ислам дінін қабылдаған Мекке-Мединалық қауым басшылығының қол астындағы тайпалар жатады. Бұл негізінен Мекке мен Мединада, сол қалалардың жақын маңында тұратын джухейн, мувейн, бали, асджа, аслале, хузейя, хуза т.б. ұсақ тайпалар болды.

II – категорияның құрамына Орталық Аравияның хавазин, Амир ибн-сасааб, тайб, сулейм тайпалары кірді. Бұл тайпаларға Ислам дінін қабылдағандардың ықпалы зор болды. Бірақ олардың арасында кішігірім топтары Медина ықпалына қарсы-күресте өте зор белсенділік танытты.

III – категориядағы ислам дінін ұстанушылар ықпалы енді-енді тарап келе жатқан тайпалар кірді. Бұл тайпалардағы мұсылмандар өте аз болды. Бұл асад, гатафан, тамим тайпалары.

IY – категорияға өздерінің саяси және идеологиялық тәуелсіздігін сақтап қалған тайпалар енді. Олар: ал – Исламдағы Ханифа, абд ал – Кайс, азад тайпалары, Иемен мен Хабрамауттағы тайпалардың көпшілігі. Ал христиан дінін ұстанушы араб тайпаларына жаңа дін өкілдері ешқандай ықпал еткен жоқ. Бұл келб, кудао, бахра, гассан, бекр ибн-вайл, танух, таглиб тайпалары еді.

Сондай-ақ Махарадағы, Иемен мен Хадрамауттағы кейбір политейстік бағыттағы тайпалар да ислам дініне еш қатысы болмады. Бірақ, бұл соңғыларына Иудейлік діннің ықпалы күшті болды .

Жекелеген тайпалардың саяси және идеологиялық тәуелсіздігін жақтаушылар жергілікті әулие пайғамбарлар болды. Олардың кейбіреулері өз насихатын Мұхаммедтің тірі кезінде — ақ жүргізді.

Ислам дініне қарсы күресті әскери ал- Иемамадағы Мусейлима деген әулие белсенді жүргізді. Мединалық ислам діндегілердің үстемдігіне қарсы Орталық Аравиядағы асад тайпасының күресін Тулейха басқарды. Ол исламға қарсы күресін Мұхаммедтің тірі кезінде-ақ бастаған болатын. Мұхаммед өлген соң фазада, тайм тайпаларының қолдаушылығына ие болды. Халид ибн ал- Валидтің әскері Тулейха жасағының тас-талқанын шығарды.

Тулейха қашып құтылды. Кейін ол ислам дінін қабылдап, араб жаулап алушылықтарын белсене қатысты. Сөйтіп, "ар-рида" діннен безу емес, тек көпшілік тайпалардың жаңа ислам дінін бірден мойындамауы, оған алғаш қарсылық көрсетуі болды. "Ар-рида" екінші жағынан барлық араб тайпаларын медина-меккелік қауымының билігіне бағындырып, оларды жаулап алушылық соғыстарына тарату болды. Барлық араб тайпаларын біріктіру екінші тақуа халиф Омар ибн ал-Хаттабтың (634-644 жж.) тұсында аяқталды.

Ортағасырлық араб тарихнамасында араб халифатының құрылуы, яғни жаулап алынған жерлерде бір орталыққа бағындырылған үкіметтің құрылуы осы тақуа халифтың білікті де шебер, данышпан басшылығының нәтижесі деп көрсетілді. Ол өте ақылды, әділетті, қарапайым, белсенді, әскер басшы болған. Ислам діні мен мұсылмандар мүдесіне жан-тәнімен беріліп, адал қызмет еткен. Ол нағыз демократ болған. Омар мұсылманша жыл санау Хиджраны енгізген.

Омардың тұсында диван құрастырылған. Ол парсы сөзі, "тізімі" дегенді білдіреді. Ол тізімге жаулап алынған жерлерден салық жинауға құқысы бар жеке адамдар мен тайпа аттары енген. Жаулап алынған жерлер сол тізімге енгендер арасында бөлініп, ол жерде отырған елден "харадж" деген адам басына жер салығы жиналатын. Ол салықтан түскен табыс мұсылмандар арасына тең бөлініп таратылған [17].
Дивандағы ең бірінші тұрған Мединалық қазынаға және аймақтардағы бейт, ал-малдарға барлық жиналған алым — салықтардың бестен бірі түсіп тұрғды.

Әскердегі қызметін арабтар өздерінің құрметті борышы деп санады. Ислам әскері араб тайпаларының жасақшыларынан тұрды. Араб жауынгерлері соғыста түскен олжадан басқа жергілікті халықтан жиналатын азық-түлік есебінен және бейт ал – малдан бөлінетін жалақы есебінен күн көретін. Жаулап алынған елдерге қоныстанған арабтардың көпшілігі бағындырылған жергілікті халықтардың есебіне күн көріп, өнімді еңбекпен айналыспады. Егіншілікпен арабтар айналысқылары келмеді.

Арабтардың ру-тайпалық ұйымдары жаулап алушыларды бағындырылған халықпен араласып кетуден қорғады. Арабтар көбінесе өздерінің әскери лагерлерінің қасына жергілікті халықтар да қоныстана бастады. Олар арабтарға қызмет етіп, тауып жатқан олжаларынан үлес алып, күн көретін. Араб әскери лагерлерінің маңына қолөнершілер мен малайлар, ұсақ-түйекпен сауда-саттық жасайтындар қоныстанатын. Олардың арасында әртүрлі алаяқтар мен жезөкшелер жеткілікті болатын.

Басып алынған ескі қалаларда арабтар жеке кварталдарға орналасатын. Кейде ол кварталдардың тұрғындарын көшіріп жіберетін, сүйтіп оны толығымен өздеріне босатып алатын. Арабтар өз әскерінің қатарына жаулап алынған халықтардың өкілдерін алмады. (тіпті олар ислам дінін қабылдаса да). Ал бұрын Аравиядан көшіп келіп, бірақ көршілерінің ықпалымен христиан дінін қабылдаған арабтар дереу жаулап алушылар қатарына барып қосылып жатты. Әсіресе Сирия мен Иорданиядағы христиандық арабтар елеулі әскери-саяси рөл атқарды. Мұсылман-жаулап алушылар тек христиан, иудей діндегілерге ғана емес, сондай-ақ зороастризм діндегілерге де, манихейлер мен сабиялықтарға да ешқандай зорлық-зомбылық көрсеткен жоқ, ислам дініне кіру-кірмеу еріктерін өздеріне қалдырды

Ислам дінін қабылдаған жат елдіктер жан басына салынатын жер салығынан босатылатын. Бұл қазынаға байлықтың аз түсуіне себеп болатын. Сүйтіп, арабтар жаулап алған деген тұжырым шындыққа ұласпайды. Шын мәнінде жаулап алынған жерлердегі исламдандыру өте ұзақ прцесс болды. Ол процесс кейбір арабтардың шығыс елдерінде осы күнге дейін аяқталған жоқ. Мысалы, IX ғасырда Египет халқының басым көпшілігі христиан діндегілер (копттер) болды.

Арабтардың өркениетті елдерді жаулап алып, оларда өз биліктерін орнатулары араб қоғамындағы экономикалық және әлеуметтік дамуды тездетіп, күрделендіре түсті. Қолында билік бар мұсылман қауымының мүшелері баий түсті, ал қолынан ешнәрсе келмейтіндердің жағдайы онан сайын қиындай берді. Бұл халифтар алдымен байуды дегенді білмеді. Алғашқы халифттер өте қарапайым өмір сүрген.

644 жылы ирандық құлдың қолынан Омар қаза тапқан соң Осман ибн Ал-Аффан халиф болды. Ол да омейя руынан болатын. Ислам дінін қабылдағанға дейін ол өсімқорлықпен айналысатын байлардың бірі болған. Ол сонымен қатар иіс сулар жасап сататын, асыл тұқымды сәйгүлік ат өсіретін. Мұхаммедтің Үркия деген қызына үйленген. Ол қайтыс болған соң тағы бір қызы Үмму Гүлсімді алған. Содан ол құрметті "Зу–н –Нұрайын" – қос сәлеге бөленген деген атақ алған. Ол 644 – 645-шы жылдар аралығында Халифтық құрды. Оның ең үлкен және аса маңызды жұмысы – Құранның толық жинағын әзірлеу, кітап қалпына жеткізу болды.

Осман өлген кездегі оның байлығы 150 мың динар мне 1 млн. Дирхем құрған. Сонымен қатар 100-ге жуық жылқысы, 1000 түйесі, 10 000 қойы болған дейді Е. Беляев. Ақыры бұл байлығы оның түбіне жетті. 656 жылы наразы болған арабтардың өздері көтеріліс жасап, Османды өлтірді.

## 2. Халифаттың мемлекеттік құрылымы.

Халифатта мемлекет аппарат біршама орталықтанған болды. Оған мемлекеттің қолында жердің біршама бөлігі болғандығы да әсер етті. Жоғарғы билік имамның және әмір халифтің қолында болды. 1-ші Халиф мұсылман билеушілері арасынан сайланды. Кейін ол мұрагерлік сипат алды. Араб мемлекеті орталықтанған монархия болды. Халиф билігі шексіз болды. Дегенмен ол ірі феодалдармен есептесуге тиіс болды. Мемлекетте бірнеше рет сарай төңкерісі болды. Мемлекет биліктің орталық органдары:

1.Диван-ал-джунид- әскер басқарушы. Оның қоластында жасақ және жалдамалы әскер болды. Оған әр түрлі жалақы мен жер берілді (әскери қызыметті атқарғаны үшін).

2.Диван-ал-Харадж орталықтанған ісін басқарып, салық пен қазынаға түскен ақшаны есептеді.

3.Диван-ал –Барид- жол мен почта байланысын басқарып, жол құрылысын, құдық, су көздерін басқарушы.ол жасырын билік органдары арқылы халықтың жағдайын бақылап отырды.

Жоғарғы шенеунік болып уәзір табылды, ол тек халифтың алдында ғана есеп беретін болған. Провинцияларды әмірлер басқарған. Кезкелген империя сияқты халифатқа да бірнеше ұсақ мемлекеттерге бөлінуге тура келді, оған сонымен қатар халифаттың тұрғылықты халықтарының үздіксіз көтерілістері де әсер етті. Жергілікті әмірлер қол астындағы әскери күштерін нығайтып, өздерін дербес басшы ретінде жариялауға тырысты. Мұндай жағдай Хорасандағы тахиридтарда, Орта Азиядағы саманидтарда, Египиттегі тулунидтарда, Армениядағы және Грузияның бір бөлігі баградитарда, Ирандағы буидтарда кездесті. 10 ғасырдың басында Аббасидтердің қолында иек Араб Ирагы мен орталығы Бағдаттағы Батыс Иран қалды, мұның алдында, 7 ғасырдың аяғында Испаниядағы Кордова әмірлігі бөлініп шықты. Нәтижесінде Аббасид халифтері саяси биліктен айрылды, оларда тек қана діни билік сақталып қалды.

Чиновниктер Провинциядағы билеушілерге бағынбады. Жоғары шендерді Халиф сайлады олардың қызметіне жауап берді. Қызметте 1-ші уәзір болды. Ол билеуші топқа сүйеніп, қолына билік аппаратын жинақтап, халифті биліктен алшақтатуға тырысты. Жергілікті мемлекет билеу органдарыда құрылды. Сөйтіп Византия, Иран провинциясындағы жергілікті әкімшілік , қаржы мекемелері сол күйінде сақталды. Билеуші топ жерді басып алып, әскери табысты қолына жинап , жергілікті басқару органдары, ондағы салық жинауды қолына алды. Халиф территориясы осылайша бірнеше провинцияға бөлінді. Оларды әскери поместниктер әмірлер басқарды. Олар тек халиф алдында ғана жауап берді. Оның қолында әскери күш болды. Оған қосымша арнайы жалдамалы отряд мутасибтер полициялық қызмет атқарды. әмірге жергілікті аппарат әкім және қаржы билігі қарады.

VIIIғ аяғында халифатта араб мемлекетінің дамуының жаңа тенденсиясы байқалды. Жоғарғы билеуші тап жаулап алған жерге бекігеннен кейін халифаттың бұрыңғыдай бір орталыққа бағынуын қаламады. Себебі бұл кезде әмірлер өз жерлерін құрған еді. Олар өз мүдделері үшін салық жинады. Осылай халифаттың жеке мемлекетке бөлініп кетуі қаупі төнді.

VIII ғ II жарт. Испанияда Кордоф әмірлігі құлады. Одан әрі Тунис және Мароккода , IXғ орт. Египет бөлінді. Халиф өз билігін Месопотамия мен Аравияда сақтап қалды.

### 3. Халифаттың құқығы.

Халифаттың қалыптасуына байланысты оның құқық жүйесі шариғат та қалыптасты. Құқық алғашқы кезде діннің бір бөлігі болды. Оның негізі:

1.Құран- Ислам дінінің басты кітабы болды. Оның мазмұны діни , моральдық бағытта болды.

2.Сунна –хадистер жинағы. Бұл Мұхаммед Пайғамбардың және оның қолдаушыларының айтқан өсиет сөздері еді. Оның бір бөлігі отбасы құқығына арналған мұрагерлік т.б. мәселелерді қарады. Сот құқығында қамтыды. Мұсылман шейттер хадистердің барлығын бірдей қолдамады.

3.Иджма- мұсылман діниндегі беделді адамдардың құқық туралы құдаймен байланыстырылып айтылған шешімдері. Мұхаммед айтуынша « егер сот шешімі әділ болса, ол екі есе төленуі тиіс. Ал егер ол қате шешім айтса бір есе ғана төленеді»

1. 4.Фетва –діни беделді адамдардың қоғамдағы жазба шешімдері. Кейін ислам кең тараған кезде басқада құқық негіздері пайда болды. Халиф жарлықтары, бұйрықтары жергілікті әдет-ғұрып заңдарының барлығыныі мазмұның ислам дінің қолдау болып табылады. Исламның бағытына қарай әрбір аймақта жеке құқық жүйелері де қалыптасты.Құқық нормаларын теориялық жағынан жалпылауға қадамдар жасалды. Мұсылман құқы адамдардың іс әрекеті «құдайдың ісі» деп түсіндірді. Тәртіптен бас тарту тек заңды бұзу ғана діни күнә, ол құдайдың кәріне ұшырайды деп түсіндірді.
2. әрбір адамның іс әрекеті:
3. міндетті түрде;
4. мүмкіндігінше;
5. Шешімге сәйкес;
6. Қажет емес, бірақ жаза қолданбайтын;
7. Тиым салған, қатаң жаза қолданатын әрекеттер болып бөлінеді деген.

Осылайша бөлу әсіресе ислам діні қорғаған, қолдаған ең қымбат ұғым, ол – дін, өмір, ақыл-ой, ұрпақ жалғастығы және меншікті қамтыды. Осыларға қастандық жасалса жазаның 3 түрін қолдануға болады.

1.дін мен мемлекетке қарсы қылмыс үшін қолданылатын жаза- хадд.

2.арнайы белгілі бір адамға қарсы қылмысы үшін қолданылатын жаза да бар.

3.құқық бұзу, қылмыс үшін қатаң жаза қолданбау,соттық жазаның түрін белгіленуі. ( тазир)

Қылмыстың хадд түріне: дінді бұзу, кісі өлтіру үшін өлім жазасы қолданылды. Ал дінге қарсы шыққаны үшін кешірім сұраса, күнә кеширілді.

1.Мемлекеттік билікке қарсы шығудың барлық түріне де өлім жазасы қолданылды.

2.қылмыстың ішіндегі ауыры- арнайы кісі өлтіру. Жазаның бірнеше таңдап алуға болатын болды. Мұхаммед тұсында кісі өлген жақтың туыстарына жазаның 3 түрін ұсынды:

-өлім жазасы

-кешірім өтіну

-құн төлеу

Кісі құны 100 түйе, егер арнайы өлтірілсе, құн төледі және каффарат деп аталатын күнәсіне кешірім сұрады. Жазаның тағы бір түрі денеге дақ салу яғни талион бойынша қайтарылды. Ұрлық үшін ұрлықшылардың қолын шапты. Ішімдік ішкені үшін ақылға зиян келеді деп, Мұхаммед тұсында маскүнемге 40 рет пальма жапырағымен дүре соқты. Халифат тұсында меншік қатынасы реттеліп, нормалары дамыды, жер статусы қалыптасты. Мұхаммед тұрған жер Хиджаз деп аталып, онда арнайы құқықтық тәртіп орнады. Оның халқынан жерсалығы жиналды.

Вакуф деп аталатын мешіт жері салықтан босатылды. Вакуф құрамына жер, қозғалмалы және қозғалмайтын мүліктерде кірді.

Мүлік деп жалпы мемлекеттік жерді және жеке меншік жерін атаған.

Ихта – шаруаның жер үшін төлейтін салығы.

Шарт жасау әлі тараған жоқ, бірақ қарызы үшін құл ету, өсімқорлық үшін соттау жойылды.

Мұхамедтен кейін ол тағайындалған билеушілер сот ісін өздері басқарды. Сот билігі маңызды деп есептелді. Кейін сот ісін шариятты жетік білуші маман кадийлер басқарды. Сот ісінің негізгі ережесі:сот процесін үзбеу, сот шешімінің бір ауызды болуы, азаматтық және қылмыстық істің бірлігін талап етті. Бірақ кадийлер көп жағдайда сот ісінің тәртібін сақтаған жоқ. Сот өкілеттігінен басқа кадий мұраны бөлуді қадағалады, қамқор болуға көңіл бөлді, рұқсат берді.

## Тақырып №10
## «Қытайдың және Жапонияның феодалдық мемлекеті мен құқығы»

### Жоспар

1. **Қытайдағы ортағасырлық мемлекеттіліктің қалыптасуы мен оның дамуының негізгі кезеңдері.**
2. **Қытайдағы мемлекеттің дамуының ерекшеліктері.**
3. **Жапон мемлекеттілігінің дамуының негізгі кезеңдері**

### 1. Қытайдағы ортағасырлық мемлекеттіліктің қалыптасуы мен оның дамуының негізгі кезеңдері.

Б.э.д. III мыңжылдықтағы Қытайдың ежелгі тұрғындары Хуанхэ өзенінің орта және төменгі ағыс тұстарын, Бохай шығанағының жанындағы жазықтықты, және Қытайдың басқа аумақтарының кең жазықтарын мекендеген. Бұл аумақтарда өмір сүрген тайпалар түрліше аталған: солтүстікте — «ли», шығыста — «и», батыста — «цзян» немесе «жун», оңтүстікте — «мань». Ежелгі халықтар тайпаларға біріккен рулық қауым- дармен өмір сүрген және ортақ шаруашылықты жүргізген.

Б.э.д. III мыңжылдықтың соңында өндірістік күштердің одан әрі дамуы, жеке меншіктің пайда болуы және қоғамның таптарға бөлінуі рулық құрылымның ыдырауына және оның орнына мемлекеттің пайда болуына алып келді. Шамамен б.э.д. 1600 ж. шығыс «и» тайпалары Солтүстік Қытайдың үлкен аумағын жаулап алып, өз қарсыластарын жеңді де, Шан (инь) мемлекетін құрды. Ежелгі Қытайдың мемлекеті мен құқығы тарихының ке- зеңдері:

1 кезең — Шан «Инь» кезеңі (б.э.д. XYIII-XI ғ.ғ.) — құлиеленушілік қоғамның қалыптасуы жүзеге асады. Бұл кезеңде, сонымен қатар, екі кезең көрініс табады: а) ерте Шан (б.э.д. XYIII — XY ғ.ғ.) — таптардың пайда болуының бас- тапқы кезеңдері ғана тән; ә) кейінгі Шан (б.э.д. XIY— XI ғ.ғ.) — таптық қоғам толығымен қалыптасып бітеді.

2 кезең — Чжау кезеңі (б.э.д. XI — III ғ.ғ.) — иерархиялық әлеуметтік жүйе пайда болады; 3 кезең — Цинь кезеңі (б.э.д. 221-201 ж.ж.) және Хань кезе- ңі (б.э.д. III ғ.— б.э. III ғ.) — жаңа, феодалдық қатынастардың негізі пайда болады.

Қоғамдық құрылым. Кейінгі Шан кезінде халықтың жалпы санынан артықшылықты топ бөлініп шығады, оның құрамына билеуші — ван және оның туыстары, билеушіге жақын адамдар абыздар, шенеуніктер және бағынышты тайпалардың ақсүйектері кірген. Чжоулық Қытайда бірнеше разряд — әлеуметтік ранглер пайда болды. Ранг тұрғын үй мен жердің мөлшерін, құлдардың саны мен жалақының мөлшерін анықтаған. Цинь кезеңінде Шан янның жүргізген өзгертулері негізінде ақсүйектіліктің

ранглері туралы жаңа ереже енгізілді, оған сәйкес ранглер ақсүйектік тегіне емес, билеуші алдындағы жетістіктері үшін берілген. Барлығы 20 ранг енгізілді, ал б.э.д. III ғасырдан бастап оларды сатып алуға рұқсат етілген.

Сонымен, жаңа ақсүйектер пайда болды: мүліктік, әскери, қызметтік және саудагерлік. Ең төменгі сатыда құлдар болған. Құлдықтың қайнар көздері түрліше болған: әскери қамау, қарыздық құлдық, сый ретінде алу, қылмыскерлер, шығынға ұщыраған шаруалар. Қоғамның үстем тобы мен құлдардың арасында жер өңдеумен айналысатын еркін қауым мүшелері болған.

Мемлекеттік құрылым. Құлиеленушілік Қытайда оның тарихының барлық кезеңінде басқарудың монархиялық нысаны болған. Билеуші — ванның қолында билік толығымен болған. Патша билігі құдайдың билігіне теңестірілетін Монархия мұрагерлік сипатта болған. Ежелгі Қытайда басқарудың сарайлық жүйесі болған, яғни, нақты анықталған құзіреті бар тұрақты түрде қызмет ететін мемлекеттік мекемелер болған жоқ, олардың орнына арнайы тапсырмаларды орындайтын тұлғалар, күңдер болған.

Шан дәуірінде патшаға жақын тұлғалардың арасында 20 жуық ресми титулдар болған, олар функциялары бойынша үш топқа бөлінген: біріншісі — азаматтық лауазымды тұлғалар, екіншісі — әскери лауазымды тұлғалар, үшіншісі — әртүрлі кеңесшілер, бал ашушылар мен көріпкелдер. Чжоу кезеңінде ванның ең жақын көмекшісі болып сян табылған, ол барлық шенеуніктерге басшылық жасап, билеушінің әртүрлі тапсырмаларын орындаған. Сонымен қатар, үш гундер — патшаның басты кеңесшілері лауазымы болған. Цинь дәуірінде императордың жақын көмекшілері болып екі бірінші кеңесшілер — екі ченсина табылады, олар аппарат жұмысын басқарады, тайвэй — империяның қарулы күштерін басқарады және юйши дафу — барлық мемлекеттік аппаратты басқарады. Ченсяна, тэйвей және юйши дафу аса лауазымды тұлғалар болатын және «үш гун» атауын иеленді. Жергілікті басқару. Шан және Чжоу дәуірінде Қытай өз көсем — билеушілері — чжухоулары бар көптеген иеліктердің жиынтығынан құралған болатын. Чжухоулар ванның жоғарғы 31билігіне бағынған. Цинь дәуірінде Шан Янның әкімшілік реформасына сәйкес патшалықтың аумағы 41 цездке бөлінді, олар валостар мен тиналарға бөлінді, ал алар, өз кезегінде, өз басқару органдары бар 10 қауымдастықтан құралды. Қауымның тұрғындары фулаоны (ақсақал) сайлаған, ал олардың арасынан староста — личжен сайланған. Әскер. Шан патшалығында тұрақты әскер болған жоқ. Қажет болған жағдайда чжухоулар 3000, 5000, 6000 әскерлерден құралған отрядтарды ұсынған. Жиналған әскер әскербасы — қолбасшыға берілетін және жорыққа шығатын. Әскер екі бөлікке бөлінетін: жаяу әскер және арбалы әскер. Сонымен қатар, халық мал мен арбаларды беретін. Әскердің үш түрі болған: жаяу әскер, атты әскер және қарулы арбакештер. Цинь империясында әскер бестіктер мен ондықтарға бөлінген. Жоғарғы қолбасшы болып императордың өзі табылған. Сот жүйесі. Сот функцияларын тармақтарға бөлінген мемлекеттік аппараттың көптеген өкілдері жүзеге

асырған. Мемлекеттегі жоғарғы судья болып ван табылған. Жергілікті жерлерде сот істерін қараумен болыстықтың бастығы айналысқан. Құқықтың негізгі сипаттары. Б.э.д. Y— II ғ.ғ.— да бірқатар жинақтар жасалған, олардың ішінде ең әйгілі 6 тараудан құралған «Заң кітабы» (Фацзин). Мұнда Қытайдағы қолданыстағы қылмыстық іс жүргізушілік заңнама көрініс тапқан. Шан мемлекетінде меншік құқығының обьектілері ретінде мал, құлдар, еңбек құралдары, құнды асыл бұйымдар және басқа да мүлік танылған. Тек б.э.д. I мыңжылдықтың екінші жартысында ғана жерге деген меншік құқығы пайда болады. Қытайлық заңнамаға мына шарт түрлері тән болған: сату-сатып алу, заем, кепіл, несие беру, жерді жалдау. Шан кезеңінің отбасы құқығында матриархаттың элемент- тері болған, туыстар арасындағы некеге рұқсат берілетін, алайда, Чжоу мемлекетінде патриархатты отбасы орнығып, көп әйел алуға рұқсат етіледі. Мұрагерлік құқықта әке мүлкін бірінші әйелдің үлкен ұлы иемденетін тәртіп орныққан. Ұлы болмаған жағдайда мұрагерлікті күйеуінің басқа туыстары иеленетін. 32Қылмыстық заңнамада мемлекеттік қылмыстарға ерекше мән берілген, олар үшін мынадай жазалау жүйесі қолданыл- ған: таңба салу, мұрынды кесу, аяқты шабу, еркектердің жыныс мүшесін кесіп тастау және өлім жазасы. Ежелгі Қытайдағы сот әкімшіліктен ажыратылмайтын. Алдынала тергеу мен сот талқысын бір тұлға жүргізе беретін.

## 2. Қытайдағы мемлекеттің дамуының ерекшеліктері.

III – ғасырдың соңында Қытайға ғұндар, кейін юн, цян, жужан, тобог және тибет тайпалары басып кірді. IV –VI ғасырларда Солтүстік Қытай нағыз соғыс алаңы болды. Жаулап алушылардың арасынан Солтүстік Вэйдің тоби династиясы бөлініп шықты, олар V ғасырдың соңында өз патшалығын орнатты. 477 – 485 ж.ж. императордың жарлығының нәтижесінде үлестіру жүйесі қайтадан енгізілді. Ол ауыл шаруашылығының көтерілуіне және Оңтүстік Қытайдағы халықтың қайтып келуіне біршама әсер етті. VI ғасырдың екінші жартысында Солтүстік және Оңтүстік Қытайдың бірігуіне қажеттік туындады. Себебі, VI ғасырдың ортасында (551 ж.) Қытайдың солтүстік шекараларына қауіп төндірген асакүшті көшпенді мемлекет Түрік қағанаты құрылды. Бірігу әскери жолмен жүзеге асты. Қолбасшы Янь Цзюнь император және Суй (581 – 618 ж.ж.) династиясының негізін қалаушы ретінде жарияланды. Бұл династиясының тұсында мемлекеттік биліктің орталықтандырылуы күшейе түсті. Императордың билігі шексіз болды, ол үлкен бюрократтық аппаратты басқарды. Императордың жанында жоғарғы шенеуніктерден құралған үш палата жұмыс істеді. Одан кейін алты ведомство (шендер, қаржылық, рәсімдік, әскери, сот және жазалау, қоғамдық жұмыс ведомстволары) болды. Алайда, шаруа көтерілістері мен Когуремен (сол кезде Корея түбегіндегі мемлекеттердің бірі) ұтымсыз соғыс Суй династиясының құлауына және Тан династиясының (618 – 970 ж.ж.) негізін

қалаушы император Ли Юаньның билікке келуіне алып келді. 624 жылы шаруалар үшін жеңілдіктер орнықтырған декрет қабылданды, оған сәйкес шаруаларға бау – бақша жерін өмір бойғы иелену құқығы берілді. Тан мемлекетіндегі жоғарғы және шексіз билік императорға тиесілі болды. Оның көмекшілері болып екі цзайсин табылды. Мемлекетті басқару үш палата арқылы жүзеге асырылатын: атқарушы, заң шығарушы (империя жарлықтарын даярлау), салтанаттарды ұйымдастыру; одан әрі суй ведостволарына ұқсас алты ведомство тұрды. Шенеуніктер тоғыз рангіге бөлінді және олардың жалақылары да тоғыз деңгейде болды. Шаруалар “жақсы халық” және “жаман халық” болып бөлінді. Бірінші топты еркін шаруалар, екінші топты құлдар, малайлар, бөтен жерді жалға алушылар құрады.

907 – 960 жылдары өтпелі кезең орнады, бұл кез “бес династия және он патшалық” кезеңі деп аталды. 960 жылы әскер император ретінде генерал Чжао Куаниняны жариялады, ол Сун династиясының (960 – 1271 ж.ж.) негізін қалады. Бұл династияның басқаруы кезінде мемлекеттік құрылым өзгермеді. Қытайдың солтүстік – батыс шекарларында тангуттар мемлекеті – Батыс Ся мемлекеті (982 – 1227 ж.ж.) құрылды, бұл мемлекет Қытайдың шекараларына үнемі шабуыл жасап отырды.

1234 жылы Солтүстік Қытайды монғолдар жаулап алды, ал жарты ғасырдан соң Оңтүстік Қытай да бағындырылды. Монғол ханы Құбылай жаңа Юань династиясының (1271 – 1368 ж.ж.) негізін қалады. Өз астанасы ретінде ол Пекинді таңдады. Ол қытайдың әкімшілік жүйесін өздеріне негізгі алғанымен, монғолдар қытайларды биліктен аластатты. Осы және басқа да шаралар шаруалардың көтерілісіне алып келді. 1368 жылы шаруа қолын бастаушы Чжу Юаньчжанның әскері Пекинге басып кірді. Ол император болып, Мин династиясының негізін қалады. 1644 жылы Қытайды маньчжурлар жаулап алды, Мин династиясы құлады. Маньчжурлардың басшысы Абахай Цинь династиясының (1644 – 1911 ж.ж.) негізін қалады, ал оның ұлы жаңа династияның алғашқы “богдыханы” болды (император титулы).

Қытайдың құқығы өзгешеліктерге толы болды. Мұнда Конфуцийдің ілімдері негізге алынды, ол бойынша балаларының ата – анасына, әйелінің күйеуіне, жауынгердің басшысына, шаруаның князьға, халықтың императорға қатаң түрде бағынуы уағыздалатын. VII ғ. Император Ли Ши – Минның бұйрығымен қылмыстық құқық жинағын – “Қылмыстық құқықтағы қылмыстардың тізімін” жасау басталды. Қылмыстардың тізімі ауқымды болды және олардың басым көпшілігі өлім жазасымен жазаланатын, себебі, конфуций ілімі бойынша қылмыскерге қатысты дене жазаларын қолдануға тыйым салынатын болған. Әкесін өлтірген бала, басшысын өлтірген жауынгер, сюзеренін өлтірген вассал қандай да болсын жағдайға қарамастан өлім жазасына тартылатын.

## 3. Жапон мемлекеттілігінің дамуының негізгі кезеңдері

Жапон архипелагының тұрғылықты халқы болып мына тайпалар табылды: айналар, кумасо және эбису, кейіннен бұл жерлерге тунгусманьчжур тектес тайпалар да көшіп келді. Көпшілікпен танылған дін болып синтоизм (ата-бабалар мен табиғат күшіне табыну) табылды.

VI ғасырдың басында Сога тегінен шыққан ханзада Сетокутайси (572-621 ж.ж.) 12 ранг туралы иерархиялық табель және 17 баптан құралған заң қабылдады, бұл заң буддизм мен конфуций ілімінің мемлекет пен монархтың билігі туралы догмаларына сүйенді. 645 жылы таққа Сумераги тегінен шыққан Кару отырды, ол Котоку атымен билік жүргізе бастады. Бірқатар реформалар жүргізілді, енді мемлекет басында император отыратын болды, елді губерниялар мен уездерге бөлді, жер мемлекеттік меншік ретінде жарияланды, шаруаларға тиесілі жерлер бөліп берілді және олар өздерінің астығының бөлігін мемлекетке беріп отыратын болды. Әскери ақсүйектер — самурайлар қалыптасты, олар “бусидо” (бушидо) деп аталатын ар кодексіне сәйкес қызмет ететін. XII ғасырдың соңында самурайлар дербес династия ретінде қалыптасқан Миномото князьдарын жақтады.

XVI-XVII ғасырлардағы Жапония. XVI ғасырда Жапония феодалдық ыдыраушылық жағдайында болды. Феодал Ода Нобунага Токугава және Такеда тегінің князбдарымен одақтасып, 1582 жылы мемлекеттің 66 провинциясының отызын өзіне бағындырды, оның мирасқоры Хидэеси елдегі бүкіл билікті өз қолына біріктірді. Шаруаларға қару-жарақ ұстауға тыйым салынды, олар өз жерлерінен кете алмайтын. Князьдардан құралған өкілдік алқалы орган құрылды. Кореяға қатысты белсенді жаулап алушылық саясат жүр- гізілді. 1598 жылы Хидэесидің өлімінен соң оның үш жасар мұрагерінің тұсында ірі феодалдардан құралған регенттік кеңес құрылды. Ірі феодалдардың арасындағы өзара соғыстың нәтижесінде Токугава Иэясу жеңіп шықты. 1603 жылы Токугава сегун (бас қолбасшы) болып жарияланды. Токугава тегі Жапонияда XIX ғасырдың жартысына дейін билік құрды. 98Сегунат режимі императорды биліктен аластатты. 1615 жылы бүкіл Жапония біріктірілді. Мемлекеттің астанасы Эдо (қазіргі Токио) қаласына ауыстырылды. Сегуннан кейінгі екінші тұлға болып оның бірінші министрі және бас кеңесшісі табылды, сегун кәмелетке толмаған жағдайда оны регенттік кеңес тағайындайтын. Жоғарғы кеңесуші орган болып ақсақалдар кеңесі табылды. Жергілікті жерлерде билікті губернаторлар жүзеге асыратын; сегунның ерекше шенеуніктері жергілікті жерлерге бақылау және тексеру мақсатымен жіберілетін. Тұрғылықты халық негізгі төрт сословиеге бөлінді: самурайлар, шаруалар, қолөнершілер және саудагерлер, қайыршылар мен көшпенді артистер ешбір сословиеге жатпйтын. Барлық мемлекеттік лауазымдарды самурайлар иеленді. Халықтың сексен пайызын құраған шаруалар жерді “мәңгілік” жалға алу құқығына сәйкес иеленетін. Қолөнершілер мен саудагерлер цехтар мен гильдияларға біріккен.

Жапондық феодалдық құқығының дамуына қытай құқығының әсері ерекше болды және мұнда да конфуций ілімінің догмалары көрініс тапқан. Қылмыстың, азаматтық деликтінің және әкімшілік теріс қылықтың аралары нақты ажыратылмаған болатын. Жапондық "Жүз заңдар" (1742 жылы) феодалдық жинағы азаматтық, қылмыстық, процессуалдық құқықтардың негізгі нормаларынан құралған, алайда, бұл нормалар құқық салалары бойынша нақты ажыратылмаған болатын. Ресми доктринада адамның жазылған құқыққа қатынасы мына формуладан көрі- ніс тапқан: "білмесең де, орындауың қажет". Сол себепті, жазылған құқықты білетін адамдардың санының шеңбері аз болған. Негізінен конфуций ілімінің имандылық және жақсы (немесе жаман) жүріс-тұрыс ережелері басшылыққа алынатын.

Жапонияның Мэйдзи революциясы

XIX ғасырдың ортасында Жапония феодалдық құрылымның ыдырауының салдарынан болған елдің дамуына кедергі болып отырған құлдырау жағдайында болды. XIX ғасырдың бірінші жартысында ең алғашқы капиталистік мануфактура пайда болды. Алайда, феодалдық қатынастардың қалдықтары мен ішкі нарықтың тар болуы (шаруалар — халықтың негізгі бөлігі — өнеркәсіп өнімдерін алмады) жаңадан қалыптасып келе жатқан өндірістің дамуына кедергі жасады. Сыртқы саяси жағдай да күрделене түсті. 1853 жылы американдық эскадра адмирал Перридің басшылығымен жапония жағалауларына келіп, АҚШ бір жақты түрде сауда шартын бекітуді талап етті. 1858 жылы аталынған шарт бекітілді, ол бойынша Жапония АҚШ-тан келетін тауарларға белгіленген мөлшерден тыс (5-тен 35 пайызға дейін) баждар қоя алмайтын және де Жапонияда жүрген американдықтардың аумақтық тиістілік қағидасы (олардың жергілікті соттарға бағынбауы) танылды. Осыдан соң Англиямен, Франциямен, Голландиямен тең емес шарттар бекітілді. Сегунның үкіметі аталған шарттардың барлығына өз келісімін берді. Бөтен елдердің ашық түрдегі шабуылына жапон қоғамының барлық топтары — шаруалар, жұмысшылар, жас буржуазия, самурайлар өз қарсылықтарын білдірді. Феодалдыққа қарсы күрес ұлтазаттық қозғалыспен ұштасты, бұл қозғалысты император Муцухитоның жақтаушылары (шынайы билік Токугава руынан шыққан сегунның қолында болды) басқарды. Сегун әскердің бас қолбасшысы болып табылды, алайда, императордың жақтастары және княздық-самурайлық топ сегунатты құлатуды және императорды қайта билік басына әкелуді, оның атынан реформалар жүргізуді мақсат етіп қойды. 1867 жылғы қазан айында императорлық топтың басшылары сегун Кэйкадан жоғарғы билікті императорға беруді талап етті. 1868 жылғы қаңтарда сегунның әскері княздық- самурайлық әскермен шайқаста жеңілді. Ел дамудың буржуазиялық жолына бет бұрды. 1868 жылы цех 138бойынша бөлініп жұмыс істеу жойылып, халықтың барлығына еркін кәсіп таңдау және сауда жасау мүмкіндігі берілді. Мемлекет бойынша бірыңғай заңдар енгізіліп, сословиелік артық- шылықтар жойылды. 1871 жылы жерді еркін сату-сатып алуға рұқсат етілді. 1872 жылы жерге жеке меншік құқығы бекітіліп, бірыңғай жер салығы енгізілді. Сол жылы Германияның үлгісі

бойынша жалпы әскери міндеттілік енгізілді, самурайлардың әскери қызметке деген артықшылықты құқықтары жойылды. Әскер германдық үлгі бойынша, ал флот ағылшындық үлгі бойынша құрылды. Ел губернияларға бөлінді, оларды тағайындалатын губернаторлар басқарды. Құқыққа қайшы халықаралық шарттар күшін жойды. Саяси партиялар құрыла бастады. 1881 жылы либералдық партия, бір жыл өткен соң конституциялық реформалар партиясы құрылды. Реформалар кешенінің аяқталуы болып 1889 жылы консти- туцияны қабылдау табылды. Үлгі ретінде Пруссияның кон- ституциясы алынды, бұл конституция феодалдық басқару мен қалыптасып келе жатқан буржуазияның арасындағы келісушілікті мейлінше толық көрсеткен құжат болып табылды. Императордың тұлғасы қасиетті және қол сұғылмайтын ретінде жарияланды, ол министр-президентті (атқарушы биліктің басшысы) және оның ұсынысы бойынша министрлер кабинетін тағайындайтын. Парламент екі палатадан тұрды: пэрлер палатасы және депутаттар палатасы. Пэрлер палатасына титулдарға ие ақсүйектер (мұның алдында еуропалық титулдар енгізілген болатын: князь, виконт, маркиз, барон, граф) және император тегінің мүшелері сайланатын. Депутаттар палатасы сайлауда жеңген тұлғалардан тұрды. 1890 жылғы заңмен сайлауға қатысу құқығы 25 жасқа толған, әскери міндеттілігі жоқ, кем дегенде 15 иен тікелей салық төлейтін және белгілі бір жерде 1,5 жыл тұрғылықты өмір сүрген жапон азаматтарына берілді. Екі палата мен Үкіметке де заңшығару ынтасын білдіру құқығы берілді. Заң жобаларын палаталар жекелеген отырыстарда талқылайтын және көпшілік дауыспен қабылданатын. 1391890 жылы мемлекет үшін біртектес соттарды құруға бағытталған заң қабылданды. Округтарда бірінші инстанция бойынша округтық соттар жұмыс жасайтын болды. Округтар губерниялардың құрамына енді, келесі сатыда губерниялық соттар тұрды, одан жоғары жеті апелляциялық сот пен жоғарғы империялық сот жұмыс жасады. Сонымен бір мезетте прокуратураның мәртебесі бекітлді. Оған мынадай өкілеттіктер берілді: алдын-ала тергеу, мемлекеттік айыптау және соттарды қадағалау. Адвокатураға да сотта қорғаушы орган ретінде мәртебе берілді. 1890 жылы қылмыстық іс жүргізу кодексінің жаңа басылымы шықты (бірінші басылымы 1880 жылы шыққан болатын). Император- дың жанында Құпия кеңес пен императордың сегунмен соғысындағы оны жақтаушы ақсүйектерден тұрған генро жұмыс жасады. Бұл органдардың құрамында әскери ақсүйек- тердің орны ерекше болды, олар Жапонияны біртіндеп милитаризациялауға күш салды. Бұл мақсаттарда бюджеттен әскерді қаруландыруға және дамытуға көптеген қаржы бөлінді. Оңтүстік-шығыс Азия үшін қуатты әскері және флотының болуы Жапонияның сыртқы саясатының сипатын анықтады. 1872 жылы Жапония Ликей аралдарын басып алды. 1894-1895 жылдары ол Қытайға басып кіріп, Пескадор аралдары мен Тайвань аралын жаулап алды. 1904 жылы Ресей үшін сәтсіз болған орыс-жапон соғысының нәтижесінде Жапония Оңтүстік Сахалинді өзіне бағындырды. 1910 жылы Кореяны басып алды.

## Тақырып №11
## «Ұлыбританияның мемлекеті мен құқығының дамуы»

### *Жоспар*

**1. Буржуаздық мемлекеттіліктің қалыптасуы.**
**2. Мемлекет формасының эволюциясы.**
**3. Абсолюттіктен конституциялық монархияға.**

### 1. Буржуаздық мемлекеттіліктің қалыптасуы.

XVII ғасырдың басында Англия Европаның басқа елдерімен салыстарғанда әлде қайда сәтті дами түсті. Кең жайылған отаршылдық басқыншылықтар, дамыған мануфактуралық және жеңіл өндіріс бул елдің жемдік нарықтағы алдыңғы қатаршы позициясын анықтап берді. Елде 2 шаруашылық топ қалыптасты: капиталистік және феодолдық. Көпшілікке ортақ жерлерді қоршап алу нәтижесінде шаруашылар жерден айырылды (феодалдар шаруаларды жерден күштер кошірді). Абсолютизм жерден айырылган көптеген шаруаларды жұмыс орнымен қаштамасыз ете алмады. Халықтың әлеуметтік суретін мынадан коруге болатын еді: елдегі турғындардың онының тоғызы парламенттік сайлауға қатысу қуқығынан айырылган түлғалар болды. Ер адамдардың тек оныншы бөлігін ғана басқаруға қуқығы бар джентельмендер, бюргелер, курады. Дворяндық та қурамы жағынан бір текті болған жоқ: ескі дворяндық және жаңа дворяндық немесе джентри болды. Бұлар буржуазияға жатты. Турғандардың әр түрлі қабатын өзіне тартқан революция пісіп жетилді.
1628 ж. парламент корольға Құқық туралы Петиция берді. Петиция томенгі палата парламенттің келісімінсіз ешқандай салық енгізбеуде және сотсыз ешкімді туткындамауды сурады.

Петицияның негізгі мазмуны бойынша бузылған құқықтар мен бастандықтарды қалпына келтіруді талап етті.
Карл I Петицияны бекітуге мәжбур болды және ол заңға айналды. 1629 ж.король мен парламент арасында жаңа қақтығыс болды. Сол кезде Карл I парламентті таратып, өзі жалғыз басқарды. Король жағынан әділетсіздік күшейіп, елде революциялық жағдай қалыптасты.

Пресвитериандық ірі буржуазия мен аристократияны біріктіре отырып, конституциялық монархия идеясын насихаттады. Индепенденттік орта және шағын буржуазиядан құралды. Олар жалпы конституциялық монархия идеясымен келісті, бірақ парламентте өз жақтастарының санын көбейту үшін сайлау округтерін қайтадан болуді және еркін адамға ар-ондан еркіндігі мен сөз еркіндігі тануды усынды. Қолонершілер мен еркін шаруалдарды біріктерген левеллерлердің қозғалысы радикалды болды. Олар барлық азаматтардың тең қуқылығы мен республиканы усынуды талап етті.

Қысқа парламент (1629-1640 ж.) король билігінің әділетсіздігімен сипатталды. Парламенттің таратылуы шотландықтардың Англияға басып кіру қаупін туғызды.

Әскери сәтсіздіктер Карл I-ні 1640 жылдың 13 сәуірінен – 5 мамырына дейін өмір сурген, тарихта Қысқа парламент деген атпен белгілі парламентті шақыруға мәжбур етті. Көпшілік палатасы корольді шотландықтармен соғыста жәрдем беруден бас тартып, Карл I-ң саясатын сынға алуға кірісті. Жеке басқарған жылдарында Карл бул парламентті таратып жіберді, сол арқылы өз жағдайын ауырлатты.

Ұзақ парламент 1640 ж/ң қарамасында шақырылып 1652 ж/ға дейін әрекет етті. Парламент конституциялық деп атвалған революцияның бірінші сатысына бастама берді (3.11.1640-22.08.1642). Ұзақ парламент король еркіне қарамастан әрбір 3 жыл сайын парламенттің шақырылуын қарастарған үш жылдық акт және парламенттің келісімінсіз оның таратылуына тиым салатын акт сияқты маңызды қунаттарды қабылдады. Арнайы актімен «Жулдызды палата» және «Ұзақ комиссия» бектілді.

1641 ж. 1 желтоқсанда Ұлы Ремонстрация қабылданды. Ремонстрацияда епископтарды лордтар палатасынан аластату және шіркеу реформацияның өткізу, сонымен қатар көпшілік жерді қоршауға тиым салу және салық жинауды король билігінің әділетсіздін тоқтату талабы қойылды. Ұзақ парламентпен қабылданған актілер король билігін шектеді, король мен парламент арасында азаматтық соғыс басталды.
Азаматтық соғыс 2 саттыға бөлінеді: 1-де парламенттік армияның әскери басшылығы пресвитериандар қолында болды. 2-де индепенденттер қолында болды. Парламенттік әскердің алғышқа сәтсіздіктері генерал О. Кромвелльдің (1599-1658) «Жаңа моделі» бойынша әскерді қайта уйымдастыруға әкелді. Әскері басшылықтан аристократтарды аластау үшін туралы Билль шығарылды. 1645 ж.корольдік әскер жеңіліске ушырады.
1648 ж. Көктемінде 2-ші азаматтық соғыс король мен пресвитериандық парламент арасында басталды. О. Кромвель парламенттен пресвитериандарды аласатты.

Индепенденттік республика және Кромвель протектораты
1649 ж.король Өлімінен кейін парламент Англияны республика деп жариялады. Лордтар палатасы бекітіліп, көпшілік палатасы өзін жоғарғы билік деп жариялды. Атқарушы жоғарғы орган Мемлекеттік кеңес болды. «Халықтық келісімде» әрекет етудің мынадай бағдарламасы болды: ұзақ парламентті тарату, бұкіл ер адамдардың қатысуымен сайлау өтқізу, заң алдандағы бәрінің теңдің және т.б. Дегенмен, Кромвель үшін «Халықтық келісім» әрекеттің нақты программасы емес, тек тактикалық шегініс болды. Бұны біліп қойған левеллерлер тасқулар котерді, бірақ О. Кромвель оны басып тастады. Парламенттен тірек таппаған Кромвель 1653 ж.оны таратып жіберді.

1653 аяғында «Басқару қаруы» деген конституция енгізілді, ол Кромвель диктатурасын бекітті. Оған сәйкес, жоғарғы заң шығару билігі

лорд-протекторге және бір палататық парламентке тиесілі болды. Атқарушы жоғары билік. Лорд-протекторға және құрамында 13 тел 21 ге дейін мушесі бар Мемлекеттік кеңеске берілді. Кейін Кромвель парламентті шақыруды тоқтатып, Мемлекеттік кеңес мүшелерін өз ойынша тағайындады. Кромвельдің жеке диктатурасы революцияны кері – республикадан монархия еске түсіретін жеке жалғыз билікке алып келді.

Стюардттардың Ресттварациясы. 1658 ж. О. Кромвельдің өлімінен кейін билік оның улы Ричард Кромвельге кошті, оның қоғамда беделі күшті болмады. 1659 ж. Ұзақ парламенттің қолдауымен корольдің ұлы Карл II-ні (1630-1685) отырды. Бірақ, Карл II өз уәделероіне қайшы ескі тәртіпті орната бастады. Осы нылдары Англияда 2 саяси партия пайда болды. тори-корольдің жақтастарын біріктерген, виги-корольға оппозициялық жағынан жиналған буржуазия мен орта дворяндардан турады. 1679 ж.виги, парламенттке көпшілікті қурай отырып «Хабеас корпус акт» және «Азматтардың еркігдігін қамтамасу ету актісін» атты жауа заң қабылдады. Осы заңға сәйкес туткындамулы өзі н./е туыстары арқылы англия/ң жоғарғы соттарының біріне жүгініп «Хабеас корпус» туралы бұйрық шығаруды толап етуге құқығы болды. Бұл бұйырыққа сәйкес, ол ақшалай кепілдік арқылы бостылды Карл I таққа Яков II-ң отыруға қарсы болмайды деген шартты вигилерге қоя отырып, хабеас корпус актіні бекітті. «революция на оның солдары». Жаңа король яков II (1633-1701) антибуржаизиялық саясат жургізді және парламент вигтермен біртіп революция жасады . 1689 ж. таққа Нидерландың штатгальтері Вильгельм оранский отырды. Осы сәттен бастар Англияда түркілікті түрде Конституциялық монархия бектілді. Жаңа король, таққа отырар сәтте «Құқтар тураны Билльге» қол қайды. Оның басты мәні-заң шығаруда папрламенттің ноғарғы билігін бекіту б/ы. Дегенмен, парламенттің заң жобасына вето коюға да корольдің құқығы болды. 1701 ж. 2 маңызды еренені белгілеген «таққа мурагерлік Заңы» дегел Конституцияллық заң қабылданды. Ол 2 ерене : 1) контрассигнатура, оған сәйкес к ольдік заң актілері тек сәйкес министрдің қас қойғанынан кейін ғана жарамды және 2) соттардың (судьялардың) ауыспайтындығы.

Англия 17 ғасырда Парламент екі палаталық болды: жоғарғы палата (лордтар палатасы) мурагерлік бойынша, лауазым бойынша немесе корольдің тағайындауы бойынша орын алған тулғанлардан турады; толенгі палата (көпшілік палатасы) сайлау қуқығы негізінде қурылды. 1710 жылы заң қабылданды, оған сәйкес парламентке ауылдық нерде қозғалмайтын мүшіктен 500 фунт стерлинг және қалалрда 300 фунт стерлинг кіріс алатың тулғалар сайлана олды. 1707 ж.король вето қуқығын пайдаланудан айырылды, сол арқылы парламентке заң шығару билігін тоғымен берді. 1716 ж.парламенттің томенгі палатасының окілеттілік мерзімі 3 тел 7 жылға дейін узартты. Осы кезде министрлер кабинетті пайда болды – бүл корольдің атқарушы билігін шектегендіктен мемлекеттік курлыста

атқарушы билігін шектегендіктен мемлекеттік қурлвста ерекше орын алатын, орган болды.

Корольдің Министрлер кабинетіне ықпалын әнсіреткен маңызды нағдай парламент пен саяси партины күшей тумен байланысты корольдің тағайындаң және шығару құқығын шектеу болды. Король парламенттің пікірмен санасуытиіс болды. 1727 ж. Георг II Р. Чолпалды қуды (уванил), 1721-1742 ж. премьер-минстрді қуды, бірақ оны билікке қайтак әкелуге мәжбүр болды.

Король билігінің әнсіреуімен парламент жағынан бақылау күшейді (министрлер кабинетіне қатысты). 17 ғ.ортасында мынадай маңызды принцип құрылды: министрлер кабинеті билікте болады. Парламент миндерлері құрамына кірген кабинетке парламент қолдау қамтамасыз етті. Осылайна, кабинет партиялық негізде құрылды Парламент копшілінің паартия лидерлері үкімет қуралына енді. Олар копшілік палатасы алдында жауапты болды, яғни «жауапты үкімет» лидерлері. Бұл 18 г.аяғындағы Англияның парламенттік жүйесінің айырықша белгісі болды. 19 ғ.басындағы Анлия Үрі ондірісті күмейтумен өнеркәсіп өсімі жоғарлайды. Қалады өнеркәсіп буржуазия және пролетариаттар табы, ауылда-лэндлролар (жериеленушілер), арендаторлар және батрактар табы қалыптасты. 19 ғ басында 2 саяси партия билік етті: торияр –помещиктер, қаржылық буржуазия, консервативтік тарихи дәстур тасушылары; вигилер - өнеркәсіптік буржуазия. Бул 2 партиялар 18 ғасыр бойы билікке кезектесін келді. 18 ғас-ң ортасына дейін парламенте вигилер басым болды. 1783 ж.торилер копшілік қалатасынаның копшілік құрап 1830 ж.дейін билік етті. Саяси жүйенің ең мәнді элементті парламент б/ы. Феодолжық окілдік-копшілік палатасы ерекше роль айнады. Сайлаудың ескі жүйесін аристократтар мен буржуазия қадады, бірақ қоғамның жаңа күштері мен тенденциясының талаптарың қанағаттандармады, бул сайлау реформасын откізу үшін күреске әкелді. Ұсақ буржуазия мен жумысшылар саяси құрлыстық демократиялануын және жалпыға отрақ сайлау құқығын енгізуді талап етті. 1830 ж.саяси күрес ишеленісе түсті, буған Франциядағы шілдедегі революция (июльская революция) анғышарт болды. 1830 ж. Парламенттік сайлау реформа жақтастарына жеңіс әкелді. 1831 ж. көпшілік палатасы «реформа тур Билль» қабылдады. Оны Грейдің вигтік парламенті енгізді. 1832 ж.лордтар палатасы оған жол беріп «реформа тур Бильді» бекітуге мәжбир болды.

1832 ж/ғы сайлау реформасы 21 жасқа толған, жылына 10 фунт стерлинг жылдық кіріс беретін қазғалмайтын мүмгі бар ер адамдарға сайлау құқығын берді. Реформа нәтижесінде сайлаушылар 652 000 ға дей нетті. Дегенмен, жумысшылар мен усақ буржуазия сайлау құқығын алған жоқ. 1832 ж.реформ/ң маңызды нәтижесі саяси партиялардың қайта құрылды болды. Торилер консерваторлер париясы деп аталып, вигилер – либералдар партиясы деп аталды. Бүтіндей мемлекеттік басқару жүйесі қайта уйымдастырылды. Осылайна, қаржы министрлігінде функционалды емес,

символикалық сипаттағы лақызымдар бектілді. Чартистік қозғалыс 1832 ж. Реформа Ұлыбритания еңбекшілерің қанағаттандырмады. Ол 1836-38 ж.экономикадағы кризис жұмысшы саяси қозғалыс – чартизмнің туындауына ықпал етті.

1836 ж.Лондонда жұмысшылар ассоциациясы құрылды, агар келесі талаптарды қойды:

1) турғылықты жерінде 6 ай молшерінде турып жатқан 21 жасқа толған ер адамдар үшін сайлау қуқығын беру.
2) парламент депутаттығына кандидаттарға мүліктік цензді алып тастау
3) тек окілдік және сайлау округтерін теңестіру
4) парламентке жыл сайынғы сайлау
5) депутаттар еңбегіне сыйақы беру (вознаграждение)
6) қупил дауыс беру.

Чартистер бул талаптарды халықтық хартия туралы петицил ретінде шығарып, 1838 ж.парламентқе усынды. Копшілік палатасы петицияны қайтарып тастады және қозғалыс қатысушыларына репрессия қолданды. 1842 ж. чартистер парламентке 2ші петицияны усынды. Оған 3 млн.300 мың адам қол қатған еді. 1848 ж.10 сәуірінде және шілдеде чартистер петицияны парламентке еңгізу үшін 2 рет умтымыс жасады, бірақ ол қайтарылып тастылып, чартистерге қарсы репрессия.

Чартизм жеңілгенген кейін Англияның жумысшы қоз ғалысы таза экономикалық бағып алды. Арнаулы білімді жумысшылардың кәсіптік одағы-тред-юниондар қурымды. Олар жумысшы-сайлаумылардың санысың осуі олардың копшілік палатасына ықпалы күшейтиді деп үшіттенді. 2 партия да, жумысшы қозғалысының кең қанат жаюын назарға ала отырып , реформа жолына түсті. 1867 ж. Б. Дизраэлидік консервативті кабинеті мына реформады жүргізді: депутаттық орындар онеркәсіптік қалалар мен графтықтар пайдасына үйлестерді. Салық толеушілете шуліктік ценз толендетілді. Жалдау ақысы қалалар үшін кедейлердің пайдасына 10 фунт стерлинг, графтықтарда: жер иеленушігер жылдық кірістің 5 фунт стрелинг ал болме жондаушылар жылдық кірістің 12 фунт стерлинг. Осылайма сайлаушылар тізімі усақ буржуазия, қаюнершілер және жұмысшылар есебінен кеңейе түсті сайлаушылар саны миллионнан асып түсті.

1877 ж. либералдар Ұлттық либералдық асоциация қурді. 19ғ 80 ші жылд/а дейін консервативтік партия либералдаға күші жағынан да, ақпалы жағынан да жол беріп отырды және 1983 ж. либералдың улгісі бойынша консерваттық ассоциацияның ұлттық одағын қурды.

Қазіргі Американың экономикасы өзінің бастауын 16-шы, 17-ші, 18-ші ғасырларда Еуропадан келіп, қоныстанушылардың экономикалық жетістіктерге ұмтылу жолдарынан алады. Осы уақыт аралығында Жаңа Әлем маргиналды-табысты отарлық экономикасынан кішкентай тәуелсіз фермерлік экономикаға өтіп, соңында жоғары деңгейдегі күрделі индустриялық экономикаға көтерілді. Эволюциялық даму барысында Құрама Штаттары экономиканың дамуына себебін тигізетін күрделі институттарды өмірге

келтірді. Сөйтіп, үкіметтің экономикаға араласуы тұрақты болғандықтан, осы қатысудың көлемі, жалпы алғанда, ұлғайды. Солтүстік Американың бірінші тұрғындары байырғы американдықтар - жергілікті халықтар болды; олар Америкаға осыдан 20 000 жыл бұрын, қазіргі Берингов бұғазы, Азиядан жер көпірі арқылы келген. (Еуропаның бірінші зерттеушілері Америка аралдарына бірінші рет келгенде Индияға жеттік деп қателесіп, жергілікті халықты «үндістер» деп атаған). Осы байырғы халықтар тайпаларға, кейде, тайпа конфедерацияларына біріккен болатын. Еуропалық жер аударушылар келгенге дейін, байырғы халықтар өз араларында сауда-саттық жасап, басқа құрлықтағы адамдармен, тіпті Оңтүстік Америкадағы халықтармен байланысқа түскен жоқ. Бұл құрылған экономикалық жүйені олардың жеріне қоныстанушы еуропалықтар бұзып жіберді.

Викингтер Американы «ашқан» бірінші еуропалықтар болды. Алайда, шамамен 1000-шы жылы болған оқиға өте кең өріс алған жоқ: бұл кезде еуроталық қоғам әлі де ауыл шаруашылығы мен жер игеруге негізделген еді. Сауда-саттық Солтүстік Американың келешектегі ашылатын жаңалықтары мен қоныстанушыларға серпін беретін күшті қамтамасыз еткен жоқ.

1492 жылы испан туының астында жүретін итальяндық жүзуші Христофор Колумб, Азияның оңтүстік-батыс жолын іздеуге сапарға шығып, «Жаңа Әлемді» ашты. Содан кейінгі 100 жыл ішінде Ағылшындық, Испандық, Португалдық, Голландық және Француздық зерттеушілер «Жаңа Әлемге» Еуропадан алтын, байлық, даңқ іздеп келді. Алайда, Солтүстік Американың жабайы әлемі, бұл алғашқы зерттеушілерге аз даңқ, одан да аз алтын ұсынды. Сондықтан, бұл жерде адамдардың көпшілігі қалмады. Солтүстік Американы шынымен мекендеген адамдар кейінірек келген. 1607 жылы ағылшын топтары, Құрама Штаттары болуы керек жерде, бірінші тұрақты мекенді құрды. Джеймстаун мекені, қазіргі Вирджиния штатының орнында болған.

**Отарлау**

Ерте қоныстанушылардың жаңа Отан іздеуге әртүрлі себептері болды. Массачусетс пилигриммдері, діни қуғыннан кеткілері келетін ақ пейілді, өзіндік тәрбиеленген ағылшындар болды. Басқа колониялар, мысалы Вирджиния, бизнес-кәсіпорын ретінде негізделген еді. Бірақ, діншілдік пен пайдакүнемдік жиі бір-бірімен қоян-қолтық араласып кетті.

Болашақ Құрама Штаттарын отарлауында Англияның ілгері басуы - хартиялық компанияларды пайдалануда еді. Хартиялық компаниялар жеке экономикалық пайда мен Англияның ұлттық мақсатын көтергілері келетін акция иелерінің (саудагерлер мен жағдайы бар жер иелерінің) үлесінен құралды. Жеке сектор компанияларды қаржылағанда, король әрбір жобаны келісім мен кепілдікпен қамтамасыз етіп, экономикалық құқық, сол сияқты саяси және заңды билікті беріп тұрды. Тұтас алғанда, колониялар пайданы тез берген жоқ, сондықтан, ағылшын инвесторлары қоныстаушылармен колониялық келісімдерін жиі бұзып отырды. Қоныс аударушыларға өздерінің өмірін, қауымын, экономикасын, жаңа ұлт нышанын құруға мүмкіндік берді.

Бірінші колониялардың гүлденуі - аң аулау мен бағалы жүн-тері сатудың нәтижесі еді. Бұдан басқа, балық аулау - Массачусетстің негізгі кәсібі еді. Алайда, барлық колонияларда адамдар негізінен кішкене фермаларда және тұрмыс жағдайлары жеткілікті жағдайда тұрды. Бірнеше шағын қалалар және Солтүстік Каролина, Оңтүстік Каролина мен Вирджинияның үлкен плантацияларында кейбір алғашқы қажеттілік заттары және байлықтың барлық заттары темекіге, күрішке және индигоға (көгілдір бояу) айырбасқа алынды. Қолдаушы салалар колониялардың өсуіне байланысты күшейді. Қоныс аударушылар балық аулау флотын салу үшін өндірістер ашты, кейіннен сауда кемелерін жасады. Сонымен бірге олар шағын үстаханалар салды. 18-ші ғасырдың басында дамудың аймақтық ерекшеліктері айқын болды: Жаңа Англияның колониялары кеме жасауға және байлық құру үшін кемелерді сатуға сенді; Мэрилендте, Вирджинияда, Каролинадағы плантациялар (көбі құл еңбегін қолданыл) темекі, күріш пен индиго өсірді; Нью-Йорк, Пенсильвания, Нью-Джерси және Делавэрдегі орта колониялар астық пен терілер жеткізіп тұрды. Құлдардың жағдайын есепке алмағанда, өмір стандарттары Англияның өзінен жоғары болды. Ағылшын инвесторлары өздерінің капиталдарын шығарыл алғаннан кейін, қоныс аударушылырдың арасындағы кәсіпкерлер үшін алаң ашылды. Солтүстік Америка колониялары 1770 жылға дейін І-ші Джеймстің (1603-1625) басқаруы кезінде Англия саясатында басымдық көрсеткен өзіндік басқару қозғалысының бөлігіне кіруге экономикалық, саяси жағынан болсын дайын еді. Англияның артық салық салуы және басқа да заттарға байланысты даулар туындады; американдықтар өздерінің өзіндік басқару талаптарын қанағаттандыратын ағылшын салықтары мен ережелерін жасауға үміттенді. Ағылшын үкіметіне қарсы өскен даулар барлық британдықтарға қарсы және коло- ниялардың тәуелсіздігі үшін соғысқа әкеп-соқтырады деп ешкім ойламаған.

17-ші және 18-ші ғасырда Англиядағы саяси абыржу сияқты, американдық төңкерісу, 1775-1783 жылдары дүниеге келген орта таптар, Джон Локктың 1690 жылы жазылған «Азаматтық үкімет туралы екінші трактат» еңбегінен алынған: «өмірге жатсынбайтын құқық, еркіндік және жеке меншік үшін» деген үзінділермен американдықтарға, саяси, экономикалық көмек көрсетті. Соғыс 1775 жылдың сәуір айындағы жағдайдан басталды. Британдық солдаттар Массачусетс штатындағы Конкорд қаласындағы колониялық армиясын басып аламыз деп үміттенді; бірақ олар колониялық сақшылармен соқтығысып, түйықсыздан атылған оқ үшін, 8 жылдық күрес басталып кетті. Англиядан саяси түрғыдан бөліну, мүмкін, көптеген қоныс аударушылардың әуелгі мақсаты болмаған шығар, дегенмен тәуелсіздікке жету және жаңа ел - Құрама Штаттардың құрылуы - осы үрдістің соңғы нәтижесі еді.

*Жаңа ұлттық экономикасы*

1787 жылы қабылданған және осы күнге дейін күші бар АҚШ конституңиясы шығармашылық данышпандықтың жұмысы еді. Конституция

экономикалық хартия ретінде, сол кездегі Мэннен Джорджияға, Атлант мұхитынан Миссисипи ал- қаптарына дейінгі созылған тұтас ұлтты біріктірілген немесе «біріккен нарық» екендігін бекітті. Штаттар арасындағы сауда- саттық кезінде ешқандай тарифтер немесе салықтар болмауы керек еді. Конституция федералдық үкіметтің шетел мемлекеттері мен штаттар арасындағы сауда-саттықты реттеуге, банкроттықтың жалпы заңдарын, ақша және оның мазмұнын реттеуге, салмақ пен өлшем стандарттарын, пошта мен жол жасау және патенттер мен интеллектуалды меншікті басқару ережелерін бекітулі қамтамасыз етті. «Инттелектуалды меншікті» маңыздылығын мойындау 20-шы ғасырдың соңында сауда-саттық келісімдерде үлкен роль атқарды. Ел негізін қалаушы әкелердің бірі және қазыналықтың бірінші хатшысы Александр Гамильтон федералдық үкіметтің импортты ақтаушы тарифтерін бекітіл, ашық жәрдем ақша беріп, өндірістің жас салаларын өсіретін экономикалық даму стратегиясын жақтады. Ол федералдық үкіметті ұлттық банк ашуға және революциялық соғыс нәтижесінде колониялардан жиналған қоғамдық ақшаларды қабылдауға шақырды. Жаңа үкімет Гамильтонның кейбір ұсыныстарын енжар қарады; алайда ол тарифтерді американың сыртқы саясатының маңызды бөлігіне айналдырды - бұл ұстаным 20-шы ғасырдың ортасына дейін өз қуатын сақтады.

Бірінші американдық фермерлер ұлттық банк кедейлердің есебінен байларға қызмет етеді деп қорыққанмен де, бірінші Құрама Штаттарының Ұлттық Банкі 1791 жылы өзінің қызметін бастауға рұқсат алды; банк 1811 жылы ісін тоқтатыл ісін мирасқор банк жалғастырды. Құрама Штаттар әртүрлі теңіздік-тасымалдаушы, өндіріс және банктық жүйе арқылы экономикалық дамуға талпынудың қажеттілігіне Гамильтон кәміл сенді. Гамильтонның саяси бәсекелес Томас Джефферсон өзінің философиясын қоғамдық тұлғаны саяси және экономикалық тираниядан қорғауға негіздеді. Ол кіші фермерлерді «ең қымбатты азаматтар» деп мақталы. 1801 жылы Джефферсон президент болып (1801-1809), орталыққа бағынбайтын аграрлық демократияны қолдады.

Оңтүстік пен батысқа қозғалыс

1793 жылы Эли Уитни шикізаттық мақтаны дәнегімен басқа қалдықтардан тазалайтын машинаны ойлап шығарғаннан кейін, алғашында аса белгілі болмаған мақта өндірісі күрт өсіп кетті. Оңтүстіктегі плантация иелері батысқа жылжып жатқан ұсақ фермердің жерлерін сатып алып отырды. Кейіннен құл еңбегімен өңделген үлкен плантациялар кейбір отбасыларға есепсіз байлық әкелді. Бірақ батысқа тек оңтүстіктегілер ғана қозғалған жоқ. Шығыстары тұтас ауылдар кейде орталық батыстық құнарлы жерлеріне көшіп мекендеп жатты. Батысты мекендеушілер өте тәуелсіз және кез-келген мемлекеттік басқаруға наразы болып көрінгенімен, шындығында олар мемлекеттен үлкен көмек алып отырды. Мемлекет көмегімен жасалған ұлттық жолдар мен каналдар, мысалы Камберландтағы ақылы жол (1818) және Эри каналы (1825) жаңа қоныстанушылардың батысқа көшуіне

көмектесіп, кейінірек батыс фермаларының өнімдерінің базарға шығуын қамтамасыз етті.

Көптеген бай және кедей американдықтар 1929 жылы президент болып сайланған Эндрю Джексонды өте оңды адам деп санады, өйткені ол шекараға жақын территориядағы ұзын үйшікте өз өмірін бастаған еді. Президент Джексон (1829-1937) Ұлттық Банктің мұрагері Гамильтонды Батыс алдында Шығыстық қалыптасып қалған мүдделерін қорғайды деп, оған қарсы шықты. Гамильтон екінші мерзімге сайланғанда, Джексон банктік келісімді жаңартуға қарсы шықты, оны Конгресс қолдады. Оның әрекеті мемлекеттің қаражат жүйесіне деген сенімді сілкіндіріп, 1834 мен 1837 жылдары бизнесте кикілжіңдер пайда болды. Мезгілдік экономикалық алға басулар 19-шы ғасырда АҚШ-тың экономикалық өсуіне кедергі келтірген жоқ. Жаңа табыстар мен капитал инвестициялары жаңа салаларды құруға және экономикалық өрлеуге алып келді. Жүк тасымалдаудың жақсартылуына байланысты жаңа нарықтар тұрақты ашылып тұрды. Пароход өзендік кеме қатынасын тез және арзанға түсірді, сондай-ақ темір жолдардың дамуы жаңа территориялардың үлкен кеңістігін игеруге зор үлес қосты. Каналдар мен жолдар сияқты, темір жолдар да өздерінің алғашқы құрылыстарын жер кепілдігі түрінде мемлекеттен үлкен көмек, ақша алып отырды. Алайда, басқа көлік формаларына қарағанда, темір жолдар көптеген жергілікті және еуроталық жеке инвестицияларды қызықтырды.

Сол апақ-сапақ күндерде, тез бай болудың реті мол еді. Қаржылық айла-әрекет бір түнде байлық жасатты; бірақ көптеген адамдар өздерінің қорларын жоғалтып алды. Сонда да, алтын мен Американың қоғамның үлкен міндеттері, жеке байлықтың шетел инвестицияларымен қисындастырылған көрінісі ұлт үшін елдің индустриализациясының негізін құрайтын темір жол жүйелерін дамытуға мүмкіндік жасады.

*Аралас экономика: нарықтың рөлі.*

Құрама Штаттарының «аралас экономикалы ел» деп аталуы ондағы үкімет пен жеке бизнестің экономикадағы маңызы бірдей болғандықтан дейді. Шынына келсек, Америка экономикасының тарихындағы пікірталастың көбі қоғамдық және жекеменшіктің салыстырмалы рөлі жөнінде. Американың еркін кәсіпкерлік жүйесі жекеменшікке көңіл бөледі. Жеке бизнес тауар мен қызметтің көп бөлігін өндіреді. Ол өнімнің үштен екісі тұтынушыларға кетсе, үштен бір бөлігін үкімет пен бизнес сатып алады. Тұтынушының маңыздылығы сонша, кейде АҚШ «тұтыну экономикасы» бар мемлекет ретінде сипатталады.

*Жекешелендіру*

Жеке меншікке деген көзқарас халықтың бостандыққа сенімі артқан сайын дамуда. Американдықтар мемлекет пайда болғаннан бері үкімет билігінің шамадан көп болуын ұнатпай, үкімет билігін, экономикалық саладағы рөлін қоса алғанда, шектеуге тырысты. Сонымен бірге, американдықтар жекеменшікпен сипатталатын экономика мемлекеттік меншігі басым экономикаға қарағанда тиімдірек жұмыс жасайтынына сенеді.

*Нарықтың жалпы экономикаға әсері*

Американдықтардың пікірінше, нарық күштері еркін болса, сұраныс пен ұсыныс тауар мен қызметтің бағасын анықтайды. Ал бағалар бизнеске не өндіру керектігін айтады: егер тауарға экономика өндірген мөлшерден көп сұраныс болса, оның бағасы артады. Мұны сезген компаниялар табыс табу мақсатымен сұранысы жоғары тауарды өндіре бастайды. Керісінше, тауарға сұраныс азайса, бағасы төмендейді, сонда өндірушілер басқа тауар өндіруге кіріседі. Бұл жүйе нарықтық экономика деп аталады. Социалистік экономика нарықтық экономикадан орталықтан түскен жоспар мен мемлекеттік меншіктің көп болуымен ерекшеленеді. Американдықтардың көбі салықтық түсімдерге иек артқан, нарықтық талаптарды ұстанбайтын социалистік экономиканың тиімсіз болатындығына сенеді.

*Шектеулер тек әділетті заңдарға тәуелді*

Дегенмен, еркін кәсіпкерліктің де шектеулері бар. Американдықтар бұрыннан бері кейбір қызметтерді жеке кәсіпорындардай гөрі қоғамдық ұйымдар атқарғаны дұрыс дейтін. Мысалы, АҚШ үкіметі заң әділеттігі, білім беру саласы (бірақ көптеген жекеменшік мектептер мен оқу орталықтары бар), жол тараптары, ұлттық қауіпсіздік, әлеуметтік істерді басқарумен айналысады. Бұған қоса, мемлекет бағалар жүйесі жұмыс істемейтін жағдайларда үкіметтің экономикаға араласуын сұрайды. Мысалы, ол табиғи монополияларды реттейді және нарық күштеріне ықпал ете алатын деңгейге жеткен бизнестің алуан түрлі комбинацияларына араласу мақсатында немесе бақылауға алу үшін арнайы заң жүйесін пайдаланады. Сондай-ақ, мемлекет нарық күштеріне бағынбайтын мәселелерді қарастырады. Үкімет экономикалық дағдарыс нәтижесінде және жеке бас проблемалары байланысты жұмыстан айырылған, өзін-өзі қамтамасыз ете алмайтын адамдарды әлеуметтік төлемдер мен жұмыссыздық бойынша төленетін жәрдем ақымен қамтамасыз етеді; қарттар мен кедейлерге көрсетілетін медициналық көмек құнының көп бөлігін төлейді; ауа мен судың ластануын болдырмас үшін өндірісті реттейді; табиғи апаттардан зардап шеккендерге төмен процентті қарыз береді; кез-келген жеке кәсіпорындарға өте қымбатқа түсетін ғарышты зерттеуде алатын орны зор.

*Аралас экономикадағы халықтың рөлі*

Аралас экономика жүйесінде халық экономиканы бағыттауда тек тұтынушы ретінде ғана емес, сондай-ақ, сол экономиканың саясатын жасайтын шенеуніктерді сайлау арқылы да әсерін тигізеді. Соңғы жылдары тұтынушыларды әкімдердің қауіпсіздігі, кейбір өнеркәсіп салалары ұсынған экологиялық шаралар, денсаулыққа төнетін потенциалды қауіп жайы алаңдатып отыр. Үкімет жауап ретінде тұтынушы мүдделерін қорғайтын және халықтың жақсы тұрмысын қамтамасыз ететін агенттіктер құрды. Сонымен бірге, АҚШ экономикасы басқа бағытта да өзгерді. Тұрғындар мен жұмыс күші фермалардан қалаларға, даладай зауыттарға, әсіресе қызмет көрсету саласына, кетті. Бүгінгі экономикада қоғамдық және жекеменшік қызмет көрсету саласында жұмыс істеушілер саны өнеркәсіптік немесе

ауылшаруашылық тауар өндірушілер санынан бірнеше есе артық. Экономиканың кешенделуіне орай санақ бойынша соңғы ғасыр бойына өзіндік қызметтен басқалардың жұмысына ұзақ мерзімге бағытталған жедел ауысу көп кездескен.

## 2. Мемлекет формасының эволюциясы.

1876 ж. Ұлыбританияды өнеркәсіптің негізгі салаларыф бойынша кірік басталуна байланысты либералдар полициясы әлсірей бастады. Германия мен АҚШтан кризистің сандарынан артта қала бастаған ағымнын буржуазиясы жұмысшылардың омір суру деугейінің томендетіп, отарымылдық саясаттың күшетуі тиіс болды, бул либерализмнің ескі қағидаларына қайшы келді. Либералдық кабинет қулап, билікке консерваторлар келді. Алайда, либералдың билік етуі кезінде сотқа өзінің окімің арқылы келу туралы заң кабылдаған. 1872 ж.қупия дауыс беру туралы заң қабылданды. 1884-85 ж.консеваторлар кезінде сайлау реформасы жургізілді: қалалардағы шеріктің ценз алынын тасталды. Сайлаушылар саны 2ге кобейді. Либералдар жүргізен реформалардың ішінде соттар реформасын атауға басады, соның нәтижесінде Англияның жағарғы соттары (высшие суды). Жоғарғы соттарға бірікті. Ол жоғарғы соттан және Аппеляциялың соттан (азаматтық істер б/ша) турді. 1911 ж/ғы парламент туралы Акт мынаны белгіледі : копшілік палатасынан отіп және лордтар палатасымен қайтарылып тасталған барлық қаржылық емес Билль корольға бекітуге өтеді; қаржылық билльдер мүндем лордтар палатасының келісінің талап етпеді; бильдің сипатың копшілік палатасының спикері анықтады; копшілік палатасының мүшелері шағымда анды.

Британдық отаршылдық империя
Британ отаршыждық империясы 17-18 ғ/да қалыптаса бастады. Испания, Голландия, Фпранциялан соғыста Англия сауда және теңіз гегемонияста қол жеткізуге тырысты. 17ғ/да Англия Канада/ң, Австрияның, Оңт. Африканың үндістанның кең территориясын жаулап олды. Ерекше жағдайда 12 ғ/да отаралған германияда болды. 1800 жылы Ирландия Ұлыбританиясының одаққа бірікті, бул ирландық автономияның қалдығын жоғалтты. Гермндықтар тәуелсіздік үшін куресті, ал оның депутаттары ағылшын парламентінде гаирул идеясын (автономия) ұсынды (отставали). 1886 ж. Ирландиядаға иектеулі өзің өзі басқаруды беру туралы заң парламентқе берілді, бірақ ол копшілік палатасынан откеді. 1893 ж. Ирландия автономисяы туралы заң лордтар палатсынан оте алмады. 1914 ж. гаирул туралы заң қабылданды, ол бойынша ирландия автономиясы әдеттегі дамнион мәртебесінен тонен болды.
Британдық колониялар 2 типке байнді: жаулап алынған және қоныс аударғандар. Жаулап алынғардар саяси қуқытарда иектелді және генерал-губернатормен басқарылды.

1867 ж. канаданы басқару жаңа негіздерде қайта қурылды, Канаданың 4 провинциясы конференцияны қурды, ол Канада дамнионы атауы алды. Бул процесс «Британдық Солтүстік Америка туралы Актіде» рәсімделді. Оңтүстық африкандық иелектерден өзін-өзі басқаруды 1854 ж. Каптың жер, 1856 – Наталь алды.

3. **Абсолюттіктен конституциялық монархияға.**

Жаңа Зеландия 1854 ж. конституция алды. Үндістанды саяси буржуазиялық партия Үндістандық улттық конгресс 1885 ж. қурылды. Бул партиның негізгі бағдармалық талабы үндістерді елді басқаруға жіберу болды. 1892 ж. «Үнділік кеңстер туралы» заң бойынша, үгндістік буржуазия окілдері кеңеске жіберілді. Заң жөнінде кеңесуші. 1906 ж.үндістірге атқарушы органдарды жумыс істеуге руқсат берді. Дегенмеген, тәуелсідікті үндістан 1947 ж.алды. касония мен метропания қатнастарын реттеу үшін 1887 ж. « колониялдық конференция-р» өткізіле бастады, 1907 ж,алар империялық атқа не болды.

## Тақырып №12
## «АҚШ мемлекеті мен құқығының дамуы»

### Жоспар

1. АҚШ-тың құрылуы.
2. АҚШ-тың буржуазиялық мемлекеттерінің қайнар көздері.

### 1. АҚШ-тың құрылуы.

Солтүстік Американың Атлант ағалауындағы бірінші ағылшын колониясы 17 ғасырдың басында құрылды. 17-18 ғ.ғ. аралығында Солтүстік Америка жағалауның ортан белінде тағы да 12 колония орналасты. Ағылшындар жергілікті тұрғын халықты жойып олардың орнына Африкадан құлдар алып келді. Оңтүстік және солтүстік колониялардың экономикалық ахуалы әртүрлі болды, оңтүстік колониялар ауыл шаруашылық плантаторлық қызметпен айналысты және оларда құл жұмсау кең орын алды. Солтүстік колониялар негізінен мануфактуралық-өнеркәсіп капиталистік қатынастары дамыған сипатта болды. 18 ғасырдың 70- жылдары колониялардың тұрғылықты халы 3,5 млн. Адамға жетті, сонымен қатар 500 мыңға жуық құлдар болды.

Колонияларды басқару түрлі нысанда жүзеге асырылды: жеке меншіктегі (Мэриленд, Пенсильвания), халық басқаратын (Коннектикут, Род-Айленд) және орталықтан тағайындалатын Англиядан губернаторлар басқаратын патша колониялары. Колониялық тұрғындар өздерін Англия патшалығының еркін азаматтары ретінде таныды және оларға метрополии құқығы: Ұлы еркіндік хартиясы, Құқық туралы билл, жалпы құқық, әділдік құқығы таралды.

Алайда колониялар метрополиидің шикізатпен қамтамасыз етуші базасы ретінде ұстау және оларды тонау саясаты халықтың ашуын тудырып, ашық түрде үкіәметке қарсы көтеріліс жасауға әкеп соқты.

1787 жылы Филадельфия қаласында 12 штаттан ( Род- Айленд штатынан басқалар) 55 делегет қатысқан Конституциялық конвент жиналды. Конституцияның жобасында даярлауда Дж.Вашингтон Д.Мэдисон,Э.Рандольф,Д.Уилсон сияқты көрнекті мемлекет қайраткерлері мен заңгерлері қатыстыф. Төрт айлық жұмыстың нәтижесінде Американың қазіргі кезге дейін жеткен Конституциясы қабылданды. Бұл актінің негізіне алынған маңызды бастамалар ретінде мемлекеттік биліктің заң шығарушы,атқарушы және сот билігі тармақтарына бөлінуін атап кетуге болады. Биліктің тармақтарға бөлінуі туралы теория ең алғаш рет Аристотелдің және Марсилия Пуадонскийдің еңбектерінде көрініс тауып, кейін 18 ғасырда француз ғалымы Ш.Монтескьемен анғұрлым терең зерттеді.

Заң шығарушы билік екі палатадан: Сенат және өкілдер палатасынан тұратын Конгресске берілді. Қос палаталармен қабылданған заң жобасы президент қол қойғаннан кейін 10 күннің ішінде заңды күшіне енетін (ол мерзім өткеннен соң заң жобасы қабылданды деп есептелінетін). Егер президент заң жобасын қайтарып жіберсе, Конгрес оны 2/3 дауысымен бекітетін, яғни жобаны қайтарыа жіберу билігі президент қолында болған. Сонымен қатар, президент үкімет және мемлекет басшысы, қарулы күштердің жоғарғы қолбасшысы болып табылған.

Сот билігі. Сот билігі АҚШ-тың жалпыфедералдық Жоғарғы сотына тиесілі болды. Аса маңызды істер бойынша халық соттары (суд присяжных) тағайындалған. Конституцияда, сонымен қатар мемлекеттік биліктің қалыптастыру тәртібі көрініс тапқан. Өкілдер палатасының депутаттары штаттар бойынша сайланатын болған (30 мың тұрғыннан бір депутат), Сенат - әр штаттың заң шығарушы жиынынан екі депуттаттан алынып құрылатын болған, Президент – екі дәрежелі сайлау жүйесі бойынша сайланатын болған ( штаттардың тұрғындары сайлаушыларды, ал олар президентті сайлаған). Жоғарғы соттың мүшелерін сенаттың келісімімен президент тағайындаған. Өкілдер палатасы екі жылға, сенат 6 жылға сайланған, сенаттың 1/3 құрамы әрбір екі жыл сайын қайта сайланып отыратын болған. Президент төрт жылға, Жоғарғы соттың судьялары өмір бойына сайланатын болған.

Конституция бойынша федеративтік құрылым енгізілді. Соның нәтижесінде, жалпыфедералдық органдар аен штаттардың органдарының өкілеттіктері шектелді. Федерацияға мынадай қатынастарды шешу құқығы берілді: соғыс және бейбітшілік, сыртқы қатынастар, ақша шығару, өлшеу жүйесі, әскерді және теңіз әскерін басқару. Федералдық құқық штат құқығына қарағанда үстемдікке ие болды.

## 2.АҚШ-тың буржуазиялық мемлекеттерінің қайнар көздері.

1791 жылы Құқық туралы билль қабылданды, ол мәні бойынша АҚШ-тың Конституциясына 10 түзету енгізді. Түзетулер саяси мәселерге қатысты демократияландыру сипатында болды. Алайда, оңтүстік штаттарда сақталған құлдық туралы қайтадан ештеме айтылмайды. Үндістердің жерлерін жаулап алудың европалық колонияларды сатып алудың нәтижесінде штаттар саны көбейе түсті. Жаңа штаттарды құру тәртібі 1787 жылы қабылданған Конституциямен реттелді. Конгресс штаттардың аумағын өзінің заң шығарушы жиынымен автономиялық деп жариялады. Штаттың басшысын – губернаторын, сенаттың клісімімен президент тағайындалды.

1.Конгресс белгілі бір дінді орнатуға немесе оған кедергі келтіруге арналған немесе сөз еркіндігін, баспа еркіндігін шеттетін заң шығарылмайды. Енді халық бейбіт түрде жиналып өкіметке өтінішпен бара алады.

2. Егер мемлекеттің қауіпсіздігі үшін милиция керек болса, онда халықтың қару табуы шектелмейді.

3. Бейбіт кезде ешбір жауынгер кез келген уйдің иесінің келісімінсіз ол үйге кіре алмайды. Ал соғыс кезінде заңда бекітілген жолмен ғана кіре алады.

4. Халықтың жеке меншігін ,үйін, құжатын мүлкін себепсіз тексеруден, тұтқынға алуға қорғануға құқығы бар. Текскру, тұтқынға алу ордері тек себептер және антпен дәлелденген болуы керек. Және онда тексеруге жататын жер немесе тұтқынға алынатын адам нақты көрсетілуі керек.

5. Ешкім үлкен жюриден шығатын адамды қылмыс істегені үшін жауапқа тартылмайды, егер ол құрғақ және теңіз күштерінде, милицияда немес соғыс кезінде болмаса. Ешкім жасаған қылмысы үшін екі рет жауапқа тартылмайды. Қылмысы болмаған жағдайда ешкім зорлап мойындатқыза алмайды.

6. Әрбір қылмыстық тергеуге айыпкер жедел сот сұрауға болады. Айыпкер қылмыс жасаған жерде сол қылмысты көрген куәгермен бетпе-бет кездесуге құқығы бар. Айыпкер адвокатпен қамтамасыз етілуі керек.

7. Егер жасаған қылмыс жиырма доллардан асса, онда ол істі сот қарауға тиіс. Бір қылмыс екі рет АҚШ сотымен қаралмайды.

8. Үлкен мерзімді жаза қолданылмайды және ауыр жаза да қолданылмауы керек.

9. Конституцияда айтылатын заңдар басқа заңдарды кемітіп немесе жоққа шығаратындай болып жазылмауы керек.

10. АҚШ-пен берілген өкілдік халық пен штаттардың қолында қалады.

Германия. Жаңа Конституцияға сәйкес империяның құрамына 22 монархия мен бірнеше еркін қалалар енді. Империяның билеушісі болып пруссиялық патша табылды, бұл Германиядағы жағдайға сай болып келді, себебі, империя аумағының жартысынан астамы және халықтың 60 пайызы Прусияның үлесінде еді. Патша мемлекеттің басшысы және бас қолбасшысы болып табылды, ол үкімет басшысын – импер канцлерін тағайындайтын.

Парламенттің жоғарғы палатасы Одақтық кеңес деп аталды. Төменгі палата алғашқыда 3 жылға, ал 1887 жылдан бастап 5 жылға сайланатын. Рейхстагтың іс жүзіндегі билігі бундесраттың өкілеттіктерінен аздау болатын. Рейхстагтың үкіметке бақылау жасауға талпыныстарын бірнеше рет бундесрат басып тастаған болатын.

1871 жылғы Конституцияның 20 бабы ерлердің жалпы сайлау құқығын енгізуді көздеді, алайда, құпия дауыс берудің орнына империяның империяның қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ашық дауыс беру енгізілді.

Төменгі палатаны мерзімінен бұрын тарату бундесраттың қаулысымен жүзеге аса бертін, мұндай жағдай жиі орын алатын.

Жалпы алғанда өзінің әлеуметтік-саяси мазмұны бойынша 1871 жылғы конституция феодалдық юнкерлік жер иеленушілік пен жылдам дамушы пруссиялық-германдық капиталдың арасындағы үйлесімділіктің көрінісі болып табылады.

Франция. Мемлекеттің конституцисын құраған үш заң қабылданды. Мемлекеттік билікті ұйымдастыру туралы конституциялық заң Сенатты ұйымдастыру туралы  заң және мемлекеттік биліктердің өзара қатынасы туралы заң.

Президент Сенат пен депутаттар палатасының көпшілік дауысымен 7 жыл мерзімге сайланатын, оған атқарушы биліктің толық ауқымы берілді. Заң шығару билігін Сенат пен депуттар палатасы жүзеге асырды.

Жалпы алғанда басқарудың республикалық режимі жарияланды, алайда бұл режимде монархияның кейбір элементтері сақталып қалды. Бұны Францияның саяси өміріндегі республикалық және монархиялық ағымдардың өзара күресімен түсіндіруге болады.

Англия. Парламент екі палаталы болды: жоғарғы палата ( лордтар палатасы), өз орнын мұрагерлік бойынша, немесе лауазымы бойынша, немесе патшаның тағайындауы бойынша иеленген тұлғалардан құралады; төменгі палата (қауымдар палатасы), сайлау құқығының негізінде құрылды. 1710 жылы арнайы заң қабылданды, оған сәйкес, жылжымайтын мүліктен селолық жерлерде 500 фунт стерлинг, қалалық жерлерде 300 фунт стерлинг табыс табыс табатын тұлғалар ғана парламентке сайлана алатын. 1707 жылы патшаның вето құқығы тоқтатылды, сөйтіп заң шығару билігі толығымен парламентке тиесілі болды. 1716 жылы парламенттің төменгі палатасының өкілеттіктерінің ме,рзімін 3 жылдан 7 жылға ұзартқан заң қабылданды. Осы кезде министрлер кабинеті- мемлекеттік құрылымда ерекше орынды иеленген орган құрылды, себебі бұл орган патшаның атқарушылық билігін шектейтін болды.

## Тақырып №13
## «Францияның мемлекеті мен құқығының дамуы»

### Жоспар

1. **Францияның имперализмге өтуі.**
2. **Француз имперализмінің өзгешеліктері.**

### 1. Францияның имперализмге өтуі.

Франция аумағын адамдар ең ежелгі заманнан бастап мекендеген. Палеолит пен мезолиттің ғылымға белгілі негізгі мәдениеттерінің бірқатары Франциядағы жер атауларына байланысты (шелль, ашель, мустье, ориньяк, солютрей, мадлен, азиль, тарденуаз). Оңтүстік Франциядағы палеолит кезеңіне тән үңгірлер (Фон-де-Гом, Ласко, Монтеспан, т.б.) жартастарға салынған суреттерімен көпке танымал. Ерте палеолит дәуірінде Франция аумағында кампиния мәдениеті тайпалары өмір сүрген (б.з.б. 6 — 4 мыңжылдықтар). Сена, Уаза, Марна өзендерінің алаптарынан алғашқы егіншілік құрал-саймандары (б.з.б. 3-мыңжылдық) табылды. Б.з.б. 6 — 5 ғасырларлардан бастап б.з. 1-мыңжылдықтың соңына дейін Франция аумағына кельт тайпалары қоныстанды. Римдіктер оларды галлдар деп атады, сондықтан бүкіл ел Галлия атанды. Оңтүстік-батыста негізінен иберлер тұрды, б.з.б. 6 ғасырдан бастап Жерорта теңізі жағалауларына гректер өз иеліктерінің негізін қалады. Олардың ішінде негізгісі — Массалия (қазіргіМарсель) болды. Б.з.б. 2 ғасырдың соңы — 1 ғасырдың ортасында Галлияны римдіктер жаулап алды. Галлдар Рим империясына қарсы ерлікпен шайқасты. Дегенмен, күш тең емес еді. Рим үстемдігі елдің көп бөлігінде өндірістің дамыған құл иеленушілік әдісінің орнығуына себеп болды, көптеген қалалар салынды (Лион, Ним, Бордо, т.б.). 2 — 4 ғасырларда Францияда христиан діні таралды. Романдану процесінің нәтижесінде кельт тілдерін латын тілі ығыстырып шығарды. 3 ғасырда басталған Рим империясындағы саяси дағдарысқа байланысты Галлияда тауарлы өндірістің көлемі қысқарып, Италиямен экон. байланыстар әлсіреді. 4 — 5 ғасырларда герман тайпаларының баса-көктеп кіруі ел аумағындағы Рим үстемдігін түпкілікті жойды. Жаңадан бургундтардың (406), вестготтардың (418) мемлекеттері құрылды. 486 ж. франктер Галлиядағы соңғы рим иелігін басып алды (қ. Франк мемлекеті, Карл). 10 ғасырдан бастап ел Франция деп атала бастады. 987 ж. франк тағын Капеттер әулеті иеленді. Біртұтас корольдік іс жүзінде бір-біріне тәуелсіз көптеген иеліктерге бөлініп кетті. 10 ғасырда бір-біріне туыстас екі ірі халық — Луара өзінінің солтүстігіне қарай солтүстік француз және оңтүстікте, Бретань түбегіне бретань халқы қалыптасты. Алғашында король иелігі (домен) Францияның солтүстік бөлігіндегі Париж бен Орлеанның айналасында ғана болды. 11 — 12 ғасырларда крест

жорықтарына байланысты оңтүстіктегі қалалардың (Бордо, Тулуза, Ним, Марсель, т.б.) гүлденуі басталды. Егіс көлемі артып, дәнді дақылдардың сорттары мен мал тұқымы жақсарды. Қолөнер (әсіресе, шұға тоқу) жоғары дамыды. Солтүстік Франциядағы қалалардың дамуы мен жеке аймақтар арасындағы экономикалық байланыстардың кеңеюі елдің бұл бөлігіндегі саяси бытыраңқылықты жоюға маңызды алғышарттар жасады. 13 ғасырдың бас кезінде Англия корольдігі Солтүстік Францияның көпшілік бөлігінде билік құрды. 13 ғасырдың 2-жартысында елдің орталықтануы күшейіп, Париж оның саяси және экон. орталығынана айнала бастады. 14 ғасырдың бас кезінде король иелігі елдің көпшілік бөлігін алып жатты. 1302 ж. үш сословие өкілдерінен құрылған — Бас Штаттар шақырылды. Ол ортталық өкімет билігінің күшеюіне қызмет етті. Бірақ Жүз жылдық соғыс Францияның дамуын тежеді. Соғыс қимылдары, тонау, салықтардың өсуі халықтың азаюына, өндіріс пен сауданың құлдырауына алып келді. 15 ғасырдың 2-жартысынан бастап Франция экономикасы біртіндеп қалпына келе бастады. Король билігі нығайып, елге жаңадан Бургундия, Пикардия, Ниверне герцогтіктері қосылды. 15 ғасырдың соңында Прованс пен Бретань бағындырылды. 16 — 17 ғасырларда Франция Батыс Еуропадағы үстемдік үшін Габсбургтер әулетімен (“Қасиетті Рим империясы” және Испаниямен) соғыстар жүргізді. Ұзаққа созылған сәтсіз соғыстар, елдің материалдық ресурстарының елеулі сарқылуы, салықтардың өсуі мен экономиканың кері кетуінің нәтижесінде терең қоғамдық-саяси дағдарыс қалыптасты. Халықтың әр түрлі топтарының әлеуметтік наразылығының идеологияның негізі сол кездегі кең тараған кальвин ілімі болды (бұл ілімді жақтаушыларды гугеноттар деп атады). Ел католиктер мен гугеноттар болып екіге жіктелді. Олардың абсолютизммен және өзара күресі ұзаққа созылған азамат соғысына (“Діни соғыстарға”) ұласты. Оның шарықтау шегі — 1572 ж. 24 тамызда Парижде гугеноттарды жаппай қырғынға ұшырату болды (“Варфоломей түні”). Билікке келген Бурбондар әулеті діни соғыстарды тоқтатып, католик дінін Франциядағы ресми дін ретінде бекітті, ал гугеноттарға дін ұстану еркіндігі берілді. Людовик XIV кезінде Францияны іс жүзінде бірінші министр кардинал А.Ж.П. Ришелье биледі (1634 — 48). Ол король билігін елеулі нығайтып, елдің орталықтануын күшейтті. Отыз жылдық соғыстың нәтижесінде Франция өзіне Эльзасты қосып алып, Еуропадағы ең қуатты монархияға айналды. 1701 — 1714 ж. испан тағы үшін болған соғыста Англия, Австрия мен олардың одақтастары Францияның Еуропадағы үстемдігіне тосқауыл қоюға тырысты. Жеті жылдық соғыста (1756 — 63) Франция Үндістан мен Канададағы отарларының көпшілігінен айрылып, Ұлыбританияға беруге мәжбүр болды. 1789 ж. басталған Француз революциясы нәтижесінде монархия мен феод. тәртіптер жойылып, Бірінші республика жарияланды. 1792 ж. революциялық соғыстар басталды. Ол Наполеон Бонопарттың билікке келуімен және Еуропаны түгел қамтыған соғыстың нәтижесінде Францияның жеңілуімен аяқталды. Елде король билігі қалпына келтірілді. 1848 ж. ақпан революциясының нәтижесінде Екінші

республика орнады. Либералдар мен социалистердің арасындағы жанжалды пайдаланған Луи Наполеон 1852 ж. Екінші империяны жариялап, таққа отырды. 1870 — 1871 ж. Франция — Пруссия соғысының нәтижесінде Франция Эльзас пен Лотарингиядан айрылып, Екінші империя жойылды. 19 ғасырдың соңында отаршылдық империяның құрылуы негізінен аяқталды. 1914 — 18 ж. бірінші дүниежүзілік соғысқа Франция Антантаның құрамында қатысты. 1919 ж. Версаль бітім шарты бойынша Францияға Эльзас пен Лотарингия қайтарылды. 1920 — 30 ж. елде экономикалық дағдарыстар жиі-жиі болып тұрды. Нәтижесінде жұмысшы қозғалысы күшейіп, фашистік ұйымдар құрылды. 1936 ж. Халықтық майдан құрылып, фашистік ұйымдарға тыйым салынды, еңбекшілердің жағдайын жақсарту жөніндегі шаралар (40 сағаттық жұмыс аптасын, ақысы төленетін демалыс енгізу, т.б.) жүзеге асырылды. 1938 ж. Халықтық майдан ыдырады. Екінші дүниежүзілік соғыс Франция үшін сәтсіз басталды. 1940 ж. Францияны Германия оккупациялады. Министрлер кабинетінің жаңа төрағасы маршал Анри Петен Германиямен бітімге қол қойып, елді екі аймаққа бөлуге келісті. Оның біреуі — немістер басып алған Солт. және Оңтүстік-батыс Франция аумағы болса, екіншісі Францияның қалған бөлігі мен теңіздің ар жағындағы аумақтар енген, астанасы Виши қала болған автономды француз мемлекеті атанған аймақ болды. Маршал Петен осы француз мемлекетінің президенті болып тағайындалды. 1944 ж. Францияны одақтастар әскері азат етті. Алжирдегі Француз Ұлттық азат ету комитеті өзін Француз Республикасының Уақытша үкіметі деп жариялады. 1946 ж. Төртінші республиканың конституциясы қабылданды. 1949 ж. Фрацния НАТО-ның құрамына кірсе де, 1966 ж. оның әскери құрылымынан шықты. Соғыстан кейін Ф-ның отарлық жүйесі ыдырай бастады. 1954 ж. сегіз жылдық соғыстан кейін Ф. Үндіқытайды тастап шықты. 1954 ж. 1 қарашада Алжирде ұлт-азаттық көтеріліс басталды. 1956 ж. наурызда Франция Марокко мен Тунистің тәуелсіздігін мойындауға мәжбүр болды. 1956 ж. қарашада Франция Египетке қарсы ағылшын-француз-израиль агрессиясына белсене қатысты. Осындай қиын жағдайда 1957 ж. Батыс Еуропадағы бірнеше мемлекет “Ортақ рынок” құру жөнінде шарт жасасты. Дегенмен, Алжирдегі сәтсіздіктер, Суэц арандатушылығының күйреуі, әскери шығындардың көбеюі Төртінші республиканың дағдарысына әкеп соқты. Армия мен елде реакциялық күштер бас көтерді. 1958 ж. мамырда олар Алжирде республикаға қарсы бүлік бастады. Алжирдегі француз армиясының басшылығы да бүлікшілерге қосылып, генерал Шарль де Голль бастаған “Ұлттық құтқару” үкіметін құруды талап етті. 1 маусымда Ұлттық жиналыс Голльдің төтенше өкілеттілік жөніндегі заң жобаларын мақұлдады. 1958 ж. Бесінші республиканың конституциясы атқарушы билік құқықтарын кеңейтті. Президент Ұлттық жиналысты тарату мүмкіндігіне ие болып, референдум өткізуге, заң жобаларын ұсыну, төтенше жағдайларда бүкіл өкімет билігін өз қолына алуға құқылы болды. 1958 ж. 21 желтоқсандағы сайлаудың нәтижесінде Голль президент болып сайланды. 1958 — 60 ж. Африкадағы француз отарлары — Гвинея, Судан, Сенегал,

Мадагаскар, Дагомея, Нигер, Жоғарғы Вольта, Піл Сүйегі жағалауы, Чад, Орталық Африка Республикасы, Конго, Габон, Мавритания, Того мен Камерун тәуелсіздікке ие болды. 1962 ж. ұзаққа созылған соғыстан кейін Алжир толық тәуелсіздікке қол жеткізді. 1960 — 90 ж. Франция экономикасы дамыған, демократ. қоғамы толық қалыптасқан әлемдегі жетекші елдердің біріне айналды. 1981 ж. ел президенті болып бірінші рет социалист Франсуа Миттеран сайланды. 1995 жылдан ел президенті Жак Ширак болды.

**Өнеркәсібі**

Екінші дүниежүзілік соғыстан соң Франция үкіметі соғыста күйзелген экономикасын қалпына келтірумен қатар,өндірістің мүлдем жаңа салаларын дамыта бастады .1950 жылдан бері өнеркәсіп өндірісі 4 есеге жуық өсіп,өнеркәсіпте жұмыс істейтіндердің саны соңғы 20 жылда 1,5 млн адамға қысқарды. Мұның өзі еңбек өнімділігінің артуы мен өнеркәсіп жүйесінің құрылымдық өзгерістері нәтижесінде мүмкін болды .Қазіргі кезде ел өнеркәсіп өндірісінің көлемі жөнінен дүние жүзінде бесінші орын алады. Өнеркәсіп елдегі ұлттық жиынтық өнімінің 25,4%-ын береді.Елдің экономикалық қуаттылығын символы болып келген дәстүрлі өнеркәсіп салалары соңғы онжылдықтарда өзінің жетекші рөлінен айырылып, жаңа салаларға жол беруде.Лотарингия темір кені алабының қорын пайдаланатын қара металлургия өнеркәсібі 20 ғасырдың 70-жылдарынан бастап дағдарысқа ұшырады.Оған Еуропа мен дүние жүзі нарығында неғұрлым қуатты бәсекелестердің Бразилия, Шығыс Еуропа елдері ,Корея және т.б. пайда болуы әсер етті.Еуропалық Одақ шеңберінде өнеркәсіптің осы саласын дамытуға бағытталған шаралар нәтижесінде өндірісті неғұрлым тиімді ұйымдастырып, қайта жабдықтауға мүмкіндік туды. Орталық аудандардағы тиімсіз кәсіпорындар жабылып, негізгі металлургиялық кешендер солтүстіктегі Дюнкерк маңы мен Лотарингиядағы Мозель өзені аңғарындағы шоғырланған.Қазіргі кезде жылына 19 млн т болат өндіріледі.Алюминий өндірісінде де аумақтық өзгерістер болды бұрын олар,негізінен, Альпы мен Пиреней аудандарындағы су электр станциялары маңында орналасса ,қазіргі кезде шеттен әкелінетін шикізатты қабылдап алатын портты қалаларға көшірілген .Құрамына тоқыма, бояулар жасау, кілем тоқу,еден төсеніштерін шығару өндірісі енетін Францияның мата өнеркәсібі дүние жүзіндегі жетекші орнын жоғалтқан жоқ.Бұл салада әсіресе жүн маталарын шығарудан дүние жүзінде бірінші орын алатын «Шаржер – текстиль», мақта маталарын шығаруға маманданған DMC компаниялары көзге түседі .Қазіргі кезде сырттан әкелінетін жүн мен мақтадан басқа, бұл кәсіпорындарда жасанды талшықтар да кеңінен пайдаланылады.Негізгі орталықтары – Мюлуз,Труа, Лион және Париж маңы. Машина жасау өнеркәсібінде көлік қатынасындағы машиналар мен электр техникасын жасау салалары күшті дамыған.Дүниежүзілік автомобиль өндірісінің дамуында елдің айрықша орны бар.1898 жылы ағайынды Рено негізін салған фирма алғашқы автомобилін жасап шығаратын болатын, арада 15 жыл өткен соң бұл шағын кәсіпорын алуан түрлі машина шығаратын аса ірі концернге айналды.Қазіргі

кезде бұл концерн мемлекеттік болып саналады.Мұнда жүк автомобильдері, автобустар, ауыл шаруашылығы машиналары, сондай – ақ кемелер мен ұшақтардың қозғалтқыштары жасалады . Францияда жылына 3,5-4 млн автомобиль жасалса , соның 9/10 бөлігі жеңіл көлік болып табылады . Қазіргі кезде жеңіл автомобильдер , негізінен , Рено кәсіпорны мен жеке меншік Пежо – Ситроен концернде жасалады .Француз компаниялары дүние жүзінің 30 елінде автомобиль тетіктерін жинайтын зауыттар ашқан .Елде жасалған автомобильдердің 60 ы шетке шығарылады.Көбінесе француз жеңіл көліктерін Португалия, Испания , Бразилия және Оңтүстік – Шығыс Азия елдері сатып алады .

Францияның мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері:

1. Кезең – феодалдық ыдырау кезеңі (IX-XII ғғ)
2. Кезең – сословиелідегі өкілдік монархия кезеңі(XIV-XV ғғ)
3. Кезең – шексіз монархия кезеңі (XVI-XVII ғғ)

Француз мемлекетң Каролингтер империясы құрылған соң пайда болды. Негізгі антагоникалық топтар болып феодалдар мен феодалдық-тәуелді шаруалар табылды. Өзінің таптық мәні бойынша мемлекет феодалдар диктатурасы болып табылады.

Қоғамдық құрылым. Өндірістің негізгі құралы жер үстемдік құрушы топтың монополиялық меншігіне айналады. Шаруалардың тұрақты пайдалануына, ал кейбір жағдайларда иелігінде қожайын жерінің аздаған учаскелерінің-порцел-лолар ғана болады.

Феодалдық – тәуелді шаруалардың негізгі тобы болып серволар (өз қожайынына жеке және мұрагерлік тәуелділікте болған, сол үшін бірқатар міндеттерді атқарған және салықтар мен төлемдер төленген) мен виллондар (жеке бас бостандығы бар,өз парцеллосын басқа тұлғаға сата алған, сеньорлық міндеттерден босатылған) табылған.

Мемлекеттік құрылым.Мемлекеттің басында патша тұрған, оның билігі сайланбалы болған (патшаны оның вассалдары мен шіркеудің жоғарғы иерархтары сайланған).Мемлекеттегі жағдайға әсер ететін жалғыз жалпы мемлекеттік орган ретінде патша куриясы (Ұлы кеңес) қызмет еткен, ол патшаны вассалдары мен шіркеудің жоғарғы иерархтарынан құралған.Ұлы кеңес съезд нысанында жұмыс істеген , ол патшаны төрағалық етуімен жиналып отырған.

Сот. Әрбір еркін адамның «теңдік соты» арқылы соттасуға құқығы болатын, нақты бір адамның соттылығы оның қоғамдағы әлеуметтік жағдайына қарай анықталатын. Жоғарғы сот болып Патша куриясы табылатын. Жергілікті жерде сенвориалдық юстиция үстемдік құрған, ал жоғарғы рангілі сенворлар үлкен сот билігін – «жоғарғы юстицияны» иеленген, бұл оның жазасы  жазалатын қылмыстарды тергеуді білдіретін.

Ә) Сословиелік – өкілдік монархия кезеңі.

Қоғамдық құрылым. Шаруалардың арасында серварлардың (жеке тәуелді шаруалардың) орнына цензитариялар-жеке бостандығы бар шаруалар мен цензивалар-мұрагерлік жер үлесін ұстаушылар келді. Негізгі үш сословияның

қалыптасуы аяқталды, олар: дін қызметкерлері, ақсүйектер және «үшінші сословия», бұл сословиеге халықтың қалған барлық бөлігі кірді және олар салықтар төлеп, әртүрлі міндеттерді атқарды.

Мемлекеттік құрылым. Саяси ыдыраушылық жойыла бастады. Мемлекет сословиелік-өкілдік монархия санының иеленді: қатысты түрде қуатты патша билігі сословиенің өкілділігі –жоғарғы кеңесуші кеңеспен-Бас шарттармен үйлеседі. Барлық үш сословие – Бас шарттарда жеке палаталар ретінде орнығады. Барлық сұрақтар палаталарда жеке-жеке қарастырылатын болды, шешім дауыстардың көпшілігімен қабылданып, шешімді бекіту барлық палалатардың бірлескен жиналысында жүзеге асты.

Мемлекеттік басқару органдарына мыналар жатты: мемлекеттік кеңес-басқарудың жекелеген салалрына жалпы жетекшілік пен бақылауды жүзеге асырды, есеп палатасы-қаржылық басқарудың жоғарғы органы және Парламент-жоғарғы сот.

Жергілікті басқару. Патша доменінің аумағы бірдей әкімшілік бірліктерге-бальяждарға бөлінді, олардың басында патша тағайындайтын шенеуніктер-бальялар тұрды. Бальяждар превотаждарға бөлінді, ал олар переворлар басқарды. Переворлардың қолында округтағы әскери, әкімшілік, қаржы және сот билігі үйлескен болатын. Қалаларда қалалық өзін-өзі басқару органдары-коммундар болған.

Сот. Жоғарғы аппеляциялық сот болып Парламент табылған, ол бірнеше палаталардан тұрған: үлкен (сот), тергеу палатасы және сұраныстар палатасы.

**2. Француз империализмінің өзгешеліктері.**

Бұл кезеңдегі тарихтың негізгі сипаты болып феодолизмнің қойнауында капиталистік өндірістік қатынастардың туындауы табылады. Осыдан барып, негізгі қанаушы тап-феодалдардан басқа, қанаушылардың жаңа табы – буржуазия пайда болды, ол қалалық патрицаттан – бай саудагерлерден құралды.

Мемлекеттік құрылым. Шексіз монархия заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерінің қызметін мұрагер басшысы - патшаның қолына шығарумен сипатталды. Бұл Бас шарттардың қызметінің тоқтатылуына алып келді,Парламенттің құқықтары бірден шектелді, шіркеу толығымен патшаға бағынады.

Жергілікті басқару.Патшалықтың аумағы генералитетке, губернаторлықтарға, диоцииздерге, бальяждарға және интенданттықтарға бөлінді, олар қаржылық, әскери, шіркеулік, сот және әкімшілік мекемелердің аумақтық бөлімшелеріне сәйкес келеді. Жергілікті жердегі басқаруды интенданттар-патшалық үкіметінің аса өкілетті тұлғалары жүзеге асырды.

Сот. Қарастырылып отырған кезеңде бір мезетте бірнеше сот жүйелері қызмет етті: патшалық, сеньориалдық, қалалық және шіркеулік соттар, алайда олардың құдіреті нақты ажыратылмайтын.

Құқықтың негізгі сипаттары.

Феодализм таратылғанға дейін Франция біртұтас құқықтық жүйені білмеген. Құқықтың аумақтық әрекет ету қағидасы орын алған болатын, яғни, халық өзі өмір сүретін аумақта қалыптасқан құқықтың нормаларына бағынатын.

Қылмыстық құқықта қылмыстардың барлық жиынтығын үш санатқа бөлуге болады:

1. Дінге қарсы қылмыыстар;
2. Мемлекетке қарсы қылмыстар;
3. Жеке тұлғаларға қатысты қылмыстар;

Жазалар келесі топтарға жинақталады:

1. Ауыр жазалар;
2. Мүшелерге зақым келтіруші жазалар;
3. Түрмеде қамау және мерзімдік айдау жұмыстары;
4. Ар ұятқа нұқсан келтіруші жазалар және айыппұл.

Қылмыстық процесс екі кезеңге бөлінді:

Біріншісі, қылмыскерлерді құпия түрде іздеу және хаттамамен рәсімделетін оны анықтауға байланысты қажетті тергеу жұмыстарын жүргізу;

Екіншісі,жариялы және ашық сот өндірісі.

Француз колониалдық империясы.

Көлемі бойынша 2ші колониалдық империя салыстырмалы қысқа мерзімде пайда болды : 1880-1918 ж. Оған: Батыс Африка - Сенегал, Гвинел, Судан, Мавритания, Нигер; Экваторлық африка – Конго, Чад, Габон, Жоғарғы Вольта; Солт. Африка – Тунис, Алжир, Марокко; Аралдар – Таити, Мадагаскар, Маркиздік, Гвиана; Солт. Америка – Канадалық Квебек; Индо-Қытай – Вьетнам, Камбоджа, Лаос кірді. Француздық колониялардың негізгі массасы 4 генерал-губернаторлыққа бөлінді: Француздық Бат. Африка, Француздық Экваториялық Африка; Мадагаскар, Индо-Қытай. Индо-Қытайды басқаруға қолайлы болу үшін : Кохинхин (оң. Вьетнам), Аннам (ор. Вьетнам), Камбоджа, Лаосқа бөлінді. Камбоджа мен Аннамада номиналды басқаруға жергілікті династиялар жіберілді. Алжирда территория 3 департаментке бөлінді. Азаматтық басқару префекттерде болды, әскери-дивизионды генералдарда болды. Тунисте жергілікті монархты, Мароккода – султанды сақтады, бірақ олардың билігі номиналды болды.

## Тақырып №14
## «Германияның мемлекеті мен құқығының дамуы»

### Жоспар

1. **Германияның біріктілуі және XIX-XX ғасырларда германия мемлекеттілігінің дамуының негізгі кезеңдері.**
2. **Герман отарлаушы империя және отарлаушы басқару жүйесі.**
3. **Германияның территориалды-саяси қайта құрылымы.**

### 1. Германияның біріктілуі және XIX-XX ғасырларда германия мемлекеттілігінің дамуының негізгі кезеңдері.

«Герман ұлтының қасиетті римдік империясы» 1804 ж. Н. Бонапартпен қиратылды. Наполенонның шабуылынан кейін 1814 ж. Париж трактымен Герман адағы құрылды. 34 мемлекетің ішінде – корольдік, княждік, герцогтік және біраз еркін қалалар. Барлық бул мемлекеттер император мен императорлық сеймнің қол астына қарайды деп есептелді, бірақ, тәжірибеде тасық тәуелсіздікті иеленеді.

Германдық одақтың басқарушы органы – одақтың сейім барлық германдық окілеттік мемлекеттерден турды. Одакқа кітел мемлекеттердің әр қайсыны егемендегі болды және әр түрлі басқарылды: бір мемлекеттерде самодержавия қанды, басқарларында земдік собраниялар құрылды. Барлық шемде әлеум/к құрамы бірдей б/ы. Дворяндық князға және императорға тәуелді бағды. Қалалық турғындар окілді қалалық мекелелерді, бюргерлерді және қаюнершілерді басқарушы патрициондық отбасыларынан турды. Крестьяндардың көп бойгі крепостнойлар болды. Пруссия мен Австрия барлық герман мемлекеттерінің ішіндегі ең консервативті б/ы. Консерватизмнің идеологиялық базасы бул кезде құқықтың тарихи мектебі болды (Гуго, Савиньи, Пухт), ал құқық кодификациясына да, жалпы либералдық заң шығаруға да қарсы болды.

Германиядағы жалпы саяси жағдай үшін наполеондың соғыстар ізсіз откен жоқ: Наполеон Кодексінің ықпалы реформалардан корінді. Осылай 1808-1810 реформа Пруссиядағы мем/к басқаруды реттеді. Ескі баскарусыз «коллегиялардың» орнын 5 министрлік онды (әскері істер, шетелдік, қаржылық, ішкі, юстиция). Қала/да муниципалдық кеңестер қурылды. Крепостнайлық құқық доғарылды, бірақ шаруы жерді палещиктің пайдасына бергенген кейін ғана босталды.

### 2. Герман отарлаушы империя және отарлаушы басқару жүйесі.

Германиядағы революцияға 1814 ж/ғы Француз революциясы түрткі болды. 1848 ж.наурызында Берлинде әскери бас көтеру болды. Уақытты ұты үшін корольдер мен князьдер франкфурт-на-майна да бүкіл германдың Құрылтай жиналысты шақыруға келісім берді. Ол жинаныс федералдық Конституцияны дайындады. Демократиялық конституцияның жобасы әрекет етпеді, ал 1849 ж маусымында делегаттарды үкімет Вюртемберге қуды. 1850 ж дайындалғын конституция феодалықтың консттіліктеріне жауап берді. 2 палаталық заң шығарушы роган құрылды. Томенгі палаты таңдаумы болды, жоғарғы палата король жарлығымен тағайындалды. Парламенттің заң шығару билін корольдің абсолютті вето құқығымен параледді болды. Үкімет министрлері ландатқа тәуелді болмады, яғни сенімсіздік вотумы ағарта қауіп төндірмеді.

Пруссия канцлері Отто Бисмарк әскерте бюджеттің 51 млн талерінен 22 сін жумасады. Алайды Пруссия 1886 ж. Австриямен хоғыста жеңгелмен кейін, оған кешірім берілді. Соғыс нәтижесінде Пруссияға бірқатар солтүстік-германдық мемлекеттер қосылды, олардың ішінде Ганновера, Гессен-Кастелл, Ниссаң, Франкфурт – на – Майне бар. Шлезвиг және Гальштейн 1864 ж. Даниямен соғыстан кейін Пруссияға берілді. 1866 ж. Германдық одақ орнына солтүстік-герман одағы құрылда. 1867 ж. жаңа мемлекет жаңа конституция қабылдады. Оған сәйкес Одақты басқару Прусс корайне (прензидентке), қанцлерге, 2 палатаға берілді. Төленгі палата жалпыға бірдей сайлау құқығы негізінде сайланды. Адаққка ониүстік – герман мемлекеттері кірмеді: Бавария, Саксония, Вюртемберг. Олардың күштеп біртігуне Франция кедері болды, оған мықты, бірлікті Герман мемлекетінің қурылуы пайданы б/мады. 1870 ж. Пруссия Францияны соғысқа.

Франция қиратылды, ол Пруссия оңт-герман мемлекеттерін озіне қосып алды. Осылайна, Европоның орталығында жаңа мем-т Герман империясы п.б. Жаңа конституцияға сәйкес, империя қурамына 22 монархия және бірнеше еркін қалалар енді. Империя басшысы пруссстік король болды. Империя территориясының жартысынаң астам басігі Пруссия үлесіне кірді және турғындардың 60%-ті. Король мем-т басшысы болды және қарулы критердің басты басқарушысы болды, ол үкімет басшысы – иперия канцлерің тағайылдады.

Парламенттің жоғарғы палатасы Одықтық кеңес (бундесрат) д.аталды. Төменгі палата (рейхстаг) 3 жылға сайланды. Рейхстагтың фактілік билін бундесрат окілеттілігінен айтарлықтай кем болды. Рейхстагтың үкімет үстінен бақылау жасауға тырысушылығына бундесрат жол бермеді. 1871 ж. Конституцияның 20 бабы ер адамдардың сайлау құқығын елгізуді декрет арқылы белгіледі, бірақ қупия сайлау орнына ашық дауыс беру енгізілді.

Жалпы 1871 ж. Конституция өзінің әлеуметтік саяси мазмұны бойынша феодалдық жериелеушілер мен жедел дамып келе жатқан прусс-германдық

капитал арасындағы компромисс көрінісі болды.

### 3. **Германияның территориалды-саяси қайта құрылымы.**

Германия Федеративтік Республикасы – Орталық Еуропада орналасқан мемлекет. Оның жер аумағы 356,96 мың км2. Халқы 81,7 млн. Астанасы 1991 жылдан Берлин қаласы. Халқының 94%-ы немістер (1998). Ресми тілі – неміс тілі. Халқының көпшілігі христиан дінінің протестант және католик тармағын ұстанады. Германия 16 аймақтан (жерден) құралған федеративті республика. Әр аймақтың өз конституциясы, парламенті және үкіметі бар. Президент мемлекет басшысы. Елдегі атқарушы билікті федеральдік канцлер жүргізеді. Жоғарғы заң шығарушы органы – қос палаталы (бундестаг және бундесрат) парламент. Ақшасы – неміс маркасы. Ұлттық мерекесі – Герман бірлігі күні (3 қазан, 1990 ж., Германия Демократиялық Республикасының Германия Федеративтік Республикасына қосылған күні). Федеральдік Конституциясы 1949 ж. қабылданған. Ірі қалалары Бонн , Гамбург, Мюнхен, Кельн, т.б.

Германияның солтүстігін Орта Еуропа жазығы алып жатыр. Оңтүстігінде Шығыс Альпі тау жоталары орналасқан. Өзендерінің көпшілігі (Рейн, Везер, Эльба) Солтүстік теңізге, оңтүстігіндегі өзендер Дунайға құяды. Батысы мен солтүстік-батысының климаты қоңыржай теңіздік, ал оңтүстік-шығысының климаты қоңыржай-континенттік болып келеді. Қаңтардағы орташа температура 0ӘС, ал шілде айында 16 – 17ӘС, оңтүстігінде 20 – 22ӘС. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 500 – 600 мм, тау бөктерлерінде 1000 – 2000 мм.

Германия жеріне адам баласы палеолит дәуірінде-ақ қоныстана бастаған. Біздің заманымыздан бұрынғы 1 ғасырда Рейннің батыс жағалауы Рим империясының қол астына қарады. 4 ғасырдың аяғында германдықтардың алғашқы тайпалық одақтары пайда болды. Олар шығыстан келген ғұн тайпаларымен қосылып, 5 ғасырда Батыс Рим империясын талқандады. 6 – 8 ғасырларда герман тайпалары франктердің қол астына қарады. 843 жылы Франк империясы ыдыраған кезде Шығыс Франк корольдігіне бағынды. Осы мемлекеттің негізінде герман тайпалары қайтадан біріктіріліп, Германияның тұңғыш королі Генрих I-нің басшылығымен 919 ж. Герман корольдығы құрылды. 962 ж. герман королі Оттон I Римді жаулап алып, Рим папасы тағына отырды. Осы кезден бастап герман корольдері өздерін «Қасиетті Рим империясы» тағының мұрагерлері деп жариялады. 1032 – 34 ж. империя құрамына Бургундия корольдігі қосып алынды. 14 ғасырда жеке-жеке князьдік өкілдерінен тұратын заң шығарушы орган – рейхстаг жұмыс істей бастады. Ал князьдіктердегі осындай өкілетті орган лантаг деп аталды. 1517 – 1648 жылдардағы діни реформалар, 1524 – 25 жылдардағы шаруалар соғысы, отыз жылдық соғыс (1618 – 48), т.б. оқиғалардан кейін де герман князьдіктері орталық билікке тұтас бағына

қоймады. Француз императоры Наполеон І Австрия мен Пруссияны талқандағаннан кейін (1806) «Қасиетті Рим империясы» жойылып, герман князьдіктерінің бытыраңқылығы әрі қарай жалғасты. Франция талқандалғаннан кейін 1815 ж. Вена конгресінің шешімімен Австрияның басқаруындағы Герман одағы құрылды. Бірақ Пруссия әскери-экономикалық жағынан тез дамып, 1866 ж. Австрияға күйрете соққы берді де, өзіне тікелей бағынышты Солтүстік Герман одағын құрды. «Темір канцлер» Отто фонБисмарктың басшылығымен (1862 – 90) Пруссия 1870 ж. Францияға қарсы соғыс ашып, елдің бірігуін аяқтады. 1871 ж. Пруссия королі Вильгельм І кайзер (император) болып жарияланды. Көп ұзамай Германия Англияны басып озып, Еуропадағы ең дамыған мемлекетке айналды әрі жедел түрде Африкадан отарлар жаулап ала бастады. Негізгі бәсекелестерін әлсіретіп, дүние жүзіне үстемдік орнату үшін ол 1879 және 1881 ж. Австрия – Венгриямен, Италиямен келісімге келіп, «Үштік одақ» құрды. Бұған қарсы 1891 – 93 ж. Франция – Ресей одағы, 1904 – 07 ж. Антанта одағы құрылды. Бұл әскери одақтар арасындағы қайшылық 1-дүниежүзілік соғысқа әкелді. Ресейдегі революцияның әсерімен 1918 ж. кайзер үкіметі құлады да, 1919 ж. 28 маусым күні Версаль бейбіт келісімі жасалынды. Германияда құрылған Веймар республикасы ұзақ өмір сүре алмады. 1933 ж. 30 қаңтарда Гитлер канцлер болып тағайындалғаннан кейін Германияда фашистік диктатура орнады. 1939 ж. 1 қыркүйекте Германия әскерлерінің Польшаға басып кіруімен 2-дүниежүзілік соғыс басталды. Дүние жүзі елдері Гитлерге қарсы одақ құрды. Осы одақтың, ең алдымен, КСРО әскерлерінің жанқиярлық күш-жігер жұмсауының нәтижесінде Германия 1945 ж. 8 мамырда Тізе бүгу туралы актіге қол қойды. Кейін одақтастар оны 4 аймаққа бөлді. 1949 ж. 20 қыркүйекте АҚШ, Ұлыбритания, Франция әскерлері тұрған аймақтар біріктіріліп, Германия Федеративтік Республикасы (ГФР, астанасы – Бонн), 1949 ж. 7 қазанда Кеңес әскерлері тұрған аймақта Германия Демократиялық Республикасы (ГДР, астанасы – Берлин) құрылды. Екі герман мемлекеті бір-біріне қарсы екі әскери-саяси одақтарға қосылды. АҚШ-тың көмегімен ГФР экономикасы тез дамып, халықтың әл-ауқаты жақсарды. 1990 ж. 3 қазан күні Берлин қабырғасы құлатылып, екі герман мемлекеті қайтадан бірікті.

Германия аса жоғары дамыған индустриялы-аграрлы ел. Экономикасының негізгі салалары: қоңыр көмір (дүние жүзінде 1-орын) мен тас көмір шығару, қара және түсті металлургия, химия, электртехникасы мен радиоэлектроника, машина жасау, кеме жасау, станок шығару, құрылыс материалдары, жеңіл және тамақ өнеркәсіптері. Бұған қоса фарфор өнімдері мен музыкалық аспаптар, баспа машиналары мен оған қажетті өнімдер шығару да жақсы жолға қойылған. Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі өте жоғары. Ол екі үлкен салаға: мал шаруашылығы (сиыр, шошқа, т.б.) мен егін шаруашылығына (астық өнімдері, қант қызылшасы, картоп) бөлінеді. Шарап шығару мен балық аулау жақсы дамыған. Басты теңіз порттары: Гамбург, Бремен, Бремерхафен, Вильгельмсхафен, Росток-Варнемюнде. Туризм жақсы дамыған. Ел экспортқа машина, құрал-саймандар, химия өнімдерін, жеңіл

өнеркәсіп өнімдерін шығарады. Негізгі сауда серіктестері: Европалық Одақ елдері, АҚШ, Жапония, ТМД елдері.

Германия Қазақстанның егемендігін 1991 ж. 31 желтоқсан күні таныды және 1992 ж. 11 ақпаннан бастап дипломатиялық қарым-қатынастар орнатты. Тарихи отанына қайтуға рұқсат етілгеннен кейін 700 мыңнан аса қазақстандық немістер Германияға қоныс аударды.

## Тақырып №15
## «Қытайдың және Жапонияның мемлекеті мен құқығының дамуы»

**Жоспар**

1. **Жаңа дәуірдегі және қазіргі замандағы кезеңіндегі Қытай.**
2. **Жаңа дәуірдегі және қазіргі замандағы кезеңіндегі Жапония.**
3. **Қытайдың және Жапонияның қайнар көзд**ері.

### 1. Жаңа дәуірдегі және қазіргі замандағы кезеңіндегі Қытай.

XVIII ғасырдың соңында - XIX ғ. басында Қытай Цин династиясының басшылығында құлдырау кезеңін бастан кешіріп жатты. Осы кезеңде Англия және Франция сияқты мемлекеттердің Қытайды өзінің жартылай колониясына айналдыруға ұмтылысы өрши түсті. Осының нәтижесінде, 1850 жылғы маусымда Тайпиндік көтеріліс ретінде танылған шаруалар соғысы басталды. 1853 жылғы наурыз айында көтірліске шыққандар Тайпин мемлекетінің астанасы болған Нанкин қаласын басып алды.

Тайпин мемлекетінің басшылары «Аспан династиясының жер жүйесі» атты мемлекет пен қоғамның реформасы бойынша бағдарламалық құжатты жариялады. Елде теңдестірілген жер иелену жарияланды. Тяньванның (аспан князі)басшылығымен басшылар әртүрлі мәселелерге қатысты бюрократиялық аппараттары бар ван атағына ие болды. Село әкімшілігін уездік басқарманың басшылығымен уездік бастықтар басқарды, одан жоғары үкіметпен тағайындалатын округ бастықтары басқаратын округ басқармалары болды.

1864 жылғы шілдеде Нанкинді Цин әскері құлатты.

Тайпин көтерілісін басудағы қиындықтар, Англия және Франциямен соғыстың нәтижелері Цин империясының үстемдік құрушы таптарын реформа (ең алдымен, әскери) жасауға итермеледі. «Теңіздің ар жағындағы істерді меңгерудің» ғалымдары пайда болды. 1862 жылы реформалардың негізін салушы ғалымдардың бірі императорға мемлекетті күшейтуге қатысты саясатты ұстануға меморандум ұсынды. Осыдан соң зауыттардың арсеналдардың құрылысы басталды, шетелдік капиталдың ағымы күшейе түсті. Алайда, «мемлекетті күшейту саясаты» Қытайды 1894-1895 жылдардағы жапон-қытай соғысындағы жеңілістен құтқара алмады. Шетелдік державалар Қытайға қатысты әсер ету салаларын күшейте түсті (1897 ж Гонконг Ұлыбританияға 100 жылға жалға берілді). Осының барлығы халық арасында кең көніл толмаушылыққа және реформаға деген жаңа қозғалыстарға әкеліп соқты. Қозғалыс өз көзқарастарын Ұжымдық меморандумда көрсетіп өтті, мұнда мемлекетті басқару жүйесін өзгерту, әскерді қайта құру, конституциялық монархияны орната отырып, парламентті құру ұсынылды.

Бұл құжат үшінші талпыныстан соң ғана алдыңғы қатарлы күштерді басқарған жас император Гуансюйдің қолына тиді. Реформатолар мемлекеттік басқаруға тартылды: «реформалық жүз күнде» өнеркәсіптік дамуды күшейтуге, университеттер ашуға және т.б. бағытталған бірқатар прогрессивтік жарлықтар қабылданды. Алайда, реформатарларға билікті сақтап қалу үшін саяси күштер жетіспеді. 1893 жылғы күзде император Цыси (Қытайды 1861 жылдан бастап басқарған) төңкеріс жасады, Гуансюйді билігінен айырып, оның атынан жарлықтар шығарды, бұл жарлықтар бойынша ол регентша болып, мемлекетті басқару құқығын иеленді. Консервативтік құрылым сақталып қалды, елде басылып-жаншылып отырған бірқатар көтерілістер бас көтерді.

1905 жылы Сунь Ятсен «Қытайдың жандану одағын» ішінара қайта құрды. Сол кезде ол өзінің «Үш халықтық қағида» атты бағдарламасын ұсынды. Ол бағдарламаның мақсаты Цин империясын жою, демократиялық реформа жүргізізіп, демократиялық халықтық үкімет құру болған.

1905-1908 ж.ж. ел ішінде қайтаданкөтерілістер басталды. Цин үкіметі 1906 жылы конституцияны даярлауға кірісті, бірақ ол император билігінің сақталуын көздеді.

Жағдай куннен-күнге шиелене берді, ақырында, 1911 жылы қазанда Уган қаласындағы қарулы көтеріліс революциялық күштердің жеңуімен аяталды. Синьхай революциясы басталды (Синь Хай-ескіқытай күнтізбесі бойынша 1911 жылы). 1911 жылғы қазан айының соңында көптеген провинцияларда Цинь патшалығының билігі жойылды.

1911 жылғы желтоқсанда Нанкин қаласында Уақытша үкімет құрылды, мемлекет басшысы болып Юань Ши Кай тағайындалды.

1902-1904 жылдары Қытайдың бір қатар провинцияларында шаруалар мен қолөнершілердің жаппай көтеріліске шығуы орын алды. Басында Сунь Ятсен тұрған Қытайды қайта өрлеу одағының басшылығымен револиюциялық ұйымдар құрылды. 1905 жылы револиюциялық топтар Қытайдың револиюциялық біріккен одағына ( Чжунго Гэмин Тунмэнхуэй) бірікті, оның президенті болып Сунь Ятсен сайланды. 1911 жылғы 10 қазанда Учан қаласында солдаттар көтеріліске шықты, Синьхай революциясы басталды.

1911 жылы Сунь Ятсен Қытайдың президенті болып сайланды. Монархия контрреволиюциялық күштермен келісудің нәтижесінде жойылды. Президент болып контрреволиюцияның таңдаған өкілі Юань Шикай сайланды.

1912 жылғы 10 наурызда Ұлттық жиналыс (заң шығарушы орган) Қытайды президент басқаратын республика ретінде жарияланған уақытша конституцияны қабылдады. Заң шығарушы билікті парламент жүзеге асырды, оның құрамында екі палата болды: сенат пен өкілдер палатасы. Парламентке сайлау екі сатылы сипатты иеленді. 21 жасқа толған, мүліктік ценз бен тұрақтылық цензне тұлғалар ғана сайлаушылар болып табылды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Қытайда күшейген ұлттық буржуазия мен қытай нарығындағы шетелдік монополистердің арасындағы қайшылықтар өрши түсті. Халықтың белсенділігі ұлт-азаттық бағытқа бет бұрды. 1919 жылғы 4 мамырда Пекинде студенттердің демонстранциясы өтті. 1919 жылғы мауысымда студенттік толқулар 4 мамырдағы қозғалыс атты револиюциялық қозғалысқа ұласты, оған жұмысшылар мен ұлттық буржуазия қосылды. 1921 жылы Қытайдың Коммунистік партиясы құрылды. 1924 жылы коммунистер Гоминьданға қосылды. Халықтың белсенділігінің артуы Гоминьданың оң қанатының контрреволиюциялық бағытты ұстануына түрткі болды.

1927 жылғы тамызда екінші азамматтық соғыс басталды. Осы кезде Қытайдың солтүстік-шығысына жапон әскерлері енді. Жапондықтарға төтеп бере алмаған Гоминьдон Шығыс Қытайдың жартысынан айрылды.

1932 жылғы сәуірде револиюциялық үкімет Жапонияға соғыс жариялады және Гоминьданға азаматтық соғысты тоқтатып, Жапониямен бірлесіп соғысуды ұсынды. Алайда, Гомиьдан соғысты тоқтатудан бас тартты, сөйтіп соғыс тек 1937 жылы аяқталды.

1944 жылғы қарашада Чан Кайши коммунистерді әскери-саяси басшылықтан қуу арқылы үкіметке тазалау жүргізді, сөйтіп жаңа азаматтық соғыстың басталуына негіз болды.

1945 жылғы күзде Кеңес Әскрі Маньчжуриядағы Жапондық Квантун әскерін жеңдң. Осыны пайдаланып Қытайдың Коммунистік партиясы 8 және 4 револиюциялық әскерін жіберді. 1945 жылдың соңында Қытайдың Коммунистік партиясы 150 миллион халқы бар Солтүстік Қытайға билік жүргізіп отырды.

1949 жылғы 21 қыркүекте Халықтық саяси кеңесушілік конференциясының бірінші сессиясы ашылды, оның жұмысына барлық демократиялық партиялар мен қозғалыстардың делегаттары қатысты.

1953-1954 жылдары ел тарихындағы халықтық өкілдер жиналысының алғашқы жалпы сайлаулар өтті.

1958 жылғы мамырда коммунистік партия социализмді уақытынан бұрын құру бағытын ұстанды, бұл Үлкен адым деген атқа ие болды және өмірдің барлық салаларына тарады.

1982 жылы экономикадағы реформаларды бекіткен конституция қабылданды. Бұл реформалар Ден Сяо-Пиннің басшылығымен 1978 жылы басталған болатын.Осылай мемлекетің саяси құрылымын өзгертусіз экономиканы басқарудың нарықтық әдістері үшін үлкен бостандықтар туындады.

Реформалардың нәтижесінде ҚХР дамыған мемлекетке айналды. Жақында (1998 жылдың аяғында ) ҚХР-да реформалардың 20 жылдығы тойланды.

## 2. Жаңа дәуірдегі және қазіргі замандағы кезеңіндегі Жапония. Мэйдзи революциясы.

XIX ғ. ортасында Жапония феодалдық құрылымның ыдырауның салдарынан болған елдің дамуына кедергі болып отырған құлдырау жағдаында болды. XiX ғ.бірінші жартысында ең алғашқы капиталистік мануфактура пайда болды. Алайда, феодалдыққатынастардың қалдықтары мен ішкі нарықтың тар болуы (шаруалар – халықтың негізгі бөлігі - өнеркәсіп өнімдерін алмады) жаңадан қалыптасып келе жатқан өндірістің дамуына кедергі жасады.

Сыртқы саяси жағдай да күгделене түсті. 1853 жылы американдық эскадра адмирал Перридің басшылығымен жапония жағалауларына келіп, АҚШ бір жақты түрде сауда шартын бекітуді талап етті. 1858 ж. аталынған шарт бекітілді, ол мөлшерден тыс (5-тен 35 пайызға дейін) баждар қоя алмайтын және де Жапонияда жүрген американдықтардың аумақтық тиістілік қағидасы (олардың жергілікті соттарға бағынбауы) танылды. Осыдан соң Англиямен, Франциямен, Голландиямен тең емес шарттар бекітілді. Сегунның үкіметі аталған шарттардың барлығына өз келісімін берді.

Бөтен елдердің ашық түрдегі шабуылына жапон қоғамының барлық топтары – шаруалар, жұмысшылар, жас буржуазия, самурайлар өз қарсылықтарын білдірді. Феодалдыққа қарсы күрес ұлт-азаттық қозғалыспен ұштасты, бұл қозғалысты император Муцухитоның жақтаушылары (шынайы билік Токугава руынан шыққан сегунның қолында болды) басқарды. Сегун әскердің бас қолбасшысы болып табылды, алайда, императордың жақтастары және княздық-самурайлық топ сегунатты құлатуды және императорды қайта билік басына әкелуді, оның атынан реформалар жүргізуді мақсат етіп қойды.

1867 жылғы қазаң айында императорлық топтың басшылары сегун Кэйкадан жоғарғы билікті императорға беруді талап етті. 1868 жылғы қаңтарда сегунның әскері княздық-самурайлық әскермен шайқаста жеңілді. Императордың билігі қалпына келтірілді. Мэйдзи революциясы жүзеге асырылды. Ел дамудың буржуазиялық жолына бет бұрды. 1868 жылы цех бойынша бөлініп жұмыс істеу жойылып, халықтың барлығына еркін кәсіп таңдау және сауда жасау мүмкіндігі берілді. Мемлекет бойынша бірыңғай заңдар еңгіліп, сословиелік артықшылықтар жойылды. 1871 жылы жерді еркін сату-сатып алуға рұқсат етілді. 1872 жылы жерге меншік құқығы бекітіліп, бірыңғай жер салығы енгізілді.

Сол жылы Германияның үлгісі бойынша жалпы әскери міндеттілік енгізілді, самурайлардың әскери қызметке деген артықшылықты құқықтары жойылды. Әскер германдық үлгі бойынша, ал флот ағылшындық үлгі бойынша құрылды.

Ел губернияларға бөлінді, оларды тағайындалатын губернаторлар басқарды. Құқыққа қайшы халықаралық шарттар күшін жойды. Саяси

партиялар құрыла бастады. 1881 жылы либералдық партия, бір жыл өткен соң конституциялық реформалар партиясы құрылды.

Реформалар кешенінің аяталуы болып 1889 жылы конституцияны қабылдау табылды. Үлгі ретінде Пруссияның конституциясы алынды, бұл конституция феодалдық басқару мен қалыптасып келе жатқан буржуазияның арасындағы келісу-шіліктімейлінше толық көрсеткен құжат болып табылды.

Императордың тұлғасы қасиетті және қол сұғылмайтын ретінде жарияланды, ол министр-президентті (атқарушы биліктің басшысы) және оның ұсынысы бойынша министрлер кабинетін тағайындайтын.

Парламент екі палатадан тұрды: пэрлер палатасы және депутаттар палатасы. Пэрлер палатасына титулдарға ие аксүйектер (мұнын алдында еуропалық титулдар енгізілген болатын: князь, виконт, маркиз, барон, граф) және император тегінің мүшелері сайланатын. Депутаттар палатасы сайлауда жеңген тұлғалардан тұрды.

1890 жылғы заңмен сайлауға қатысу 25 жасқа толған, әскери міндеттілігі жоқ, кем дегенде 15 иен тікелей салық төлейтін және белгілі бір жерде 1,5 жыл тұрғылықты өмір сүрген жапон азаматтарына берілді. Екі палата мен Үкіметке де заңшығару ынтасын білдіру құқығыберілді. Заң жобаларың палаталар жекелеген отырыстарда талқылайтын және көпшілік дауыспен қабылданатын.

1890 жылы мемлекет үшін біртектес соттарды құруға бағытталған заң қабылданды. Округтарда бірінші инстанция бойынша округтық соттар жұмыс жасайтын болды. Округтар губерниялардың құрамына енді, келесі сатыда губерниялық соттар тұрды, одан жоғары жеті апелляциялық сот пен жоғарғы империялық сот жұмыс жасады.

Сонымен бір мезетте прокуратураның мәртебесі бекітілді. Оған мынадай өкілеттіктер берілді: алдын-ала тергеу, мемлекеттік айыптау және соттарды қадағалау. Адвокатураға да сотта қоғаушы орган ретінде мәртебе берілді. 1890 жылы қылмыстық іс жүргізу кодіксінің жаңа басылымы шықты (бірінші басылымы 1880 жылы шыққан болатын). Императордың жанында Құпия кеңес пен императордың сегунмен соғысындағы оны жақтаушы ақсүйектерден тұрған генро жұмыс жасады. Бұл органдардың құрамында әскери ақсүйектердің орны ерекше болды, олар Жапонияны біртідеп милитаризациялауғакүш салды. Бұл мақсаттарда бюджеттен әскерді қаруландыруға және дамытуға көптеген қаржы бөлінді. Оңтүстік – шығыс Азия үшін қуатты әскері және флотаның болуы Жапонияның сыртқы саясатының сипатын анықтады. 1872 жылы Жапония Ликей аралдарын басып алды. 1894-1895 жылдары ол Қытайға басып кіріп, Пескадор аралдары мен Тайвань аралын жаулап алды. 1904 жылы Ресей үшін сәтсіз болған орыс-жапон соғысының нәтижесінде Жапония Оңтүстік Сахалинді өзіне бағындырды. 1910 жылы Кореяны басып алды.

Бірінші дүниежүзілік соғыста Жапония өзінің колонияларды жаулап алып кеңейтті. Ірі концерндердің ( Мицуи, Мицубиси және т.б)

позицияларының күшеюі өнеркәсіптің соның ішінде әскери өнеркәсіптің де дамуы негізінде жүзеге асырылды. Бұл концерндер дзайбацу деп аталды.

Сонымен қатар селода әлеуметтік шиеленістің өсуіне жағдай жасайтын феодалдық қатынастар да сақталынды.20-30 жылдардың басындағы тоқырау әлеуметтік-экономикалық және саяси қайшылықтарды өршіте түсті. Кәсіподақтардың орнына отанға қызмет ету қоғамдары құрылды. Аса милитаризацияланған әскри полициялық режим орнады. Халықты идеологиялық және ұйымдастырылған түрде соғысқа дайындады.

1941 жылғы желтоқсанда Қытаймен соғысып жатқан Жапония американдық әскери-теңіздік база Перл-Харборға шабуыл жасап, АҚШ-пен, содан кейін антигитлерлік коалицияның басқа да мемлекеттермен соғыс бастады.

Жапония соғыстан жеңіліс тапты. 1945 жылы Жапонияға американдық әскерлер келді, елде генерал Д.Макартур басшылық еткен әскери әкімшіліктің оккупациялық режимі орнықты. Әскер мен флот қайта құрылып, әскери қылмыскерлер Халықаралық трибуналдың сотына таратылды. Мемлекеттік аппаратта тазалаулар жүргізіліп, милитаристік органдар мен қоғамдар таратылды.

1946 жылы жаңа сайлау заңының негізінде парламентке сайлау жүргізілді, бұл заңға сәйкес, әйелдер де сайлау құқығые иеленіп, жасқа қойылған ценз 5 жылға қысқарды. Конститутция дамыған елдердің конституцияларында көзделген көптеген либералдық-демократиялық бостандықтарды ескерді. Соған қарамастан монархия ұлттың рәмізі ретінде сақталып қалды. 1947 жылы конституция өз күшіне енді.

### 3.Қытайдың және Жапонияның қайнар көздері.

Мэйдзи төңкерісі болып өткеннен кейін Жапония өзінің құқық жүйесін жаңарта бастады. Үлгі ретінде Франция мемлекеттінің құқығы алынды. Реформа қылмыстық кодекстің жазуынан басталған еді. 1880 жылы Қылмыстық кодекс жәнеи қылмыстық іс жүргізу кодекстері туралы заңдар қабылданды. Оларға 1810 жылы Францияда Наполеонның басқару кезінде қабылданған қылмыстық кодекстің баптары көбі енгізілген. Қылмыстық заңдарда буржуазиялық негізгі принциптердің көбі заңда жазылмаған қылмыс емес, қылмыстық заңның кері күші жоқ деген енгізіледі. Қылмыстар Францияның триадасы бойынша былай бөлінді: қылмыстар, теріс қылмыстар және заң бұзушылық. Қылмыстық кодекс 430 баптан тұратын, төрт кітапқа бөлінді. Жазалар негізгі және қосымша жазалар болып жіктелген, кодексте олардың 19 түрі көрсетілген. Заңдылық жағынан қарағанда бұл кодекстің маңызы өте жоғары, мәтіні жақсы жазылған, ескі жапон қылмыстық нормалардың ықпалы болғанымен, адамды қинайтын жазалар жойылған.

Қылмыстық іс жүргізу туралы заңда Францияның қылмыстық-процессуалдық кодексін үлгі ретінде қолданды. Қылмыстық істерді мемлекет

қана қозғайды, қинаудың барлық түрлеріне тиым салынды, сот прокуратурадан бөлінген, баспасөз өкілдері процеске ашық қатыса алатын болды, процесте қорғаушылар қатысады, заңның алдында жұрттың бәрі тең.

1898 жылы Жапонияда Азаматтық кодекс қабылданды. Бұл заңға Францияның, Германияның және Жапонияның ежелгі әдет-ғұрыптары әсерін тигізгені белгілі.Неке және мұрагерлік салаларда патриархалдық әдет-ғұрыптардың көбі сақталды. Отбасының басшысы (әкесі) шектелмеген құқықтарға ие болды, ол тұратын жерді, отбасның мүлігін, отбасының мүшелерінің тағдырын жеке шеше алатын.

1890 жылы Сауда кодексі қабылданды. Соғыстан кейін Жапонияның әлеуметтік заңдары да көп өзгеріске түскен еді. 8 сағаттық жұмыс укақыты, демалыс, еңбек қорғау мәселелері жақсы жолға қойылған. Оқу жүйесі де өзгерді. Енді оқу процесіне көп көңіл бөлетін болды. Жапонияның құқық жүйесінің қалыптасуы да қызық. Германияның Конституциясы, мемлекеттік құрылысы, азаматтық құқығы, Францияның континенталдық жүйесінің ішкі құрылысы, қылмыстық нормалар Жапониянының құқығына әсерін тигізді. Бірақ сонда да, Жапонияның құқығы бұрыннан келе жатқан ұлттық әдет-ғұрыптарын, тәрбиесін, бір сөзбен айтқанда ежелгі жапон құқығының нормаларын сақтай алды. Ағылшын – саксондық және континенталдық жүйесінің айырмашылығына қарамай, ол кейбір ағылшын құқықтық жүйесінің, мысалы, кабинет жүйесін және басқа да прогрессивтік тұстарын қолданды. Дін жағынан да Жапония айрықша жағдайдағы ел, онда екі дін қатар қолданылып, арасында қайшылықтың пайда болуына шек қойылған.

## Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 ж., (02.02.11ж өзгертулер мен толықтырулар енгізілді).
2. С.Ж.Жеңіс, Д.С. Жақашев және т.б. Шет елдердің мемлекет және құқық тарихы. Алматы: ҚР ІІМ Ак., 2009.
3. Сәбит Жеңісұлы. Саяси құқықтық ілім тарихы: Оқу құралы. Алматы, 2007.
4. Сәбит Жеңісұлы. Ежелгі һәм ортағасырлық мемлекет пен құқық: әдістемелік оқу құралы. Алматы, 2007.
5. Сәбит Жеңісұлы. Құқық тарихы: Оқу құралы. Алматы, 2007.
6. Ү.Шапақ Мемлекет және құқық жалпы тарихы. Астана, 2005.
7. А.Құсайынова, Б.Айтжан Рим құқығы. Алматы: Жеті жарғы, 2006.
8. А.Қ.Мұқтарова Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы: Оқулық. – А.: ҚазМЗА, 2005. – 700 бет.
9. Ш.А.Әмірбеков Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы: оқу әдістемелік құрал. А: Өркениет, 2000. 148 бет.
10. Д.А.Булгакова, А.Ж.Истаев Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы (оқу-әдістемелік құрал). – Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 228 бет.
11. С.Р.Ермұхаметова, Е.Ю.Коваленко Рим жеке құқығы: оқу құралы (қазақ, орыс тілдерінде). – Алматы: Заң әдебиеті, 2007. – 162 бет.
12. Хрестоматия по Всеобщей истории государства и права. Т.1,2./ сост.: Е.Г.Ли, В.В.Нездемковский, М.Е.Сагинаев. Учебное пособие. А.: КазГЮА, 2001.
13. Р.Дж.Винсент Адам құқықтары және халықаралық қатынастар. – Алматы: Жеті жарғы, 1998.
14. И.А.Горшенева Полиция в механизме современногодемократического государства: Учебное пособие. – М: Юнити, 2004.
15. Д.А.Булгакова, А.Ж.Истаев Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы (оқу-әдістемелік құрал). – Алматы: Заң әдебиеті, 2004.
16. Всеобщая история государства и права. Ред: К.И.Батыр. М.: Былина, 2006. – 416 бет.
17. В.Г.Графский Всеобщая история права и государства: учебник для вузов. – М.: Норма, 2007. – 744 бет.
18. Г.С.Ильясова және т.б. Дүние жүзі елдері. 1-бөлім. Саяси тарих: Хрестоматия. – Петропавл, 2007. (53-55 беттерде – Хаммурапи Заңы).
19. История государства и права зарубежных стран / Под ред. П.Н. Галанзы и Б.С. Громакова. М., 1980.
20. История государства и права зарубежных стран. Часть-1. Учебник для вузов. Под ред. проф. Крашенинниковой Н.А. и проф. Жидкова О.А. – М.: Норма, 2008.
21. История государства и права зарубежных стран. Часть-2. Учебник для вузов. Под ред. проф. Крашенинниковой Н.А. и проф. О.А.Жидкова – М.: Норма, 2008.
22. А.Қ.Мұқтарова Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы: Оқулық. – А.: ҚазМЗА, 2005.

23. О.А. Омельченко Всеобщая история государства и права: Учебник в 2 т. Издание третье, исправленное. Т.1 – М.: ТОН – Остожъе, 2008.
24. О.А. Омельченко Всеобщая история государства и права: Учебник в 2 т. Изданье третье, исправленное. Т.2 – М.: ТОН – Остожъе, 2008.
25. К.Г.Федоров, Лисневский Э.В. История государства и права зарубеж-ных стран: Учебное пособие. Часть 1. – Ростов на-Дону, 1994.
26. К.Г.Федоров, Лисневский Э.В. История государства и права зарубеж-ных стран: Учебное пособие. Часть 2. – Ростов на-Дону, 1994.
27. З.М.Черниловский Всеобщая история государства и права – М.: “Юристь”, 1996
28. Н.А.Крашенинникова Индусское право: История и современность. М., 1982.
29. Н.А. Хачатурян Сословная монархия во Франции (XII-XYвв.) М., 1984.
30. М.Ансель Очерки сравнительного права. М., 1981.
31. Китай в новое и новейшее время. М., 1981.
32. В.Кнапп Крупные системы права в современном мире: Сравнительное правоведение. М., 1980.
33. В.Н. Моргачев Формы и методы территориального управления в США и Канаде. М., 1987.
34. А.А.Мишин, Власихин В.А. Конституция США: политико-правовой комментарий. М., 1985.
35. А.А.Мишин Принцип разделения властей в конституционном механизме США. М., 1984.
36. Рождение Французской буржуазной политико-правовой системы. // Отв. ред. А.И. Королев. Л., 1990.
37. И.А.Цветов Проблемы пересмотра Конституции в политической Жизни Японии. // Ежегодник. 1984. М., 1985.